This resulted in the following changes of a political map of the Central Asian region. Turkestan, Khoresm and Bukhara disappeared, Uzbek and Turkmen republics were created as well as Tadzhik ASSR as a part of the Uzbek Soviet Socialist Republic, the Kara-Kirghiz autonomous region as a part of RSFSR, the Karakalpak autonomous region as a part of Kirghiz (Kazakh ASSR), the Kazakh regions of Turkestan were a part Kirghiz (Kazakh) ASSR [8].

Having analysed the process of the national-territorial delimitation in the Central Asian region,

made by Turkestan ASSR liquidation, its legal implications should be studied in details.

Thus we understand the «legal implications» concept as influence of the said process on the state-legal development of the new national formations appeared in the region. An ambiguous character of implications of the national-territorial delimitation seemed to be evident.

Actually results of this process were idealised in the Soviet historiography. Thereupon the statement that «the national-state delimitation of the territories, resided by Uzbeks, Kazakhs, Tadjiks, Turkmens, Karakalpaks, artificially separated before October 1917, resulted in reunion into corresponding Soviet national state formations. The process of the national-state delimitation contributed to involvement of working sections of Central Asia into the Soviet building and the successful solution of the task to build the socialism» seemed to be indicative [9].

Passing from enthusiastic idealization to use of the objective scientific approach, it should be noted that, on the one hand, it is undoubtedly the fact that the national-state delimitation of Central Asia positively affected the region state-legal development as meant reunion of divided people which had a chance to create the national states for the first time in history.

Also, it should be noted that formation of new independent Soviet republics did not lead to separation of Central Asia from USSR. Relations of Central Asian people with all people of the Soviet country got even stronger, moved into a new stage, and accepted a new legal form. Congresses of Councils of Uzbekistan and Turkmenia proclaimed formation of these republics, simultaneously approved orders on their joining to the Soviet Union.

An important legal implication of the specified process was that the superior bodies of the Turkestan ASSR and the Bukharan republic posed the question about destiny of the Tadzhik people. They were granted with the right to leave these republics and to form the autonomous region. The Central Committee RCP (Bolsheviks) and the Government of the USSR approved an idea of Tadjiks' autonomy and offered them a higher form – an autonomous republic.

In other words, the people of Central Asia could execute their right to self-determination as a result of Turkestan ASSR liquidation.

Delimitation of Turkestan ASSR allowed for the first time to the Central Asian states to get international legal subjectivity, though its degree of practical realization was not constant and changed according to development of the USSR.

In this sense the statement that initially the Union of the Soviet socialist republics was assumed so that the joint republics used advantages of the union, could fully realize the sovereignty and international personality seemed to be fair. However due to excessive centralization of the Union, it was actually limited.

So, at an initial stage of formation of the Union, representatives from Kazakhstan and Central Asia in all-union bodies tried to seriously discuss and solve foreign policy and external economic problems of the country and their republics.

Besides, autonomous republics (Kazakhstan, Turkestan) in the 1920s supported by the RSFSR and the Union entered in intensive, economic relations with the foreign countries. Extensive foreign trade activity of these republics were promoted by the New Economic Policy, at the same time some republics were transformed from independent into union and all union republics in the region developed later due to strengthening of the Central centralized command system limiting the republics' independence in all spheres, including foreign policy [10].

In other words, during strengthening of the centralized initiatives and growth of mass repressions, discussion and approval of foreign policy by republican deputies began to pass into a «rough, long applause» way. So to say about full realization of the republics' international legal personality seemed to be wrong under such political conditions.

The important negative legal implication of Turkestan ASSR liquidation was stubborn problems in the regional international relations.

These events were caused by the nature of the national-territorial reorganization. In our opinion, academician V.V. Bartold characterized it absolutely right noting that «new leaders hastened with the national-territorial reorganization of Central Asia». Probably, this question would arise later, during ethnic consolidation of certain groups, and accordingly changes in the region political map hardly similar to present ones would be required.

The reorganization a la colonial style accelerated ethnic consolidation processes in some kind, but at the same time also negatively affected the people of Central Asia. Khiva, Bukhara, later – Samarkand and other cities lost their role as political and cultural centers, collapse of all system of historically developed interrelations, disadvantages of the national human resource policy and other consequences of creation of «national» pseudo-republics according to the European sample interrupted the natural

development, created new intensity and conflict points, essentially slowed down the process of the civil society formation. But it was just the beginning of disasters of this ancient land and its inhabitants during building of the socialism, and later of the communism, then return to the «developed» socialism and later – to the market economy, means, capitalism [11].

Thus, namely the artificial, unreasoned «overtheorised» realization of Turkestan ASSR liquidation led to extremely negative legal implications. The main ones are listed below:

1. National-territorial delimitation resulted in liquidation of the long-term developing regional relations between certain ethnoses within the traditional statehood centers – Bukhara and Khiva, and also the proto-state formation – imperial Turkestan. Thereupon it should be said that, as a rule, questions associated with changes of administrative units were not locally detailed, the people's attitude to joining of their residence place to certain administrative units was not always considered.

2. This process resulted in actual, unreasonable inequality of legal statuses of ethnic groups in the region (for example, restriction of Tadjiks' rights comparing to Uzbeks) at the expense of different legal status of the state formations (the Soviet socialist republic, autonomous republic in its structure, autonomous region). These facts were naturally considered as preconditions to formation of the international intensity, where the situation developed and led to the 1991 crisis and collapse of the Soviet statehood.

3. The reorganization of the Turkestan ASSR state system resulted in formation of new legal systems of the state formations with key parameters according to the RSFSR. The said circumstance represented an evident problem as the socialist right under extremely low legal culture of local population, representing an eclectic set of actually processed norms of the bourgeois right at the initial stage of the development, could not be apprehended due to absence of the integrated norms of the common law.

As a result, on the one hand, the socialist right began to be perceived as an alien element and thereupon its efficiency directly depended on an administrative resource of party bodies, and from the other hand – the legal system of the Central Asian countries actually did not get the progressive advance, because of the legal nihilism shown by the most of local people, preferring to regulate the relations by norms of the common and religious right. Undoubtedly, this situation had a potential risk

of occurrence of religious movements oppositional to the Soviet state.

So, to wind up our studying of issues of the state-territorial delimitation of the Central Asian region by Turkestan ASSR «reorganization» in 1924, once again we underline ambiguous legal implications of this process.

Thereupon, considering that many of them were anyhow transformed into factors caused collapse of the Soviet statehood, actually not realization of the considered state strategy should be discussed but poorly thought-out collapse of Turkestan ASSR. Thereupon the modern government should consider this historical experience.

References

- 1 Congresses of Soviets in documents. V.1. 1959 pg. 254.
- 2 History of the national state and law: Textbook / G.A. Kutjina, R.S. Mulukayev, T.Ye. Novitskaya et al; under the editorship of O.I. Chistiakov. 3rd publication, edited and supplemented. – M.: Lawyer, 2002. – Part 2. – 544 pg. [electronic resource]//SPS Consultant Plus
3. Collected Works by Lenin. Vol.XXXIV. pg. 324.
4. G. T. Ishchanova. Kazakhstan – Uzbekistan: Historical-legal aspects of the national-state delimitation / G.T. Ishchanova//History of the state and law. 2008. – No. 12. pg. 12.
5. G. T. Ishchanova. Ibid. pg. 14
6. M. L. Kudelya-Odabashyan. Turkestan as a part of the Soviet Russia: problems of the social and economic and political development (October, 1917 – October, 1924) / The thesis by doctor of historical science. – M., 2001. – 421 pg.
7. Ibid. pg. 427.
8. M. L. Kudelya-Odabashyan. Ibid. pg. 434.
9. The Great Soviet encyclopaedia [electronic resource]. – URL: <http://dic.academic.ru/dic.nsf/bse/112792/%D0%9D%D0%80%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%BE>
10. M. A. Sarsembayev. International legal questions in the history of Kazakhstan and Central Asia (since XV century till the present). The author's abstract. The thesis by Doctor in Law. M, 1993. – pg. 14.
11. M. Olimov, V.V. Bartold. On national delimitation in Central Asia [electronic resource].- URL: // <http://kungrad.com/history/sssr/barthold>

Кожамбек Д.Р.

**Қазақстан Республикасы
зайырлы мемлекет**

Осы мақалада «зайырлылық», «зайырлы мемлекет» түсініктеріне талдау жасалады. Сонымен қатар «зайырлылық», «зайырлы мемлекет» түсінігінің қалыптасуы зерттеледі. Мақала пәнаралық сипатқа ие және конституциялық құқық пен дінтану салаларымен түйіскен. Автор зайырлы мемлекет модельдерінің қалыптасуындағы теориялық және тәжірибелік мәселелерді зерттейді. Сонымен қатар қазіргі заманғы дін мен мемлекеттің арақатынасын сипаттап құқықтық реттеудің маңызына тоқталады. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуының ерекшелігін талдайды.

Түйін сөздер: зайырлылық, зайырлы мемлекет, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет, мемлекет пен діннің арақатынасы, мемлекет пен діннің бөліну қафидасы.

Kozhambek D.R.

**Republic of Kazakhstan as
a secular state**

The article examines the concepts of «secularism», «secular state» and explores the history of «secular» concept formation. The article has the interdisciplinary character and it is written on the intersection of constitutional law and theology. The author examines the theoretical and practical problems of realization of the secular state model. And also it gives a description of the current state of relations between the state and religion and the importance of legal regulation. Analyze the features of the formation of a secular state in the Republic of Kazakhstan.

Key words: secularism, secular state, Republic of Kazakhstan as a secular state, the relationship between state and religion, separation of state and religion.

Кожамбек Д.Р.

**Республика Казахстан как
светское государство**

В статье анализируются понятия «светскость», «светское государство». Исследуется процесс формирования понятий «светский» и «секулярное государство». Работа имеет междисциплинарный характер, написана на стыке конституционного права и теологии. Автором исследуются теоретические и практические проблемы реализации светской модели государства, а также дается характеристика современного состояния отношения между государством и религией и значимость правового регулирования; анализируются особенности формирования светского государства в Республике Казахстан.

Ключевые слова: светскость, светское государство, Республика Казахстан как светское государство, отношения между государством и религией, разделение государства и религии.

А. Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрк университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.
E-mail: kozhambekov@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ

Қазақстан Республикасы Конституациясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады – деп көрсетілген [1]. Конституциямыздың алғашқы бабында көрініс тапқан осы төртабсолюттік норма бүкіл құқықтық жүйеміздің көрінісі іспетті. Зайырлылық қағидаты – мемлекеттік құрылымның негізгі іргетасының бірі, ерекше белгісі ретінде елімізде орын алып отырған дінаралық келісім мен діни төзімділіктің, қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықтың негізі. Ата Заңымыздың зайырлылық ұстанымы мемлекеттің дін мен діни қызмет саласында туындаитын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің конституциялық негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы мен әлемдік тәжірибелерге сүйеніп зайырлылықтың Қазақстандық ұлгісін айқындау осы мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді жүзеге асыру көзделді, олар:

- зайырлы сөзінің мағынасын түсіну;
- зайырлы мемлекет түсінігі мен зайырлылық қағидатына құқықтық анықтама беру;
- дін мен мемлекеттің арасындағы қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін көрсету;
- мемлекеттік институттар мен білім беру жүйесінің зайырлы сипатын қарастыру;
- Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет орнықтыратын заң нормаларын жүйесіне тоқталу.

Зайырлылық түсінігінің ауқымы кең. Мемлекеттердің зайырлылық ұстанымы мемлекет пен діннің арақатынасын құқықтық реттеудегі маңыздылығымен отандық заң ғылымы үшін өзекті әрі тың тақырып болып табылады. Сонымен қатар зайырлылық терминін қоғамдық саланы зерттейтін дінтану, әлеуметтану, мәдениеттану, философия, педагогика ғылымдары жиі қолданып, зерттеу объектісіне айналдырыды.

«Зайырлы» сөзінің түбірі араб тіліндегі (ظاهر – zahir) – «сыртқы» деген мәндегі сөзінен шығады. Қазақ тілінің түсінірме сөздіктерінде «айқын», «анық», «ашық» деген мағына береді [2,339 б.]. Ал Л.З. Рустемовтің Араб-Иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде – «анық»,

«айқын», «сыртқы» деген мағына береді – дейді [3,117 б.]. Бұл сөздер ислам дінімен тығыз байланысты. Отандық дінтанушы ғалым Досай Кенжетай зайырлылық – негізінен араб тілінде «захири» (зайырлы) яғни ашық, сыртқы деген мағыналарда қолданылады. Діннің сыртқы мәні, яғни, шарифат ұстанымын қамтитын термин ретінде қабылданған. Оған қарама-қарсы мәндегі «батини» сөзі де арабтың ішкі мән, сыр деген мағынадағы ішкі танымға негізделген сопылық ұстанымын білдіреді – деп келтіреді [4]. Тарихта ислам дінінің бесінші масхабы – деген атқа ие болған захириттер масхабы да болған. Захириттер Құран мен суннетті сыртқы мәні мен тұра мағынасында тікелей түсінуді дұрыс санаған. Құран мен суннеттен әртүрлі астарлы мағына іздейгенді дұрыс – деп есептемейді. Діни ұғымдарға тым терең бойлап, астарлы ой мен субективті пікір білдіре беру діннің тармақтарға, ағымдарға бөлінуіне алып келіп, нәтижесінде көзқарас қайшылығы мен қақтығыстарға алып келді. Ал захириттер масхабы қөшпілікке түсінікті болсын деген мақсатпен дінді қыыннатпай, діни ағымдарға бөлінуге жол бермеуге ұмтылғандығы үшін дұрыс жасаған тәрізді. Алайда захириттер масхабы XV ғасырдан кейін жойылып кетті.

Сонымен қатар қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігінде «зайыр» – сөзінің мағынасын, сонымен қатар «адамшылық», «адамгершілік» – деп түсіндіреді [5, 553 б.]. Зайырлы сөзі осы «адамгершілік» сөзінің мағынасына дұрыс келетіндей. Себебі адамзат баласы үшін бір діннің өкілі немесе атеист болуына қарамастан адамгершілік ұғымы ортақ құндылық. Сонымен қатар зайырлылықтың символы ретінде «Humanism» – сөзінің бас әрпі мен қос қолын жоғары көтеріп тұрган адам бейнесіне ұқсас. Ал «humanism» – сөзінің қазақша аудармасы адамгершілік – деген мағына береді. Яғни зайырлылық сөзінің мағынасын «адамгершілік» ұғымына жақын – деп білген абзал.

Казіргі кезде «зайырлылық» сөзін «секуляризм» (ағылшын тілінде – secularism), «лаицизм» (француз тілінде – laïcisme), «светскость» (орыс тілінде) терминдерінің аудармасы, баламасы – деп қабылдаудамыз.

Лаицизм – мемлекет тараپынан ешбір дінге қолдау көрсетпей, мемлекеттің дін мен діни ұйымдарға қатысты ұстанымының бейтарап екендігін білдіреді. Француз тіліндегі «лаицизм» сөзі «діндар емес адам» деген мағынаға келетін латынның «laicus – λαϊκός» сөзінен шыққан. Рим империясы дәүірінен бастау алған діні адамды клерик – «clericis», діндар емес адамды «laici»

– деп атаған [6]. Мұстафа Кемал Ататүркітің жасаған реформалары нәтижесінде Түркия мемлекетіндегі «Laiklik» термині француздың лаицизм сөзінен алған. Яғни Түркия зайырлылық моделін Франциядан алған деуімізге негіз бар. «Лаицизм» терминінің ағылшын тіліндегі аудармасы болып табылатын «Secularism» сөзі «дін мен мемлекет істерін бір-бірінен бөлек ұстая» – деген мағына береді. Бұл сөз латын тіліндегі «заман» мағынасындағы «saeculum» сөзінен шыққан. «Лаицизм» мен «секуляризм» сөздері орыс тіліне діннің тозығы жеткен дәстүрлерінен арылып, «заманына лайық», «дүниеге бой түзеу» – деген мағынадағы «светскость» сөзі түрінде енді.

Қай тарихи кезең болмасын қоғамда діннің ерекше ролі болды. Жеке-дара адамдар дінге сенбегенмен, қоғам дінсіз болмаған. Ежелгі замандарда діни-сенім коршаган орта, адамның өзін-өзі тануы мен қоғам өміріндегі моральдық қарым-қатынастарды реттеп отырса, діни-мифология дүниетанымдық, идеологиялық сипатқа да ие болды. Діннің адамзат тарихында қоғам өміріне сіңіспін кеткені соншалық жеке адамның жүріс-тұрысын, отбасылық мәселелерді, қоғамдық қатынастарды реттеу мен мемлекеттік басқаруда ықпалы әлі де сақталған.

Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Демократиялық, құқықтық қоғам қалыптастыру барысында әлемнің көптеген елдерінде мемлекет пен діннің арақатынасын реттеу түбебейлі өзгеріске ұшырап, зайырлы сипат алды. Негізінен зайырлылық ұстаным мемлекет пен діннің қарым-қатынасын реттеуде демократиялық, құқықтық құндылықтарға жүгінеді. Бұл көріністер, халқының басым бөлігі дәстүрлі христиан дінін ұстанатын өркениетті батыс елдері АҚШ, Англия, Франциямен қатар, ислам діні терең тамыр жайған Түркияда анық байқалады. Ал атеистік қоғамнан арылып, тарихи өлшем тұрғысынан таяуда ғана тәуелсіздікке қол жеткізген жас ТМД мемлекеттері мен Қазақстан үшін дін мен мемлекеттің арақатынасын құқықтық реттеу өзекті мәселеге айналды. Себебі қысқа уақыт аралығында бұрынғы Кеңес Одағы елдері мен Қазақстанда сырттан енген діндердің қоғам мен мемлекеттік институттарға ықпал етуі күрт артты. Әсіресе Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлеспейтін, дәстүрлі емес діни ағымдар көбейіп кетті. Бұл жағдайда ортақ тарихи тағдыр біркітірген көпұлтты Қазақстан халқы көпконфессиялы мемлекет ретінде дін мен мемлекеттің арақатынасында туындағын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде зайырлы-

лық қағидасын ұстанғаны аbzal. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» – атты Қазақстан халқына Жолдауында ел болашағының іргетасын қалаған басты құndылықтар қатарында зайырлы қоғам және жоғары руханиятты атап көрсеткен болатын [7].

Атеистік дүниетанымдағы Кеңес Одағы ыдырап тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасының 1992 жылы 15 қантарда қабылдаған алғашқы заңдарының бірі «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» – деп аталады. Бұл заң Қазақстан Республикасының әрбір адамның нағым бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын мойындал, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді. Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құndылығын және конфессияларың келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нағымдарын құрметтеуді таныды [8]. Азаматтарға кең құқықтар, шетелдік діни ұйымдарға мол мүмкіндіктер берді. Алайда бұл жағдай елімізге шет елден тым көп діни ағымдардың келуіне әкеліп соқты. Діни ағымдардың бір-біріне діни мәселелердегі көзқарас қайшылықтары қоғамды жік-жікке бөлу қаупін тудырды. Әстүрлі емес діни ағымдар көбейді. Жергілікті халықтың ғұрыптарын, мәдени, рухани құndылықтарын теріске шыгаруға ұмтылатын көрітартпа діни ағым өкілдері пайда болды. Бұл жағдайлар қоғамда дін мәселелерін реттеуді жүйелендірудің қажеттілігін көрсетті. Кейін 2011 жылы КР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заңы қабылданды. Осы заң Қазақстанның қазіргі зайырлылық үлгісінің көрінісі іспетті. Мемлекет тарапынан құрылған дін істер комитеті (агенттігі) мен құрамындағы «Діни мәселелерді ғылыми зерттеу және талдау орталығы» – діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуде уәкілетті орган ретінде мынадай құзыреттер алды: діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады; республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауды келіседі; діни әдебиетті және діни мазмұндары өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыыс жерлерде діни іс-шаралар

өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді; дінтану сараптамаларын жүргізуі қамтамасыз етеді [9].

Зайырлы қоғам құрудың бірден бір жолы халықтың діни сауатылығын көтеру. КР «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі – білім берудің зайырлы, гуманистік сипаты болып табылады. Білім жүйесінің зайырлы сипатына сәйкес орта мектепте діни білім емес, дінтанулық білім беріледі. Ал «Дінтану» ғылымы дін мәселелерін зайырлы сипатта зерттеуі тиіс қоғамдық ғылым салаларының бірі екенін ескеруіміз қажет. Алғашында «Дінтану негіздері» – деп аталған оку пәнін «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп ауыстыру еліміздің зайырлы мемлекет ретінде орнығына жасалған он қадам саналады. Сонымен қатар Қазақстан әлемдік және әстүрлі дін лидерлерінің съезін ұйымдастырушы ел ретінде дінаралық келісім мен төзімділіктің үлгісін көрсете білді.

Мемлекеттің дін саласындағы саясаты үш құрамдас беліктен тұрады. Олар: идеология, заңнама және арнайы әдіс-тәсілдердің көмегімен жүзеге асыру тәжірибесі. Қоғамда әртүрлі діндер болуы мүмкін. Олардың өзіндік дүние танымы, өмір сүру ережелері мен қағидалары болғанымен барлық дін өкілдеріне мемлекеттің заңына бағынуы тиіс. Зайырлы мемлекетте дін мен діни қызметте заңың үстемдігі негізге алынады.

Зайырлылық ұстанымы мемлекеттің діннен ажыратылғанын білдіргенмен, қоғам өмірін тұтастай діннен бөліп қарастау мүмкін емес. Қоғамдағы діннің маңызын ескермеуге болмайды. Қазақстанның зайырлылық діни ағымдармен қорес немесе дінді әлсірету дегенді білдірмейді.

Зайырлылықтың негізгі мақсаты мемлекет пен діннің арасындағы үйлесімділікті сақтау, жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің дінге қатысты заңды мұдделерін қорғау. Діни ұйымдар тарапынан болуы мүмкін заңсыз, қоғамға қауіпті әрекеттердің алдын алуды қөздейді. Осыларға жеке тоқталсақ:

Біріншісі, азаматтардың діни сенімі, ароздан бостандығы мен қай дінге жататынына қарамастан тең құқылы болуын қамтамасыз ету. Үлттық заңнамага сәйкес әркімнің діни нағымдарын ұстану, оларды тарату, діни құлышылық жасау мен діни бірлестіктердің қызметіне қатысу құқығын мойындау.

Екіншісі, қоғамның тұрақты дамуы үшін діннің рухани құбылыс ретінде халықтың руханиятты мен мәдени құndылықтарын қалыптасты-

рудагы тарихи рөлін мойында, Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтеу. Конфесиялардың көлісім мен діни төзімділіктің қоғам үшін маңыздылығын негізге ала дінаралық қақтығыстарды болдырмау, діни радикалды үйымдардың қауіптілігі жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Үшіншісі, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған әрекеттері мен үгіт насиҳаттары үшін діни экстремистік үйымдардың алдын алу, заңмен қудалау. Мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін кез келген діни сипаттағы әрекеттерді әшкереу.

Зайырлылық – мемлекетіміздің көпұлтты, көпконфессиялы жағдайында ең тиімді мемлекеттік ұстаным болып табылады. Зайырлылықтың насиҳатталуы мен мойындалуы қоғам тұрақтылығына сөзсіз оң ықпал етпек.

Қазіргі кезде бірнеше мемлекеттер ғана зайырлы мемлекет екендігін конституцияларында нақты көрсеткенмен әлемнің көптеген елдері де-факто зайырлы мемлекеттер. Зайырлылықтың түрі көп. Бұл жердегі ерекшелік мемлекеттердің мемлекет пен діннің арасындағы қатынастарды реттеу үлгісіне (моделине) байланысты. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі үлгісін қалыптастыру мен зайырлылық мәселесін зерттеуде әлемдік тәжірибеге сүйеніп зайырлы мемлекет түрлерімен (тиологиясын) талдау қажет. Тарихи-құқықтық тұрғыда зайырлылық мәселесін зерттеуші Ресей ғалымы П.Н. Дозорцев мемлекет пен діннің арақатынасын реттеуді төмендегідей төрт топқа бөледі:

- «Римдік модель»;
- «Византиялық модель»;
- «Протестанттық модель»;
- «Плюралистік модель» [10, 131 б.]

Жоғарыдағы үш зайырлы мемлекет түрлерінде діннің ықпалы басым. Алғашқысында Рим империясы тұсында христиан шіркеуі қуатты кезеңімен түсіндіріледі. Византиялық кезеңде дін мен мемлекет ортақ көлісімге келіп тепе-тең жағдайда болса протестанттық үлгіде діни догматикалардан арылып, ақыл-ойдың еркіндігімен, адам құқықтарын корғау мәселелері туындағы. Плюралистік модель қазіргі заманғы зайырлылық үйымына сай келеді.

Ал И.В. Понкин болса зайырлы мемлекеттерді:

- «Преференциалды модель»;

- «Эквипотенциалды модель»;
- «Контаминационды модель»;
- «Идентификационды модель» – деп бөліп қарастырды [11, 210 б.]

И.В. Понкиннің зайырлылық туралы пайымдауларымен көлісуге болады. Жоғарыдағы зайырлылық үлгілерін қысқаша былай түсіндіреді. Олар: Зайырлы мемлекеттердің преференциалды модельінде бір діннің тарихи ролі мен қоғамдағы маңызын ескеріп артықшылықтар беріледі; Эквипотенциалды үлгіде мемлекет мүмкіндігінше діндерге тең жағдай жасауға тырысады; Контаминационды үлгіде діни және зайырлылық арапасып, қабысып кеткен жағдайын атайды; Идентификационды үлгіде діни дәстүрлерді жаңғыру мен қоғамдағы ролінің артуна халық бастамашы болады – деп түсіндіреді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары барлық діндерге тең жағдай жасап эквипотенциалды модель ұстанған. Кейін 2011 жылдан кейін ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танып, идентификационды үлгіні ұстанған тәрізді.

Корыта келе, Қазақстан Республикасының Ата заңында зайырлылық туралы норманы мемлекет дін мен діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз арапаса алмайтындығын, мемлекеттік билікке діни бірлестіктердің арапасуы мен мемлекеттік функцияларды діни үйымдарға беруге болмайды деп түсінген жөн. Сонымен қатар діни негіздегі партиялар құруға жол берілмейтіндігі (ҚР Конституациясы 5-бабы), азаматтарды дінге көзқарасы бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы (ҚР Конституациясы 14-бабы), әркімнің ар-ождан бостандығы мен діни сенімі қамтамасыз етілетіндігі (ҚР Конституациясы 22-бабы) көрсетілген. Демек әлем елдерінің басым болігіндегідей зайырлылыққа қатысты мемлекет пен діннің арақатынасын реттейтін конституциялық нормалар сол мемлекеттің зайырлылық үлгісін ашып көрсетпеуі мүмкін. Мемлекеттердің зайырлылық үлгісін сол мемлекеттердің дін мен діни қызметті реттейтін арнайы зандарымен ғана анықтауға болады.

Зайырлылықтың әлемдік тәжірибеде қатып қалған үлгісі жоқ екендігіне көз жеткізіп, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығы мен әркімнің діни нағымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік береді. Діннің халық мәдениеті мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танып, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтеуді негізге алып,

демократиялық және құқықтық құндылықтарға сүйеніп, Қазақстан Республикасы зайырлықтың өзіндік ұлгисін қалыптастыру кезеңінде. Демек, мемлекеттердің зайырлылығы мен

Қазақстан Республикасында мемлекет пен діннің арақатынасын реттеу мәселелерінде конституциялық құқық саласы мамандарына батыл тұжырымдар қажет екендігі байқалады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Конституциясы. 30.08.1995.//«Әділет» акпараттық-құқықтық жүйесі.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – 339 б.
- 3 Рустемов Л.З. Араб-Иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алма-Ата, 1989. – 117 б.
- 4 Зайырлы ел болу мен дін ұстану мәселесі //Галамтор желісі//<http://www.abai.kz>
- 5 Уәли Н. Қазақ тілінің біртомдық ұлken түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2013. – 553 б.
- 6 Webster's Revised Unabridged Dictionary-2008 //www.dictionary.com
- 7 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашак» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Галамтор желісі // <http://www.akorda.kz>
- 8 Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы – КР 15.01.1992. № 1128 заңы. Күшін жойған //«Әділет» акпараттық-құқықтық жүйесі.
- 9 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы – КР 11.11.2011. № 483 заңы //«Әділет» акпараттық-құқықтық жүйесі.
- 10 Дозорцев П.Н. Развитие светской государственности в России: история и современность: защ...дисс д.ю.н. – М., 1993. – 131 с.
- 11 Понкин И.В. Правовые основы светской государственности и образования. – М., 2003. – 210 с.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasi Konstitutsyasi. 30.08.1995.//«Adilet» akparattik-hukuktik zhuyesi.
- 2 Zhanuzakov T. Kazakh tilining tusindirme sozdigi. – Almaty, 2008. – 339 b.
- 3 Rustemov L.Z. Arab-Iran kirme sozderining kazaksha-orischa tusindirme sozdigi. – Alma-Ata 1989. – 117 b.
- 4 Zayrli el bolu men din ustana maselesi//Galamtor zhelisi// <http://www.abai.kz>
- 5 Ualy N.Kazakh tilining birtomdik ulken tusindirme sozdigi. – Almaty, 2013. – 553 б.
- 6 Webster's Revised Unabridged Dictionary-2008, //www.dictionary.com
- 7 Nazarbaev N.A. «Kazakhstan zholy–2050: bir maksat, bir mudde, bir bolashak»atty Kazakhstan halkyna Zholdauy// Галамтор zhelisi// <http://www.akorda.kz>
- 8 Dini senim bostandigi zhane diny birlestikter turaly-KR15.01.1992.N:1128-zangy.Kushin zhoygan.//«Adilet» akparattik-hukuktik zhuyesi.
- 9 Dini kyzmet zhane dini birlestikter turaly-KP 11.11.2011. № 483-zangy.//«Adilet» akparattik-hukuktik zhuyesi.
- 10 Dozortsev P.N. Razvitye svetskoy gosudarstvennosti v Rossyi: istorya i sovremennost.// zash...dis d.y.n. – M., 1993. – 131 s.
- 11 Ponkin I.V. Pravovy osnovy svetskysty gosudarstva I obrazovanya. – M., 2003. – 210 s.

Уразымбетов Т.Е.

**Заң тілінің стилистикалық
біртектілігі және
бейнелеу мүмкіншіліктері**

Urazimbetov T.E.

**Stylistic uniformity and visual
possibilities of the law language**

Бұл ғылыми мақалада заң тілін іске асырудағы жазбаша және ауызша нысандары, маман-заңгердің иеленүіне қажет болатын ерекше кодты көрсетеді. Жақсы білім және дамыған тілді сезіну, оның барлық байлығын қолдана білушілік, әрбір маманға өзінің таңдаған саласында жоғары сатыдағы маман болуга мүмкіншілік береді. Заң мәтіндерінің тіл қырларын игеру, процессуалдық құжаттарды толтыру барысында стилистикалық мүмкіншіліктерді таңдау, заңгердің сөз сөйлеу мәдениеті жалпы мәдени деңгейінің көрсеткіші ретінде, тілге деген санауық қатынас – құқықтық мемлекет күру жағдайындағы заманауи маманға қажеттігі – жоғары ой мәдениетіне тікелей жол болып табылатын ғылымды зерттеуді қамтиды.

Түйін сөздер: заң лингвистикасы, заң тілінің лексикалық, ерекшеліктері, морфологиялық, өзгешеліктер, метафоралар, кекесін, риторикалық, сұрақ, және риторикалық, лептесу.

This scientific article examines the written and oral forms of implementing the law language that represents a special code, that must possess a specialist lawyer. Good knowledge and a developed sense of language, the ability to use all of his wealth to those skilled in helping to achieve professional skills in the selected industries. Also, mastering the language features of legal texts, the possibility of a stylistic choice in the preparation of procedural documents, legal speech culture as an indicator of the general cultural level, a conscious attitude to the language – are a way for the high culture of thinking needed in a modern specialist construction law.

Key words: law-linguistics, lexical features of law language, morphological changes, metaphors, irony, rhetoric questions and rhetoric exclamation.

Уразымбетов Т.Е.

**Стилистическая однородность
и изобразительные
возможности языка закона**

В данной научной статье исследуются письменные и устные формы реализации языка закона, представляющие особый код, которым должен владеть специалист-юрист. Хорошее знание и развитое чувство языка, умение пользоваться всем его богатством, помогающее каждому специалисту в достижении профессионализма на выбранном отрасле. А также освоение языковых черт юридических текстов, возможность стилистического выбора при составлении процессуальных документов, речевая культура юриста как показатель общего культурного уровня, сознательное отношение к языку – путь к высокой культуре мышления, необходимой современному специалисту в условиях строительства правового государства.

Ключевые слова: юрислингвистика, лексические особенности языка закона, морфологические изменения, метафоры, ирония, риторический вопрос и риторическое восклицание.

**ЗАҢ ТІЛІНІҢ
СТИЛИСТИКАЛЫҚ
БІРТЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ
БЕЙНЕЛЕУ
МҮМКІНШІЛІКТЕРІ**

*Судья – бұл сөйлейтін заң, ал заң – ол үнсіз судья.
(Цицерон)*

Кейінгі кезде заң лингвистикасында маманның коммуникативтік тұлғасын сипаттауға деген қызығушылық өсуде. Оны сипаттай отырып, зангердің қызметіне күтім жасайтын кәсіби этиканың барлық жанрлық жүйелерін ескеру қажет. Заңды тәжірибе жазба және ауызекі тілдің әртүрлілігінің түрлі жанрларын қолдануды болжайды: айыптау және корғаныстық сөз сөйлеулер, сottaғы жарыссөздер, мәжіліс өткізу, фирма заң кенесшісінің жұмысындағы іскерлік құжаттама және басқалары [6.289]. Заң тілі (оның әркелкі жазбалығында) азаматтардың, ұйымдардың және мекемелердің арасындағы құқықтық салаға күтім жасай отырып, келесі жанрларда көрінеді: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Заң, Жарлық, акт.

Заңның тілінің жазбалық әркелкілігі, негізболжаушылық айырмамен сипатталады: құқық барлық жанрлардың текстеріне негіз болып келеді, яғни олар заң күшімен иеленген.

Заң тілінің лексикалық ерекшеліктері:

1. Заңның арнайы терминологиясын пайдалануы (мәселен,apelляция, кассация, талапкер).

2. Латындылықты пайдалану (мұнда Рим құқығының дәстүрлері көрінеді, мысалы: de jure, de facto және т.б. Көптеген заманауи заң терминдері латын текті – конституция, нотариус, кодекс секілділер.

3. Архаизмді немесе тарихтылықты қолдану (мәселен, мемлекет басшысы, декрет).

4. Антонимдерді қолдану, өйткені заңдар азаматтардың құқықтары мен міндеттері секілді полярлық мүдделерді көрнектейді. Заңнамалық сөз азидықтары, сондыктан онда синонимдер де аз.

5. Әңгіме және жетім сөздердің, сондай-ақ диалектизмдердің тольк болмағандығы.

Морфологиялық өзгешеліктер:

1. Заң стилінің жарқын қыры болып етістік зат есімдерін көнінен қолдану саналады: Мемлекеттік құпияны жария ету; бас бостандықтан айыруы; мемлекеттік опасыздық; міндеттерді орындау; бас бостандықты шектеу; құжаттарды жоғалту және басқалары.

2. Зат есімдік мағынасына қатыстылықты қолдану жағдайлары жиі кездеседі, мысалы: жәберленуші – сottалушы – сottалған.

3. Заң мәтіндерінде ұstemді нышандығы етістіктер үлкен роль атқарады, бұл заң тілінің директивті және имперактивті сипатымен байланысты. Имперактивтілік, еркін пікірді нұқып беретін, синонимикалық мүше қатарынан таңдау жасауда көрінеді: қаулы ету (шешім шыгару, шешу, шешімін табу, қаулы шыгару); міндеттеу (мүмкіншілік бермеу, мәжбүрлеу, міндеттеу, мүмкіндіксіз қалдыру). Етістіктер қазіргі кезде имперактивтік нысандардың орнына жиі қолданылады және заңды өкімдер мағынасына ие болуда: Қорғануши үшін қылмыстық жауаптылық қажетті қорғаныс шегін асырып қол сұғушыға зиян келтірлгеннен кейін орнайды (орнайды = ‘орнауға тиіс’).

176-бап. Тыңшылық

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді шет мемлекетке, халықаралық немесе шетелдік ұйымға не олардың өкілдеріне беру, сол сияқты оларға беру мақсатында жинау, жымқыру немесе сақтау, сондай-ақ шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделеріне қарсы пайдалану үшін беру немесе жинау, егер бұл іс-әрекеттерді шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам жасаса, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [7, 75].

4. Тегеурінділіктің стильдік өнін, сондай-ақ кейір конструкциялардың инфинитивтері иемденеді: Иң өндіріске қабылданды және алдын ала тергеуге кіріседі.

5. Заң стилінің морфологиялық қырларын анықтаушылар болып, сондай-ақ

– Шынайы қатыстылықты толық нысанда көнін қолдану саналады.

632-бап. Алқабилер қатысатын сот құрамы

Егер қылмыстық іс материалдарында мемлекеттік құпия болуы мүмкін деген мәлімет болған жағдайда, алқабилерден оларды жария етпеуі туралы қолхат алынады. Мұндай қолхат беруден алқабилер бас тартқан жағдайда, төрағалық етуші кезекте түрган алқабилерді ауыстырады (Сол жерде) [8, 358].

6. Керек, қажет, міндетті, сottы секілді қысқа сын есімдерді қолдану (оларда имперактивтік сипатта) заң стилі үшін сипатты:

Егер қорғаушы қылмыстық іс бойынша материалдарда мемлекеттік құпия бар жағдайда, және оған қатысуға рұқсаты болмаған кезде, ол

құпияны жария етпеу туралы қолхат беруге міндетті (Сол жерде).

7. Сирек жеке есімділік қолданылады.

8. Қысқа көрі қатыстылықты қолдану жағдайы жиілінеді, яғни байтарап белсенді конструкциялардан саны жағынан артық түседі: тәуекел мәлімдеу, материалды залал келтірілді, дene зақымдары келтірілді, қылмыс жасалды, Қылмыстық кодекспен қарастырылған.

9. Аббревиатураалар көнін қолданылады (СІМ, ТБ ПБ (Сыртқы істер министрлігі, тергеу бөлімі, Ішкі істер басқармасы), АК (Азаматтық кодекс) тағы басқалары, және күрделі қысқартылған сөздер (салықберуші, мұрагер).

10. Сөзге көмек шылаулар қолданылады: мақсатқа сәйкес, сай, барысында, бөлікте, қатынасты.

29-бап. Жариялылық

1. Қылмыстық істерді талқылау барлық соттарда және сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мұдделеріне қайшы келгендеға жол беріледі. Иске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызыбау мақсатында, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және басқа да істер бойынша, сондай-ақ оны жабірленушінің, куәның немесе іске қатысатын басқа да адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мұдделері талап ететін жағдайларда, сottың уәжді қаулысы бойынша жабық сот талқылауына жол беріледі.

2. Жабық отырыста істерді талқылау осы Кодексте белгіленген барлық қағидалар сактала отырып жүзеге асырылады.

3. Сottың үкімі және іс бойынша қабылданған қаулылар барлық жағдайларда көпшілік алдында жарияланады. Жабық сот отырысында қаралған істер бойынша үкімнің кіріспе және қарар бөліктеріға ғана көпшілік алдында жария етіледі [8, 34].

296-бап. Құдікті мен оның қорғаушысын істің барлық материалдарымен таныстыру.

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы Кодекстің 295-бабының талаптарын орындағанда отырып, құдіктіге және оның қорғаушысына айыптаулар тізімін қоспағанда, тігіліп, нөмірленіп, іс парактарының тізімдемесіне енгізіліп, байланып және тергеу органының мөрімен күеландырылып қойылуға тиіс қылмыстық істің барлық мате-

риалдарын ұсынады. Құдіктіңің немесе оның қорғаушысының өтінуі бойынша танысу үшін заттай дәлелдемелер де ұсынылады және егер тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса берілген болса, фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, слайдтар, өзге де ақпарат жеткізгіштер тындатып-көрсетіледі. Құдіктіңің немесе оның қорғаушысының өтінуі бойынша олар істің материалдарымен бірге немесе бөлек таныса алады[8, 209-210].

185-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария ету

Осы баптың бірінші немесе екінші беліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар ірі залал келтіруге немесе өзге де ауыр зардантардың туындауына әкеп соқса, – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (сол жерде) [7, 77-78].

186-бап. Мемлекеттік құпиялары бар мәліметтер жеткізгіштерді жоғалту

Адамның өзіне қызмет, жұмыс бабымен не Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де негіздер бойынша сеніп тапсырылған мемлекеттік құпиялары бар мәліметтер жеткізгіштерді абайсызда жоғалтуы, егер жоғалту мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер жеткізгіштермен жұмыс істеудің белгіленген қағидаларын бұзу салдары болып табылса, – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға жазаланады (сол жерде).

Жоғарыда тізімдеп аталған барлық жанрлар заңнама мәтіндерінің лексика, морфология және синтаксис ерекшеліктері заң тілінің стилистикалығын, біркелкілігін, стандарттығын, дәлме-дәлдігін және каталдығын құрайды. Бұл біржагынан құжаттарды тез құрауды, ал өзге жағынан – қабылдаушы әсер алуының бірмінділігін қамтамасыз етеді [7, 78].

Кәсіби қызметте тілдің жазбаша ғана емес, сондай-ак ауызша түрлілігін де игеру – бұл, осындағы бүтінгі құн маман-зангеріне қойылатын талап. Соттағы сөз сөйлеу – көпшілік алдында ауызша шығып сөйлеу формасының бірі. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі практикалық риторикасының бірден-бір кең тараған түрі болып саналған сот қызылтілділігінің нысандалу тарихы қызықты. Тарих біздерге Антифонт, Андокид, Лисий, Демосфен есімдерін сақтап

келді. Соттағы сөздер қашанда объективтік мәліметтерді беруге ғана емес, сондай-ак оқиғалар немесе құбылыстарға эмоционалды баға беруге де бағытталған. Сот сөздерінің үлгілері мамандармен – «логографтармен» өндөлген, яғни сөз сөйлеуді сипаттап жазатын жазушылармен. Афинада сотта шығып сөйлеу үшін сөздерді құрайтын адамдарды нақты осылай атаған.

Сотта сөз сөйлеу кіріспеден басталған, ол судьялардың акниетті назарын аудару үшін есептелген, содан кейін істің деректік тарапын мазмұндау жүргізілген, келесі бөлігін мазмұндаудың дұрыстығын дәлелдеу мен қарсыласпен пікірталастық құраған, сонында – корытынды түседі. Кіріспе және қорытынды – сот сөзінің ең стандартты бөлігі, бірақ соттағы дау мәнімен кемірек жанасады.

Сот риторикасының тарихында «қылмыстық істердегі алғашқы шешен» ретінде аталағын, ерекше орын Антифонтқа берілген, Антифонттың сақталған 15-ке жуық, соттағы сөздерінің барлығы да кісі өлтіру туралы қылмыстық істерге жатады. Накты сол айыптау үшін, сондай-ак сотташуның қорғау үшін сөз сөйлеуші қолдана алатын дәйектер жүйесін құрастырған. Антифонттың кең тындармандар үшін көтерілген, заң тілін құрауға талпынғандарға жатқызуға болады [2.289]. Антифонттың «негізгі ұғымдарға» деген сүйіспеншілігі, кейіптік сипаттауларға ынтығы белгілі: «Мениң перзентсіздігімнің салдарынан, көзімнің тірісінде ұмыт боламын» (ұл перзентсіз, мен көзімнің тірісінде өлі боламын) дегені сияқты. Антифонттың шешендік мұрасы: заң мен судьялардың әділеттігін мадақтау, сотташуның оған деген аяушылығы туралы өтініші – сот сөзінің практикасында кейіннен орталық орындары болып саналды. Сот шешімінен, «логограф» Лисий – афина сотымен бекітілген уақыт шектігінде материалдарды айтумен бөллекtenеді. Оның сөздері ой-пікірінің қысқалығы және айқындылығымен, баяндалу материаларының қатаң композициясымен өзгешеленген. Лисий сөзінің сүйкімділігі – сендерлікте және сөздің қүшінде көрінеді [2.44].

Исократ тындармандар сенімінің табысы үшін үнсіздік секілді, риторикалық түрпatty қолданған. Оған сондай-ак, мадақтау сөздердің – әнкомийн құрауда қарайды [2.58].

Демосфенде риторикалық амалдар арсеналы орасан, солардың ішіндегі ең өзіне ұнаганы ол, эмоциялық әсер алуды қүштейтіндері. Логикалық екпін – бұл Демосфеннің мағынаны бөлек шығарудағы басты тәсілі, сол себептен ол жиі анафоре – тұтасбітікке сүйейді, яғни түп

сөз басында бір сөзді қайта-қайта қайталуа. Антитета – бұл Демосфеннің өте жақсы қолдана алатын амалы: «сен мәдреседе қызмет қылдың – мен онда оқыдым», «Сен сиқыр құпиясына тәуелді болдың – мен оған телділендім», «сен өзгелердің сыртынан жазып жүрдің – мен отырыска қатысып және шешім шығардым», «сен қашанда үшінші адам рөлін орындаудың – мен оны тамашаладым», «сен құлдырадың – мен куана ықсырдым», «сен қашанда дүшпандарға жәрдемдестің – мен отаным үшін еңбектендім» [2.79].

Демосфеннің ең сүйікті соқпақтары – ол, метафора және гипербола: «Сіздер өздерініз-ді жәй ғана жауынгер ретінде емес, сондай-ақ өздерінің саптарыңызға, дағдыларыңызға және батылдықтарыңызға масаттануға түрарлықтай көрсеттіңдер». Міне неліктен сіздерді мадақтайды, ал сіздер өздерінің құдайларды құрбандық және мейрамдар үшін алғыстайсыздар» [2.79].

Бұгінде сот сөзінің практикасы, көпшілік алдына шығып сөйлеудің көпғасырлық тәжірибелін ескере отырып, әділсочтың жалпы мақсаттары мен нақты міндеттерімен сипатталады. Соттағы сөздің жоғары кәсіби деңгейіне, егер шешен құқықтықты ғана емес, сондай-ақ стилистикалық тіл нормаларын да сактаған жағдайда қол жеткізеді. Сот сөзі рационалдық және эмоционалдық жоспарлардың арақатынастылығы негізінде құралады, логикалық элементтер тіл бейнелі-бейнелеуші құралдарының есебінде өндөледі. Бірақ бұгінгі құн сот өндірісі шарттарында сөз сөйлеу көлемі жағынан кішірейген, ал дәлелдеу жағы психологиялық саралаумен салыстыру бойынша көбірек мағынаға ие болған. Қазіргі кезде сот процестерінде көркем әдебиеттерінен алынатын салтанатты сөздер, цитаталар сирек айттылады. Бұгінгі құннің сот қызылтілділігі, асыра айтқанда, жәй шаруашылық сөздерге келінкірейді [4.138]. Дегенмен сот стилистикасында зангерлерге қашанда көмек болатын, өзіндік бейнелік құралдардың арсеналын табу әбден мүмкін.

Олардың бірі – интонация. Дауысты бір көтеріп немесе бір түсіріп, тым-тырыс орнағанда дауысты саябырлату – дауыс ырғағында құрылыштың эффект беретін, әйгілі орыс сот шешені Ф.Н. Плеваконың сөзі біздерге белгілі. Мысалы, ауыр қылмыс жасағандығы үшін толықтай әшкерелген шіркеу священнигін соттап жатты. Іс сотталушиның кінәлілігі бойынша тікелей дәлелі бар жәй болатын, сондықтан да корғап сөйлеудің сәттілігі кисындық күшке емес,

эмоционалдық әсер ете алуға тәуелді болды. Плеваконың сөзі бірнеше сауатты рәсімделген интонациялық сөздерден құралды.

«Алқаби мырзалар! Іс айқын болып тұр. Прокурордың айтқандары, барлық жағынан дұрыс. Бұл қылмыстардың барлығында сотталушы жасаған және оны ол мойындауда.

Мұнда, несіне дауласамыз? Бірақ мен сіздердің назарларыңызды келесі жәйтқа аударғым келеді. Сіздердің алдарыңызда отыз жыл бойы өздеріңіздің күнәларыңызды босатқан адам отыр, Енді оның күні сіздерге қарауда: Ал сіздер оның күнәсін кешіріп, босата аласыздар ма?» – деп үялтқан.

Ежелгі шешендер соншалықты ұнататын, үлкен бейнелеуші мүмкіндіктерді кейіптік – антитета, сөзқайталуа, гипербола, қалжың, риторикалық сұрап және риторикалық лептуе, сондай-ақ сөздің диалогациясы секілді құралдармен қолдана алады.

Контрасттың бір бейнесі – антитета, қарсы қойылатын ұғым немесе ереже: Өз елінде бақарудың тізгінің қолда ұстай отырып, сотталушылар әділсочтың барлық заңды нысандарын жойды, сот өндірісінің, мәдениетті адамзатының өзіне сіңірген барлық қағидаттарын ысырып таставды. Бірақ оларды барлық құқықтық кепілдіктерді сақтап, сотталушыларға корғану үшін барлық заң мүмкіншіліктерін қамтамасыз ете отырып Халықаралық сот соттайды (Нюрнберг процесіндегі КСРО тарапынан айыптаушы Р.А. Руденконың сөзі).

Қайталап сөйлеу сөйлемшениң эмоционалды бағасын береді: Қара алтын (мұнай), өмірден кету (өлу), ак халатты абзал жандар (дәрігер), кіші қандастар (жануарлар), құн шығыстағы ел (Жапония).

Метафоралар (жалпы белгідегі негізде заттарды салыстыру) сот сөздерінде жиі қолданылады: әділ-сот қолында, айғақтар қатары, әділет сот семсері секілді. Кейіптерді құрау үшін соттың сөзінде де жай – ауыспалар пайдаланылады.

Алдамыш ассигнациялар ертегіде айттылғандай жыланның шумағы секілді. Біреу оны тастанап жіберді, ал олар әр жаққа жорғалап кетті. Олардың бірі базардан қайтқан шаруаның қалтасына кіріп кетіп одан соңғы еңбекпен тапқан тынын тартып алады, екіншісі рекрут түбіртегін сатып алу үшін қажет соммадан 50 сом акшаны жымқырады, және сол астыртын, өзінің қылмыстанған қолымен жәбірленгенде (тірі қайтуы мүмкін емес) сарбаз болуға итермелейді, үшіншісі, өзге де және тартымды қала көшесіне қуылған жаста, сұлу шетел тігінші қы-

зының алған соңғы 13 сомнан он сомын жұлдып алады, т.б. сонда біз әрбір осындай жыландардың жорғалап кеткен жолдарын аңдуымыз керек пе, әлде оларды таратып жібергенді айыптай алмайтын болғанымыз ба? (А.Ф. Конидін сottaғы сөзінен).

Метафораларды қолдану, «қашанда өзінде ақиқаттықтың сезгіш-көрнекі көруінде ақпаратты тасымалдауыш туралы», дискрипция секілді бейнелеуші амалға сипатты (шынайы немесе ойдан шығарылған объектерді санау жолымен сипаттау) [5.148].

3 Shakirov D. Voprosy sovershenija sdelok s zalogovym imushhestvom. 04.01.2011 // www. I.News.kz.

Дошанова А.С.,
Сматлаев Н.Б.

**Особенности возмещения
вреда, причиненного жизни и
здоровью туриста,
по законодательству
Республики Казахстан**

Dochshanova A.S.,
Smatlayev N.B.

**Features of compensation of
harm, caused to life and health
of the tourist, according to the
legislation of the Republic of
Kazakhstan**

Дошанова А.С.,
Сматлаев Н.Б.

**Қазақстан Республикасы
заннамасы бойынша
туристің өмірі мен
денсаулығына келтірілген
зиянды өтеу ерекшеліктері**

В данной статье рассматриваются особенности возмещения вреда, причиненного жизни и здоровью туриста по законодательству Республики Казахстан. Проведено соотношение норм законодательства о туристской деятельности с общими положениями о возмещении вреда жизни и здоровью. Уделено внимание вопросам отражения норм об ответственности за вред жизни и здоровью в договоре об оказании туристских услуг. Проанализированы примеры из практики о возмещении вреда жизни и здоровью туристов. Определены ключевые категории в данных отношениях.

Ключевые слова: жизнь, здоровье, ответственность, турист, возмещение.

This article discusses the features of compensation of harm, caused to life and health of the tourist, according to the legislation of the Republic of Kazakhstan. The correlation of norms of the legislation on tourist activity with the General provisions on compensation of harm of life and health is shown. Attention is paid to the incorporation of norms on liability for harm to life and health in the contract on rendering of tourist services. Examples from the practice on compensation of harm for life and health of tourists are analyzed. Key categories in these relations are identified.

Key words: life, health, liability, tourist, compensation of harm.

Мақалада Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша туристің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу ерекшеліктері қарастырылады. Туристік қызмет туралы заннамасы мен адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеудің жалпы ережелері мен арақатынасы көрсетілген. Туристік қызметтер шартында адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зияны үшін жауапкершілікті көрсету мәселелеріне көніл бөлінген. Туристің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу тәжірибе мысалдарына талдау жасалынды. Аталаған қатынастардың негізгі категориялары анықталды.

Түйін сөздер: өмір, денсаулық, жауапкершілік, турист, зиянды өтеу.

**ОСОБЕННОСТИ
ВОЗМЕЩЕНИЯ ВРЕДА,
ПРИЧИНЕННОГО
ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЮ
ТУРИСТА, ПО
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

Отдых, новые впечатления, достопримечательности, положительные эмоции – все это манит каждого человека, отягощенного будней рутиной и мечтающего об отдыхе. Туризм во всех его проявлениях и разновидностях предоставляет такую возможность. Но не все так радужно, как может показаться с первого взгляда. Средства массовой информации пестрят примерами, когда туристы возвращаются с отдыха с различными заболеваниями,увечьями либо, к сожалению, погибают [1]. Недавняя ситуация с авиакатастрофой российского самолета стала еще одним подтверждением того, что вопросы безопасности туристов являются краеугольным камнем.

Статья 26 Закона Республики Казахстан «О туристской деятельности» под безопасностью туристов понимает личную безопасность туристов, сохранность их имущества и непричинение ущерба окружающей среде во время путешествий, а также комплекс мер, направленных на предотвращение использования туризма в целях незаконной миграции и транзита в третьи страны, сексуальной, трудовой и иной эксплуатации граждан. Уполномоченный орган обязан информировать лиц, осуществляющих туристскую деятельность, и туристов о возможных опасностях для туристов в стране (месте) временного пребывания [2].

Лица, осуществляющие туристскую деятельность, обязаны за три дня до начала путешествия в письменной форме предоставить туристам сведения об особенностях путешествий, включающие в себя необходимую и достоверную информацию о правилах въезда, выезда и пребывания в стране (месте) временного пребывания, о законодательстве, об обычаях местного населения, о религиозных обрядах, святынях, памятниках природы, истории, культуры и других объектах туристского показа, находящихся под особой охраной, состоянии окружающей среды, а также об опасностях, с которыми они могут встретиться при совершении путешествий, и осуществить предупредительные меры, направленные на обеспечение безопасности туристов.

Туристы, предполагающие совершить путешествие в страну (место) временного пребывания, обязаны проходить профилактику в соответствии с международными медицинскими требованиями.

Для рассмотрения особенностей возмещения вреда, причиненного жизни и здоровью туриста, в первую очередь, необходимо рассмотреть понятие туриста и установить особенности его правового статуса в отношении ответственности за вред жизни и здоровью.

В соответствии с нормой пункта 7 статьи 1 Закона Республики Казахстан «О туристской деятельности» турист – физическое лицо, посещающее страну (место) временного пребывания на период от двадцати четырех часов до одного года и осуществляющее не менее одной ночевки в ней (в нем) в оздоровительных, познавательных, профессионально-деловых, спортивных, религиозных и иных целях без занятия оплачиваемой деятельностью [2].

Однозначно, турист является субъектом отношений по возмещению вреда жизни и здоровья гражданина как физическое лицо.

Особенностями правового статуса туриста как субъекта, потерпевшего от причинения вреда жизни и здоровью гражданина, могут стать ключевые признаки категории «турист».

Во-первых, туристом физическое лицо будет в момент или период временного пребывания в стране или месте, не являющемся его местожительством.

Следовательно, особо важным будет определение момента причинения вреда жизни и здоровью гражданина. Например, гражданин Республики Казахстан находится в отпуске с 1 по 15 июня и планирует отправиться в отпуск в другое государство с 3 по 10 июня. В результате употребления просроченного продукта 2 июня его здоровью был причинен вред. Но поскольку в момент отравления данное физическое лицо не покинуло пределы постоянного места жительства, туристом считаться не будет.

Более того, период временного пребывания физического лица в качестве туриста определяется длительностью от 24 часов до 1 года либо, как минимум, одной ночевкой.

Во-вторых, законодателем определена цель временного пребывания физического лица в качестве туриста.

В качестве таковых означены: оздоровительная, познавательная, профессионально-деловая, спортивная, религиозная и иные цели без занятия оплачиваемой деятельностью.

Следует вкратце остановиться на отдельных целях туризма.

Оздоровительная цель туризма предполагает предупреждение заболеваний, лечение либо восстановление после болезни.

Поскольку основная цель туризма в данном случае напрямую связана со здоровьем и жизнью туриста, данный вид представляет особый интерес. В рамках оздоровительного туризма вред может быть нанесен в виде усугубления состояния вплоть до смерти, а также несчастный случай.

Познавательная цель туризма является наиболее распространенной, поскольку подсчитать реальное количество туристов не представляется возможным. Это связано с тем, что немалая часть туристов путешествует самостоятельно. А во-вторых, организация безвизовых связей между государствами позволяет перемещаться неограниченное количество раз.

Профессионально-деловой и спортивный туризм связаны, чаще всего, с участием в различным профессионально-ориентированных мероприятиях.

Ярким примером религиозного туризма является священный хадж в Мекку. Но и одним из примеров, когда вопрос о безопасности туристов практически не обеспечен [3].

Неисчерпывающий перечень видов туризма предполагает, что ключевым будет факт, что цель туризма не должна быть связана с оплачиваемой деятельностью.

Исходя из вышеизложенного, следует, что вред жизни и здоровью туриста может быть причинен по трем основным причинам: как результат действий иных лиц либо как результат действий самого туриста, либо результат несчастного случая.

В аспекте рассматриваемого вопроса наименьший интерес представляет причинение вреда жизни и здоровью туриста в результате его собственных действий. Поскольку потерпевший вред в данном случае является и виновным в данных действиях.

Причинение вреда жизни и здоровью туриста в результате несчастного случая напрямую связано с вопросами добровольного страхования.

Статья 27 Закона Республики Казахстан «О туристской деятельности» гласит: «В случаях, предусмотренных международными договорами, законодательством страны (места) временного пребывания, туроператор реализует туристскую путевку, предполагающую выезд за границу, при условии представления туристом свидетельства о страховании жизни и здоровья» [2].

Такой договор в обязательном порядке должен предусматривать оплату медицинской помощи туристам и возмещение их расходов при

наступлении страхового случая непосредственно в стране (месте) временного пребывания.

Соответственно, при причинении вреда жизни и здоровью туриста в результате несчастного случая возмещение будет выплачено страховой выплатой.

Что касается возмещения вреда, причиненного жизни и здоровью туриста в результате действий иных лиц, начиная от турагента, туроператора, чья гражданско-правовая ответственность должна быть застрахована, заканчивая любыми физическими и юридическими лицами.

В таком случае вред, причиненный жизни и здоровью туриста возмещается по общим правилам возмещения вреда жизни и здоровью гражданина [4].

При причинении гражданинуувечья или иного повреждения здоровья возмещению подлежит утраченный потерпевшим заработка (доход), который он имел либо определенно мог иметь, а также расходы, вызванные повреждением здоровья (на лечение, дополнительное питание, приобретение лекарств, протезирование, посторонний уход, санаторно-курортное лечение, приобретение специальных транспортных средств, подготовку к другой профессии и другие), если признано, что потерпевший нуждается в этих видах помощи и ухода и не получает их бесплатно.

Размер подлежащего возмещению утраченного заработка (дохода) определяется в процентах к среднему месячному заработку (доходу) доувечья или иного повреждения здоровья.

В случае смерти гражданина право на возмещение вреда имеют нетрудоспособные лица,

состоявшие на иждивении умершего; ребенок умершего, родившийся после его смерти, а также один из родителей, супруг либо другой член семьи, независимо от трудоспособности, который не работает и занят уходом за находившимися на иждивении умершего его детьми, внуками, братьями и сестрами, не достигшими четырнадцати лет.

Вред возмещается в размере той доли заработка (дохода) умершего, которую они получали или имели право получать на свое содержание при его жизни.

Возмещение вреда, связанного со снижением трудоспособности или смертью потерпевшего, производится ежемесячными платежами.

Лица, ответственные за вред, связанный со смертью потерпевшего, обязаны возместить необходимые расходы на погребение лицу, понесшему эти расходы.

В случае причинения вреда туриstu в иностранном государстве, равно как иностранному туриstu в Республике Казахстан, получат применение нормы международного частного права. Права и обязанности по обязательствам, возникающим вследствие причинения вреда, определяются по праву страны, где имело место действие или иное обстоятельство, послужившее основанием для требования о возмещении вреда.

Таким образом, особенности возмещения вреда, причиненного жизни и здоровью туриста, определяются наличием возможного личного страхования либо необходимости определения факта причинения вреда именно в период туризма.

Литература

- 1 <http://www.rusadventures.ru/memorial.aspx?companyID=3210>
- 2 Закон Республики Казахстан от 13 июня 2001 года N 211 «О туристской деятельности» с изменениями и дополнениями // ИС Параграф.
- 3 <http://today.kz/news/world/2015-09-11/626197-na-glavnii-mecet-mekki-upal-stroitelnyj-kran-pogibli-62-celoveka>
- 4 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая и Особенная части) с изменениями и дополнениями // ИС Параграф.

References

- 1 <http://www.rusadventures.ru/memorial.aspx?companyID=3210>
- 2 Zakon Respublikii Kazahstan ot 13 iyunja 2001 goda N 211 «O turistskoj dejatel'nosti» s izmenenijami i dopolnenijami // IS Paragraf.
- 3 <http://today.kz/news/world/2015-09-11/626197-na-glavnii-mecet-mekki-upal-stroitelnyj-kran-pogibli-62-celoveka>
- 4 Grazhdanskij kodeks Respublikii Kazahstan (Obshchaja i Osobennaja chasti) s izmenenijami i dopolnenijami // IS Paragraf.

Мейірбекова Г.Б.

**Азаматтық істерді соттың
қарауына өзірлеудегі
судьяның рөлі**

Мақала азаматтық істерді сот талқылауына өзірлеудегі судьяның рөліне арналған. Азаматтық істерді сот талқылауына өзірлеу азаматтық іс жүргізуін міндетті сатысы ретінде қарастырылады. Автор азаматтық істерді сот талқылауына өзірлеудегі судьяның әрекеттеріне жеке тоқталады. Азаматтық істі сот отырысына өзірлеу туралы сот үйғарымының маңызына мән беріледі. Мақалада сондай-ақ, автормен жаңа ҚР АІЖК бойынша сот отырысына өзірлеу мерзімдерінің өзгергенін тілге тиек етеді.

Түйін сөздер: азаматтық істі өзірлеу, сот үйғарымы, істі өзірлеу мерзімі, соттың қарауы.

Meirbekova G.B.

**The role of the judge in the
preparation of a civil case to trial**

Меирбекова Г.Б.

**Роль судьи в подготовке
гражданского дела
к судебному разбирательству**

The article focuses on the role of civil judge preparing cases for trial. Preparation of cases for trial is seen as a mandatory stage of civil process. Author dwelled on the actions of the judge preparing the case for trial, notes the importance of the judge's ruling on the preparation of cases for trial. In the article the author also address changes in terms of preparation for trial on the new Code of Civil Procedure of RK.

Key words: Preparation of civil cases, legal definition, the term preparation of the case.

Статья посвящена роли судьи в подготовке гражданских дел к судебному разбирательству. Подготовка дел к судебному разбирательству рассматривается как обязательная стадия гражданского процесса. Автор отдельно остановился на действиях судьи в подготовке дела к судебному разбирательству, отмечается, важное значение судьи. В статье автором также затронут вопрос изменения сроков подготовки к судебному разбирательству по новому ГПК РК.

Ключевые слова: подготовка гражданских дел, судебное определение, сроки подготовки гражданского дела, судебное разбирательство.

АЗАМАТТЫҚ ИСТЕРДІ СОТТЫҢ ҚАРАУЫНА ӘЗІРЛЕУДЕГІ СҮДДЯНЫҢ РӨЛІ

Елбасымыздың «100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт Жоспарында қарастырылған шараларды іске асыру жолында Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі дайындалып, оны Қазақстан Республикасының Парламенті толығымен мақұлдады және 2015 жылғы 31 қазанды ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бұқаралық ақпарат құралдарының алдында жария түрде Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексіне қол қоюы – бұл құжаттың маңызы зор екендігін көрсетеді. Жаңа кодекстің негізі мақсаты: азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруды женілдету әрі тездету, сотқа қатынасуышы жақтардың өзара келісімге келуінің және татуласуының құқықтық негіздерін қалыптастыру болып табылады. Ол үшін азаматтық істі сот отырысына әзірлеу сатысының маңызы зор болып саналады.

Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу бірінші сатыдағы соттың іс жөніндегі іс-әрекетінің қажеттілігі болып табылады және ол тараптар ұсынған дәлелдемелер мен колданылуға жататын материалдық құқық нормаларына сәйкес тараптардың занды құқықтары мен міндеттерін, олар ұсынған дәлелдемелерді сот отырысында толық, жан-жақты және обьективті түрде зерттеп, занды және негізгі сот актісін шығару үшін қажетті жағдайлар тудырады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодекстің істі соттың қарауына әзірлеуді қамтамасыз ету жөніндегі 166-бабының 2-бөлігінде көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында судьялар арыздарды сот өндірісіне қабылдаған кезден бастап, сотқа берілген арыздардың дәлелдемелерін негізділігі ҚР АІЖК-нің 150 және 151-баптардың талаптарына сәйкес келуін ескерулері кажет [1].

ҚР АІЖК-нің 168-бабына сәйкес судья әр іс бойынша істі соттың қарауына әзірлеу туралы үйгарым шығаруы тиіс. Үйгарымда, даудың санатын ескере отырып, онын сот отырысында уақытылы және дұрыс шешілудің қажет болып табылатын нақты әрекеттер көрсетілуі тиіс және істі соттың қарауына әзірлеу туралы үйгарымға шағым немесе наразылық келтіруге болмайды.

ҚР АІЖК-нің 14-бабына сәйкес, сотқа арыз қай тілде берілсе, сот өндірісі де сол тілде жүргізіледі деп есептеу керек. Егер талапкерден арыз берілген тілді өзгерту туралы өтініші келіп түссе, онда судья ҚР АІЖК-нің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот талқылауы жүргізілетін сот өндірісінің тілі туралы үйғарым шығаруға міндетті.

Судьялар азаматтық істерді соттың қаруына әзірлеген кезде ҚР АІЖК-нің 47-бабында көрсетілген процессуалдық құқықтар мен міндеттерді, оның ішінде мәлімдеген талаптарын негіздейтін дәлелдемелер немесе оларға келтірілген қарсылықтарын ұсынуға міндетті және процессуалдық міндеттерді орындаудың құқықтық салдары туралы талапкерлер мен жауапкерлерге түсіндіруі тиіс.

Тараптардың не жауапкерлердің өтініші бойынша дәлелдемелер сұратуға жәрдемдесе отырып, судья істі сот талқылауына дайындаған кезде, ол дәлелдемелердің бір-бірінен артықшылығы туралы пікірін білдіруге қақысы жоқ [2, 58 б].

Мұлік туралы дауларды тараптардың аралық сотқа тапсыруға құқығы бар екендігін, оны қалай жүзеге асыруға болатыны процессуалдық тәртіпті және оның құқықтық салдарын түсіндіргені жөн. Алайда, тараптардың осындай құқықтары түсіндірілмегені туралы уәждері, азаматтық істі сот талқылауына тиісті түрде әзірленбеді деп саналмайды.

Егер істі сот талқылауына дайындау кезінде талапкердің сот немесе басқа да талаптары, ал жауапкердің талапкерге қарсы талаптары бар екені анықталса, онда судья талапкердің қосымша талап ұсынуға, ал жауапкердің қарсы талап қоюға құқықтарын түсіндіреді [3, 58 б].

Істі соттың қаруына әзірлеу барысында судья талапкердің талап арызды қамтамасыз ету туралы өтінішін қаруға құқылы.

Занға сәйкес судья жауапкерге талапты қамтамасыз ету шараларымен келтірілуі мүмкін шығындардың орнын толтыру үшін талапты қамтамасыз ету туралы өтініш берген тараптан ақшалай немесе өзге мүлікті талап етуге құқылы [4, 58 б].

Судья азаматтық істі сот талқылауына дайындауды, егер Азаматтық іс жүргізу кодексінде немесе өзге заң актілерінде басқа мерзімдер көрсетілмесе, арыз сот өндірісіне қабылданып, азаматтық іс қозғалған күннен бастап бұрынғы 1999 жылы 13 шілдеде қабылданған Азаматтық іс жүргізу кодексі бойынша жеті күннен кешік-

тірмей өткізуі тиіс болса, 2015 жылы 31 қазанда қабылданған Азаматтық іс жүргізу кодексі бойынша бұл мерзім 15 жұмыс күніне ұзартылды.

Азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы істер бойынша істі соттың қаруына әзірлеу мерзімі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында осындағы істің қозғалуы туралы судья үйғарымы жарияланған күннен бастап үш ай құрайды.

Сот ҚР АІЖК-нің 273-бабының 1-бөлігіне сәйкес сайлауға дейін бес күн бұрын және сайлау күні келіп түскен азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, сайлау комиссия мүшелерінің сайлау құқықтарының бұзылуы туралы арыздары бойынша істі арыз берілген күні дайындалп, сол күні оны мәнісі бойынша қару керек. Бұл санаттағы даулар бойынша істі соттың қаруына әзірлеу мерзімі ұзартылуға жатпайды.

ҚР АІЖК-нің 167-бабында көрсетілген алименттерді өндіру туралы жәбірленушілерге мертігуден немесе денсаулығына өзге де закымнан келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша және еңбек қатынастарына туындастын барлық талаптар бойынша істерді соттың қаруына әзірлеу мерзімдері ұзартылуға жатпайды. Истердің басқа санаттары бойынша судья ерекше жағдайларда күрделі істер бойыншаға мерзімді бір айға дейін ұзарта алады.

Судьяның істі соттың қаруына әзірлеу әрекеттерін онбес күн мерзім ішінде немесе кейір санаттары үшін заң актілерінде көрсетілген мерзім ішінде бітіруі мүмкін болмағанда, ол ерекше жағдай деп танылады. [5, 79 б].

ҚР АІЖК-нің 173-бабына сәйкес судья істі соттың қаруына әзірлеу туралы үйғарымда көрсетілген барлық әрекеттерді орындағаннан кейін, іс сот талқылауына дайын деп есептеліп, азаматтық істі сот отырысына тағайындау туралы үйғарым шығарады.

Еліміздің 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын барынша іске асыру, жеке адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекет мүддесін уақытылы қорғау және қалпына келтіру мақсатында Азаматтық істерді дұрыс уақтылы мерзімінде шешу үшін соттың отырысына әзірлеудегі судьяның рөлі өте зор.

Әдебиеттер

- 1 КР Азаматтық іс жүргізу кодексі 31.10.2015 ж.
- 2 Звягинцева Л.М., Блюхина М.А., Решетникова И.К. Доказывания в судебной практике по гражданским делам. – М., 2000.
- 3 Баймодина З.Х. Исковой порядок защиты прав в суде: научно-практическое пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2001.
- 4 Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Жалпы бөлім. Ерекше бөлім: оку құралы. – Караганды: Болашак-Баспа, 2007. – 102 б.
- 5 Касенова А.Ж. Талап кою құқығын іске асырудың шарттары (өзекті мәселелері): з.ғ.к. д. – Алматы, 2006.

References

- 1 KR Azamattyk is zhýrgizu kodeksi 31.10.2015 zh.
- 2 Zvjaginceva L.M., Bljuhina M.A., Reshetnikova I.K. Dokazyvanija v sudebnoj praktike po grazhdanskim delam. – M., 2000.
- 3 Bajmoldina Z.H. Iskovoij porjadok zashhity prav v sude: Nauchno-prakticheskoe posobie. – Almaty: Zheti zhargy, 2001.
- 4 Egemberdiev E.O. Kazakstan Respublikasynyn azamattyk is zhurgizu kukygy: Zhalpy bolim. Ereksh bolim. Oku kuraly. – Karagandy: Bolashak-Baspa, 2007. – 102 b.
- 5 Kasenova A.Zh. Talap koju kukygyn iske asyrudyn sharttary (ozekti maseleleri). Z.g.k. d. – Almaty, 2006.

Бисалиева И.А.

**Қазіргі қазақстандық
азаматтық құқықта негізсіз
баю салдарынан туындағын
міндеттемелер пайда болатын
негіздерді талдау**

Bissalieva I.A.

**Analysis of the grounds for the
emergence of obligations from
unjust enrichment in modern
Kazakh civil law**

Бисалиева И.А.

**Анализ основания
возникновения обязательств
из неосновательного
обогащения в современном
казахстанском гражданском
праве**

Бұл мақалада азаматтық құқықта негіzsіz баю салдарынан туындағын міндеттемелердің пайда болу мәселелері қарастырылған. Қазіргі кезде азаматтық айналымда, шарттық міндеттемелермен қатар, азаматтық құқық субъектілерінің мұddeлелерін қорғауда, шарттық емес міндеттемелерін пайдалану көбейгендігі сот тәжірибесімен дәлелденеді. Азаматтық құқықта шарттан тыс қорғаушылық міндеттемелердің бір түрі – негіzsіz баю салдарынан туындағын міндеттемелер, мақсаты меншікті қорғау. Бүгінгі күні, негіzsіz баю салдарынан туындағын құқықтық қатынастардың іргелі мәселелеріне ортақ түсіністік пен көзқарастың болмауы, құқық қолдану тәжірибесінің бірқалыпсыздығы, заннаманы жетілдіру үдерісінің қарқындауы, жиынтықта ұсынылып отырған мақаланың өзектілігін анықтайды.

Түйін сөздер: міндеттеме, негіzsіz баю, иелену, жинақтау, иелеңүші, зандық оқиға.

In this article discusses the questions of the origin of obligations from unjust enrichment in the civil law. One type of non-contractual enforcement of obligations in the civil law – obligations due to unjust enrichment with the purpose of protecting the property. To date, the lack of uniform understanding and approach to fundamental problems of legal relationship of unjust enrichment, ambiguity in legal practice, strengthening the process of improving the legislation, together determine the relevance of the proposed to the reader article.

Key words: obligation, unjust enrichment, acquisition, conservation, transferee, victim, legal facts.

В данной статье рассматриваются вопросы возникновения обязательств из неосновательного обогащения в гражданском праве. В настоящее время в гражданском обороте, наряду с договорными обязательствами, все большее применение при защите интересов субъектов гражданского права, получили внедоговорные обязательства, что доказывается судебной практикой. Один из видов внедоговорных охранительных обязательств в гражданском праве – обязательства вследствие неосновательного обогащения, имеющие целью охрану собственности. На сегодняшний день отсутствие единого понимания и подхода к основополагающим проблемам правоотношений из неосновательного обогащения, неоднозначность правоприменительной практики, активизация процесса совершенствования законодательства в совокупности предопределяют актуальность предлагаемой читателю статьи.

Ключевые слова: обязательство, неосновательное обогащение, приобретение, сбережение, приобретатель, юридический факт.

Қазұтыну одағы Қарағанды экономикалық университеті,
Қашықтықтан Оқыту Орталығының Астана екілдігі,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
E-mail: inkusha@mail.ru

**ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
АЗАМАТТЫҚ
ҚҰҚЫҚТА НЕГІЗСІЗ
БАЮ САЛДАРЫНАН
ТУЫНДАЙТЫН
МІНДЕТТЕМЕЛЕР
ПАЙДА БОЛАТЫН
НЕГІЗДЕРДІ ТАЛДАУ**

Азаматтық құқықтарды сақтау мен қорғау азаматтық заңнаманың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Профессор Ю.Г.Басин атап өткендей, «сақтау мен қорғау – байланысты түсініктер. Сақтау – бұл, бұзушылықты болдырмау үшін, оны тоқтату, оның ортақ қауіпін жоюға қабылданатын шаралар жүйесі болып табылады. Алайда, бұзушылық жасалған не нақты болжанған ретте, қорғау туралы айтуға болады» [1, 212 б.]. Расында да субъективтік құқықтарды сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету, бұл азаматтар құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыру кепілдігі. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі [2] азаматтық құқықтар бұзылған жағдайда қорғау жөніндегі нақты шараларды қарастыратын нормаларды қамтиды (9,10 б.б. және басқалары).

Негіzsіz баю салдарынан туындаитын міндеттемелерді шарттан тыс міндеттемелерге жатқызу себебі, міндеттемелер шарттан емес, ал негіzsіz баю фактісінен туындаиды. Негіzsіz баю институтының негізгі қағидасы – азаматтық айналым қатысуышыларының құқықтарын, олардың мұліктік саласына кол сұғушылықтан қорғау.

Негіzsіz баю салдарынан туындаитын міндеттемелер, қазіргі кезде белгілі немесе өзге де нысанда барлық дерлік құрлықтық Еуропаның құқықтық жүйесіне белгілі, ол рим құқығының «*condictio*» институтынан кірме сез нәтижесі болып табылады [3, 285-287 б.]. Рим адвокаттарының пікірі нәтижесінде «*condictio sine causa*» [4] санатына: шын мәнінде жоқ, қарызды қате төлеу, (*condictio indebiti*); талапкердің жауапкерге қандайда бір мақсатқа жету үшін, бастапқыдан-ақ қол жеткізу мүмкін болмаған немесе кейінірек туындаған, ақша сомасын немесе жылжымалы затты беруі (мысалы, жалған өсіет бойынша мұра алу, қалың мал ретінде акша беру, ал кейін некенің қыылмауы). Барлық осы жағдайларда мұлікті алушы *condictio* талабы бойынша негіздері болмағандықтан, одан алынған мұлікті алып қоюға қарсылық білдіре алмады. Юстиниан Дигесттерінде [5] жіктелген *condictio* әр түрлі типтері мен түрлері, сондай-ақ, *condictio sine causa* жалпы құрылымы [6] негіzsіz баю салдарынан туындаитын міндеттемелер туралы нормаларды жасауға негіз болды. Қазақстан Республикасында

кондикциялық міндеттемелер ҚР Азаматтық кодексінің 48 тарауымен реттеледі.

Негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелер туралы алғашқы заңды түсінік 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңмен бекітілген Қазақ ССР Азаматтық кодексінде пайда болды. Осы Кодекстің 467 бабында «Заңмен немесе мәмілемен белгіленген жеткілікті негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға, негізсіз иеленіп алған немесе жинақталған мүлікті қайтаруға міндетті» деп көрсетілген болатын [7].

Негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелердің қолданыстағы құқықтық түсінігі ҚР Азаматтық Кодексінің 953 бабының 1 тармағында қарастырылған «Заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), негізсіз иеленіп алған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті». Анықтамаға сүйенсек, негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемеде кредитор болып жәбірленуші, борышкер болып – сатып алушы (негіссіз иеленіп алған немесе жинаған тұлға) анықталған. Азаматтар мен заңды тұлғалар қаралып отырган міндеттемениң субъектілері болуы мүмкін. Негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелердің негізгі мақсаты, негізсіз мүліктік пайда алған, сатып алушы мен жәбірленушінің мүлік саласын қалпына келтіруі, сондай-ақ, сатып алушы үшін негізсіз жинақталған мүлікті жәбірленушіге беруден тұрады.

Негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелердің объектісі – басқа тұлғаның есебінен алғынған немесе жинақтаған мүлік. Екі жағдайда да байлық деп, ҚР АК 115 бабында қарастырылған «мүлік» мағынасында түсінеміз. Сондықтан да, мүлік болып табылмайтын, негізсіз баюдың объектісі бола алмайды. Негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелердің пайда болуына сан алуан заңды оқиғалар (фактілер) негіз болады, алайда, бұған қарамастан негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелер субъектілердің меншік құқығын және басқа құқықтарын қорғайтын дербес шарттан тыс инситуттың құрайды.

ҚР Азаматтық Кодекстің 953 б. 1 т. талдау нәтижесінде, негізсіз баю немесе мүлікті жинақтаған салдарынан туындастатын міндеттемелердің нақты құрамы, келесідей белгілерден құралады:

1) бір тұлға мүлікті басқа тұлғаның есебінен иеленіп алды немесе жинақтайды;

2) мүлік заннама немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз алғынады.

Бір тұлғамен мүлікті басқа тұлғаның есебінен иеленіп алуды – бір тұлғаның мүлік көлемінің ұлғаюын және бір мезгілде оның көлемінің басқасында азаюын білдіреді. Иелену сатып алушының тиісті шығындарды шығармай, мүлік санының өсуін, оның бағасының өсуін ұйғарады, мысалы, мекеме жеткізілген тауар үшін бірнеше рет төлем жасауды және т.б. Мүлікті жинақтау, өз қаражаттарын жұмысайды тиіс болған тұлға, басқа тұлғаның шығындары арқасында, не басқа тұлғага тиісті сый ақыны ұстап қалу нәтижесінде, оларды жұмысамаудың білдіреді. Мысалы, банк төлем тапсырмалары бойынша басқа ұйымның шотынан ақшаны қате шығарып тастанаса, онда бір ұйымда мүлікті жинақтау және басқасында оның тиісінше азауы айқын. Егер тұлға меншік иесінің келісімінсіз, оған сый ақы төлемей, затты пайдаланса, басқа тұлғага тиісті сый ақыны ұстап қалу нәтижесінде мүлікті жинақтау орын алады.

Негізсіз иелену немесе жинақтау әрекеттер жөне оқиғалар салдарынан пайда болуы мүмкін. Мүлікті негізсіз иеленуге (жинақтауға) әкеп соғатын әрекеттер сан алуан. Бұл жәбірленушінің өзінің әрекеттері болуы мүмкін: өзгөнің борышын төлеу, төленген салықты қайтадан төлеуде және т.б.; үшінші тұлғалардың әрекеттері (жүкті жүккүжатында қөрсетілген алушыға емес, қате басқа тұлғага беру және т.б.); мүлікті сатып алушының (иеленушінің) өз әрекеттері (бір текес тұлғаның атына келген, пошталық аударуды алу және т.б.).

Әрекеттер заңды, сондай-ақ, заңсыз болуы мүмкін. Егер, сенім білдірілген өкіл, сенім білдірушінің тапсырмасын жетік зерттемей, соғысының борышын несие берушіге емес, басқа тұлғага табысталаса, онда айқын заңсыз әрекет. Бірақ, егер сенім білдіруші өзі қателесіп тапсырма шартында басқа тұлғаны қөрсетсе, онда сенім білдірілген өкілдің әрекеттері заңды. Негізсіз баю басқасын мүддесіне іс-әрекет жасау салдарынан да туындауы мүмкін. Мәселен, егер әрекеттер, тікелей басқасын мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған болса, оның ішінде оны жасаған адам өз мүддесіне іс-әрекет жасағанын қате болжаған жағдайда да басқа адамның негізсіз баюына әкеп соқса (АК 862 б.).

Негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелерді туындастатын оқиғалар да саналуан. Мәселен, су тасқыны, дауыл және т.б. Әрекет пен оқиғаның айырмашылығына келетін болсақ, әрекет – адамдардың іс-әрекеттеріне

байланысты, ал оқиға байланысты емес. Негісіз баю салдарынан туындастын міндеттемелерді туғызатын заңды оқиғалардың (фактілердің) әр түрлі сипаттылығы, АК 953 б. 3 т. нормасын енгізуге себеп болды, оған сәйкес АК 48 тарауда қарастырылған негісіз баю салдарынан туындастын міндеттемелер туралы ережелер, негісіз баю мүлікті иеленушінің, жәберленушінің өзінің немесе үшінші тұлғалардың пигылышын әтижесі не оқиғаның салдары болып табылғанына карамастан колданылады.

Негісіз баю салдарынан міндеттеменің пайда болуы үшін нақты құрамының екінші белгісі ретінде (мүлікті бір тұлғамен басқа тұлғаның есебінен сатып алу (жинақтау) фактісі бар болғанынан басқа, ол туралы жоғарыда айтылған болатын), мүлік негіздерісіз алынған (иеленген) немесе жинақталған болу қажет. Заңға, басқа да құқықтық акті немесе мәмілеке негізделмеген иелену немесе жинақтау негізіз болып саналады. Басқаша айтқанда, иеленіп алынғаның (жинағаның) негіzsіздігі жөнінде, ол заңды (құқықтық) негізден айырылған болса, айтуға болады: сәйкес құқықтық норма, әкімшілік актісі немесе мәміле жоқ жағдайда. Мысалы: шаруа қожалығымен жалдауға алынған жұмысшылар жаңсақ бойынша көрші қожалықтың өнімін жинаса және оларды жалдап отырған қожалықтың өніммен косса, негісіз иеленгені айқын болады. Ал егер, жұмысшыларды жалға алған қожалық, көрші қожалықтың жер телімін жалдап отырса, осы телімнен жиналған өнім негізді болып табылады, өйткені жалға беру келісім-шартқа сүйенеді. Егер, субъект үәкілетті емес мемлекеттік органмен тапсырылған мемлекеттік мүлікті пайдаланып отырса, негісіз мүлік пайдалануы орын алады. Егерде субъект үәкілетті мемлекеттік органның актісі негізінде мемлекеттік мүлікті пайдаланса, онда пайдалану заңды негізделген болады.

Заңға негізделген және негісіз иеленудің айырмашылығын, негісіз баю туралы нормалар мен затты айрықшалау туралы ережелерді салыстыру барысында байқаймыз. АҚ 237 б. 2 т. сәйкес, егер шартта өзгеше көзделмесе, өз материалдарынан дайындалған затқа меншік құқығын алған материалдардың меншік иесі ол затты өндеуді жүзеге асырган адамға оның құнын етеуге, ал ол адам жаңа затқа меншік құқығын алған ретте соңғысы материалдардың меншік иесіне олардың құнын қайтаруға міндettі. Осылайша, екінші жағдайда – заң нұсқамасының құши-не негізделген – өндеуді жүзеге асырган тұлға, жаңа затқа меншік құқығына ие болады, бірақ ол

материалдардың құнын меншік иесіне қайтаруға міндettі, немесе басқа жағдайда осы тұлға материалдардың меншік иесінің арқасында негісіз баюы мүмкін. Одан басқа, АҚ 953 б. 2 т. сәйкес, мүлік иеленіп алынған немесе жинақталған негізі бойынша, кейіннен жоққа шыққанда да, қайтару міндettі туындасты. Құқықтық негіздің жоққа шығуы мүлікті иеленудің (жинақтаудың) заңды негізділігі туралы айтуға болатын жағдайдың жойылуын білдіреді. Осылай, ол әрекеттің кері күші бар жана құқықтық норманы қабылдаған жағдайда пайда болады, ал бұл жүзеге асырылған орындаудың негізін жоюына әкеледі. Сондай-ақ, иеленудің (жинақтаудың) негізі жойылуының басқа жағдайы заң күшіне енген сот шешімін, жоғары тұрған инстанция соты қүшін жоюы немесе сотпен нотариустың орындау жазуын жарамсыз деп тануы, осы жазу негізінде мүлік өндіріліп алынған болса, болуы мүмкін.

Мүлікті иеленудің (жинақтаудың) негізі мүлікті табыстау бойынша әрекеттерді орындаудың заңды максаты жойылғанда да жоққа шығуы мүмкін. Бұл, егер жалға алушы, жалға берушіге одан ұрлап алған заттың құнын толтырса, ал кейін бұл зат табылып жалға берушіге қайтаратып берілсе, онда жалға алушы жасаған төлем негізі жоққа шыққаны деп саналады. Мәміле жарамсыз деп танылғанда және мүлікті беру үшін заңды негізі жоққа шығады [8]. Өсiet бойынша мұрагер, ақшаны жұмсап немесе мүлікті пайдаланып, онымен өсiet бойынша мұрагерлік тәртібімен алынған, кейін өсiet жарамсыз деп саналған кезде заңды мұрагерлер құқықтарын қалпына келтіруімен, негісіз иелікке алушы ретінде іс жүзінде танылады, өйткені заңды мұрагерлер есебінен пайданы негісіз шығарып алған, ал бастапқыда жүзеге асырылған негіз (өсiet) жоққа шықты.

Колданыстағы заңнамамен сәйкес келісім-шартты бұзу кезінде де заңды негізі жоққа шығады. АҚ 453 б. 2 т. сәйкес, келісім-шартты бұзу барысында екі жақтың міндеттемелері тоқтатылады. Демек, келісім-шарт бұзылса, осы шарт бойынша борышқор нақты алған тауар үшін, белгілі ақша сомасын төлеу бойынша міндеттемесін орындалмаса, сол төленбеген қараждат борышқордың негісіз жинақтауы болып саналады. Осылайша, заңды негізі (бұзылған келісім-шарттың) жоққа шығу аясында, ақшаны төлеу бойынша орындалмаған шарттың міндеттеме, негісіз жинақтау ретінде қайтару міндettіне айналады.

Азаматтық Қодекстің 953 б. негізделген қағидатта сүйенсек, (зандармен немесе мәміле-

мен белгіленген негіздерсіз басқаның есебінен баюға ешкім құқылы емес) баюдың негізсіз болуы оны объективті занға қайшы етіп қояды.

Сөйтіп, негізсіз мүлікті иелену немесе жинақтаудан міндеттемелердің пайда болуы туралы, адамдардың әрекеті немесе оқиғалар бір тұлғаның жағында, басқаның есебінен занды негізделмеген мүліктік пайда туғызған, құқыққа қайшы нәтижеге әкелетін жағдайларды айтуға болады.

Дәл осы құқыққа қайшы нәтиже занды негізделмеген мүліктік пайда алу ретінде, иеленген тұлғага өтетін, негізсіз баюдың салдарынан міндеттемелердің пайда болуы үшін нақты негізі болып табылады. Бірақ, осыдан, негізсіз баю барлық жағдайларда байлыққа иеленген тұлғаның құқыққа қайшы қылышының нәтижесі болады деп есептелмейді. Анық, осындағы түсінік арқылы негізсіз баю институты дербес маңыздылығынан айырылып және зиян келтіру салдарынан туындастын міндеттемелерімен ұштасып кетеді. Алайда, көп жағдайларда негізсіз баюды туыннатқан әрекеттердің занға қайшы сипаттамасы туралы қорытынды негізделмеген болар еді. Біріншіден, өйткені жоғарыда көрсетілгендей, негізсіз баю адамның мінез-құлқы салдарынан ғана болмай, сонымен қатар табиғат күштерінің әсерімен және т.б. болуы мүмкін. Екіншіден, негізсіз баю жиі жәбірленушінің өзінің мінез-құлқы нәтижесінен

пайда болады, сондай жағдай оның мүлігінен айырылуына және керісінше, басқа тұлғада жинақталуына себеп болады. Үшіншіден, негізсіз баю – үшінші тұлғалардың әрекеттерінің нәтижесі болуы мүмкін, мысалы, борышқордың міндеттемесін үшінші тұлғаның орындауы және т.б. Төртіншіден, егер байыған тұлғаның өзінің мінез-құлқы нәтижесінен пайда болса да, бұл жағдай кейде мінсіз болмайды, әсіресе, негізсіз баю бастапқы занды негізде мүлікті иеленудің жоққа шығуы нәтижесінде. Осылайша, мінез-құлқытың заңсыздығы, міндеттеменің не негізсіз баюдың шартына жатпайды. Негізсіз баюдың объективті құқыққа қайшылығы жәбірленушінің заңмен қорғалатын мүліктік мүдделерін кемсіту фактінде көрсетіледі. Иеленушінің жағдайы заңсыз жай-күйі ретінде сипатталады, сондықтан ол басқаның есебінен иеленген (жинақтаған) мүлікті қайтаруға міндетті.

Сонымен, негізсіз баю салдарынан туындастын міндеттемелер пайда болатын негіздемелерге:

- бір тұлғаның басқа тұлға есебінен мүлікті иеленуі немесе жинақтауы;
- занды негіздердің болмауы немесе кейін жоққа шығуы;
- негізсіз байлықты алушы тұлғада басқаның мүлігін иелену немесе сақтап қалу ниетінің болмауы жатқызылады.

Әдебиеттер

- 1 Басин Ю.Г. Защита гражданских прав и ответственность за их нарушение. В сб: Вещные и обязательственные права в законодательстве Республики Казахстан / под ред. Сулейменова М.К. – Алматы: КазГЮА, 2000. – 212 б.
- 2 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409. <http://adilet.zan.kz>, 06.01.16.
- 3 Цвайгерт К., Кетц Х. Введение в сравнительное правоведение в сфере частного права. – М., 1998. – Т.2. – 285-287 бб.
- 4 Римское частное право: учебник / под ред. проф. И.Б. Новицкого и И.С. Перетерского. – М., 1994. – 509-518 бб.
- 5 Дигесты Юстиниана: Избранные фрагменты / пер. и примеч. И.С. Перетерского. – М., 1984. – 201-205 бб.
- 6 Римское частное право: учебник / под ред. проф. И.Б. Новицкого и И.С. Перетерского. – 517-518 бб.
- 7 Гражданский Кодекс Казахской Советской Социалистической Республики (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.12.98 г.) утратил силу. <http://online.zakon.kz>
- 8 Гражданское право. В 4-х т. Обязательственное право / отв. ред. Е.А. Суханова. – М., 2006. – Т. 4. – 705 б.

References

- 1 Basin Ju.G. Zashhita grazhdanskikh prav i otvetstvennost' za ih narushenie. V sb: Veshhnye i objazatel'stvennye prava v zakonodatel'stve Respubliki Kazahstan / pod red. Sulejmenova M.K. – Almaty: KazGJuA, 2000. – 212 b.
- 2 Қазақстан Respublikasynyң azamattyқ kodeksi (erekshе bөlim) 1999 zhylyry 1 shildegegi № 409. <http://adilet.zan.kz>, 06.01.16.
- 3 Cvajgert K., Ketc H. Vvedenie v sravnitel'noe pravovedenie v sfere chastnogo prava. – M., 1998. – T.2. – 285-287 bb.
- 4 Rimskoe chastnoe pravo: uchebnik / pod red. prof. I.B. Novickogo i I.S. Pereterskogo. – M., 1994. – 509-518 bb.
- 5 Digesty Justiniana: Izbrannye fragmenty / per. i primech. I.S. Pereterskogo. – M., 1984. – 201-205 bb.
- 6 Rimskoe chastnoe pravo: uchebnik / pod red. prof. I.B. Novickogo i I.S. Pereterskogo. – 517-518 bb.
- 7 Grazhdanskij Kodeks Kazahskoj Sovetskoy Socialisticheskoy Respubliki (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 17.12.98 g.) utratil silu. <http://online.zakon.kz>
- 8 Grazhdanskoe pravo. V 4-h t. Objazatel'stvennoe pravo / otv. red. E.A. Suhanova. – M., 2006. – T. 4. – 705 b.

Атаханова С.К., Омарова М.С.

**Азаматтық іс жүргізудегі
жариялық принципі**

Atakhanova S.K., Omarova M.S.

**The principle of publicity of civil
procedure**

Атаханова С.К., Омарова М.С.

**Принцип публичности
гражданского процесса**

Бұл мақалада мемлекетпен кепіл берілген соттың жариялылығы, соның ішінде азаматтық іс жүргізудегі сұрақтар қаралады. Сонымен қатар азаматтардың сот ісін жүргізу жүйесінің ақпарат құралдарының байланысына тәуелділігі негізделеді, сондай-ақ соттың шешімдері ұсынылатын ақпараттың интернет арқылы қол жетімділігі. Қазақстан мен Германия арасындағы кейбір жариялылық параллельдер қарастырылады.

Түйін сөздер: Жариялылық, ашықтық, транспаренттілік.

In this article the questions connected from publicity guaranteed by the state of legal proceedings, in particular, civil process are considered. Also dependence of trust of citizens to system of legal proceedings from communication of courts with mass-media, and also availability to information bank of decisions taken out by courts, including and by means of the Internet is proved. Some parallels between publicity of Kazakhstan and Germany are designated.

Key words: Publicity, an openness, a transparency.

В этой статье рассматриваются вопросы, связанные с гарантированной государством гласности судопроизводства, в частности, в гражданском процессе. Также обосновывается зависимость доверия граждан к системе судопроизводства от связи судов со СМИ, а также доступность к информационному банку выносимых судами решений, в т.ч. и посредством Интернета. Обозначаются некоторые параллели между гласностью Казахстана и Германией.

Ключевые слова: гласность, открытость, прозрачность.

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ЖАРИЯЛЫҚ ПРИНЦИПІ

Жариялыштық демократияның маңызды қагидаты болып табылады және бірдей мемлекеттік биліктің барлық тармақтарында қолданылады, жариялыштық сот төрелігі принципіне қатысты жүртшылықтың баяндама нысаны ретінде ерекше маңызды болып табылады. Әдебиеттерде жариялыштық принципі тек саяси ғана емес, сондай-ақ демократия негізі ретінде, ой мен сөз бостандығымен тығыз байланысты заңды мекеме екенін атап өтіледі. Біздің еліміздегі сот жүйесі мен сотта іс жүргізу ескере айтқанда халықаралық құқықтық стандарттарға, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот стандарттарына сай одан әрі жетілдіруін талап етіледі.

Бүгінгі күні сот төрелігі жүйесінде жариялыштық принципін тиімділігін арттыру жөнінде іс-шаралар жузеге асырылуда. Мысалы, электронды сот төрелігі жүйесін толықтанды енгізу туралы БАҚ пен сот билігінің арасында өзара тиімді іс-эрекеттер және белгілі бір қадамдар жасалуда. Сондай-ақ, зерттеудің баставуы ретінде ғылыми конференциялар мен «дөңгелек үстелдер» өткізілуде. Осылайша, ашықтық, жариялыштық идеясы казіргі таңда танымал деп айтуға болады. Осыған қарамастан, акпараттың құпиялыштығы және қол жетімсіздігіне қатысты мемлекет тарапынан көптеген айыптар туғызылуда, іс жүзінде бұл принципті тиімді іске асыруды қамтамасыз ету проблемасы шешілмеген күйінде қалып отыр.

Сот қызметі, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдар, немесе жеке тұлғалар үшін құпия, көп немесе аз дәрежеде жария жасалған болуы мүмкін. Бірінші жағдайда, азаматтық іс жүргізуде кенселік құпия болса, екінші принципі басым – жариялыштық принципі болып табылады. Жариялыштықтың әлеуметтік маңыздылығы ол соттың жұмысын жүртшылық бақылауына қоюы. Яғни бұл әрекет сот пен әлеумет арасында байланысты қамтамасыз етеді.

Ашық азаматтық іс жүргізу судьялардың қызметінен және азаматтық іс жүргізу құқық нормаларының орындалуына қоғамдық бақылау тұрғысынан оң әсер етеді. Бұл принцип негізді және заңды соттық қаулы шығару мен кейіннен әлеумет тарапынан соттың жұмысына баға беруіне, әділет жүйесінің жұмыс істеуіне алғышарт болып табылады. Азаматтық сот жүйесін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамасы бойынша қоғамдағы сот билігінің рөлі мен маңызы туралы жаңа пікір негізінде шығарылатын, азаматтық іс жүргізу принциптері соттар мен ұйымдардың азаматтардың құқықтарын барабар қоргауды қамтамасыз ету бағытында азаматтық іс жүргізу құқығының одан әрі дамыту және жетілдірудің маңызды алғышарттары болып табылады.

Азаматтық іс жүргізудегі жариялышық принципі бойынша азаматтық істерді қарau тәртібі бойынша барлық азаматтар, баспасөз өкілі және басқалар үшін сот отырысы залына кіруге рұқсат, ал процесс нәтижелері мен прогресс бұқаралық ақпарат құралдарында еркін қолданылуына жол берілген. Бұл принцип азаматтық істерді сотта ашық тындаулар жүзеге асырылады дегенді білдіреді [1].

Бұл ережелер азаматтық іс жүргізу заңының «Азаматтық істер бойынша сотта істі қараудың жариялышығы» принципін сактау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 28.10.2005 жылғы нормативтік қаулысында сипатталған.

Жариялышық бұл судьялардың тәуелсіздігі мен олардың тек заңға бағыныстырылығы, істің барлық мән-жайлары бойынша бейтарап, толық тергеу үшін заңды және әділ сот шешім қабылдауы болып табылады.

Жариялышық принципінің нақты әсері Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуынан бастап байқалады. Сот реформасының бағыттарының бірі бұл азаматтық сот ісінің «демократияландыру». Ол ең алдымен әділеттің тиімділігі мен сотта өкіл болып тартылған адамның сенімін арттыруына ықпал ететін қолжетімділік, ашықтық және айқындық пен тығыз байланысты [3].

Азаматтық іс-жүргізудің жариялышығы – іс жүргізудің демократиялығының көрсеткіштерінің бірі. Мұндай тәртіп азаматтарға сот отырыстарына қатысуына, іс бойынша процес барысын қадағалауға, сот отырысында ететін немесе көрген ақпараттарын бұқаралық ақпарат құралдарына немесе басқа қол жетімді әдіс бойынша ақпарат таратуға құқық береді. Осылайша, сот билігінің қызметіне халықтың бақылау нысаны жүзеге асырылады. Азаматтық сот ісін жүргізудің жариялышық қағидатын дамыту азаматтық істерді қарau және шешу кезінде ақпаратты алуға құқығын қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта, сот ісінде коммуникациялық технологияларды белсенді қолдану, азаматтардың сот залына еркін кіруін реттейтін конституция негізінде реттей-

тін жариялышық принципті жаңа нысандарды ес-кере отырып, осы принципті жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктер спектрін ұсынады.

Жариялышық принципі азаматтық сот процестеріне қатысуы адамдардың конституциямен бекітілген басқа да құқықтарына қайшы болмауы тиіс, атап айтқанда: әркімнің жеке өміріне қол сұқпаушылық, жеке және отбасылық құпия, ар-намысы мен беделін қорғау, хат-құпиялылыққа, телефон арқылы сөйлескен сөздеріне, пошта, телеграф және өзге де байланыс құралдарына құқығы бар. Жеке өміріне қол сұқпаушылық құқығы әділеттілік жариялышығы сияқты азаматтық қоғамдағы субъектілер арасындағы қарым-қатынастың, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың іргелі принципіне жатады. Сот шешімін жария хабарландыру жеке құпияларды сақтау мақсатында толық немесе ішінара жабық өтуі тиіс. Ол мұндай шешім жеке ақпаратты айтпаудың бірден-бір себебі ретінде сот отырысын жабық өткізуге рұқсат етілген, немесе төтенше қажет болған жағдайда істің тиісті сілтеме беттерінде көрсету қажет. Бір жағынан әділет жариялышық принципі, екінші жағынан сөз еркіндігі принципі мен БАҚ соттық ақпаратқа мүдделі тараптарға, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарына еркін мүмкіндік береді. Алайда, осындағы ақпаратқа қол жеткізу, БАҚ өкілдеріне шектер де болуы тиіс.

Зантану ғылымында «ашықтық», «жариялышық» түсініктеріне бірыңғай тәсіл қарастырылмаған. Кейбір ғалымдар түрлі мазмұнда әр түрлі санатқа бөліп қарастыруда. Тараптар үшін жариялышық қағидаты абсолюттік мәні бар, және кез келген қыыс жағдайларды төзбейді. Жариялышық процестің басқа да принциптерден туындаған салдары ретінде емес, тараптар үшін де жариялышықты қажет ететін серік емес, арнағы негізdemені қажет ететін толық тәуелсіз принцип болып табылады. Оның ең негізгі көрінісі баспасөзде істер жөніндегі есептерді басу болып табылады. Осының арқасында жариялышық үлкен практикалық мәнге ие. Сот отырыстарын жеке қатысуға көбісінің жағдайы бола бермейді, газет баяндамалар арқасында әркім сотта не болып жатқанын қадағалауға мүмкіндігі болады. Тақырыпта баяндалған принцип түсінігіне келетін болсақ, азаматтық іс жүргізудегі жариялышық принципіне авторлық анықтама қалыптасқан: демократиялық конституциялық қамтамасыз ету, сот төрелігіне қол жеткізу және сот шешімдеріне барабар қоғамдық қабылдау және соттардың жалпы жұмысын қамтамасыз

ету [2]. Жариялышық принципі тәрбиелік және алдын алу функцияларын қамтамасыз ету үшін маңызды және істі қарастырып жатқан соттың қызметін қадағалайтын құрал ретінде көрініс табады. Алайда, сот төрелігінің жариялышық принципі жиі азаматтық сот ісіндегі орбитаға қатысатын тұлғалардың жеке өміріне қол сұқпаушылық институтына қайшы келеді. Әрбір нақты жағдайда, олардың қайсысына артықшылық беретінін сот шешеді.

Германияда азаматтық іс жүргізудің құқықтық теориясы осы тәсілде жұмыс істейді. Сондықтан жариялышық принципі екі жолмен ұғынылады:

Нарықтық экономика кезінде өзінің нағыз орнын тапқан және кеңінен қолданылатын келісім-шарттардың бірі банктік қарыз шарты болып табылады. Макалада Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінде (әрі қарай – ҚРАК) көрсетілген, банктік қарыз шартына қатысты ережелер талқыланады. Талқылаудың мақсаты – банктік қарыз шартына қатысты ережелердің ҚРАК негізді көрсетілуін, толықтылығын анықтау. Жұмыста банктік қарыз шартын сипаттайтын тектік белгілер анықталады. Зерттеу нәтижесінде банктік қарыз шартына қатысты біршама қорытындылар, соның ішінде заңнамалық ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: банктік заем шарты, банктік қарыз шарты, заем шарты, банктік қарыз операциясы, банктік қызмет.

Doszhanov Zh.B.
Bank Loan Contract

The importance of bank loan agreement is undeniable, given the popularity and definitely the market nature of this type of contract. The article deals with the provisions of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan in terms of the above mentioned loan agreement. The purpose of the study is to define of the validity and completeness of the standards, governing the legal relations of these contract types. Including provisions of the Code are considered in the current practice of the banking credit products, as well as individual requirements of normative legal acts of the market regulator. Generic characteristics of the bank loan contract are determined in the work. According to the research made certain conclusions, including proposals for changes in banking legislation.

Key words: bank loan agreement, contract of bank debt, the loan agreement, the bank loan operation, banking.

Досжанов Ж.Б.
Договор банковского займа

Значимость договора банковского займа неоспорима, учитывая популярность и, безусловно, рыночный характер этого вида договора. В статье рассматриваются положения Гражданского кодекса Республики Казахстан в части упомянутого договора банковского займа. Цель исследования – определение обоснованности и полноты изложения норм, регулирующих правоотношения сторон рассматриваемого вида договоров. В том числе – положения кодекса рассматриваются как в свете сложившейся практики на рынке банковских кредитных продуктов, так и отдельных требований нормативных правовых актов регулятора данного рынка. В работе определяются родовые признаки договора банковского займа. По результатам исследований делаются определенные выводы, в том числе предложения по изменению банковского законодательства.

Ключевые слова: договор банковского займа, договор банковского долга, договор займа, банковская заемная операция, банковская деятельность.

БАНКТІК ҚАРЫЗ ШАРТЫ

Соңғы он жылдықта отандық несие нарығының қарқынды дамуы банктік қарыз шартын (әрі қарай – БҚШ) ең көп қолданылатын азаматтық-құқықтық шарттардың бірі ретінде және осы шартқа қатысушы тараптардың арасында көп дау туындайтын шарт ретінде танытты.

БҚШ жасаушы тараптардың құрамы («қүшті жақ» – арнағы қаржы үйімі бір жақтан және екінші жақтан «әлсіз жақ» – қаржы үйімі қызметтін тұтынушы тұлғалар), тараптардың шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау тәртібінің мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығына әсері (тәжірибелі ескерсек) – мемлекет тарапынан осы шарттан туындаитын қатынастарды реттеуге ерекше талаптар орнатуын, БҚШ маңыздылығын және тақырыптың зерттелуінің өзектілігін негіздейді.

Жоғарыда айтылғанға қоса, қазіргі таңда БҚШ қатысты тағы келесідей мәселелар туындалған отыр: БҚШ қатысты соңғы жылдардағы заңнамалық өзгерістер, олардың негізділігі, шарт тараптарының мұddeлериңе сәйкестігі және қатынастарды реттеудегі жеткіліктігі; БҚШ нысанына және өндөлуіне қойылатын талаптар, осы мәселеге қатысты қолданыстағы тәжірибе; ислам банктерімен жасалатын БҚШ және т.б.

Сонымен қатар, 2015 жылдың қараша айындағы заңнамалық өзгерістердің негізінде Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің банктік қарыз шарты ерекшеліктерін сипаттайтын 728 бабы жаңа редакцияда ұсынылған[1].

Аталғанның негізінде біз жеке-құқықтық қатынастарды негізгі реттеуші заңнамалық акті болып табылатын, Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі төнірегінде БҚШ қатысты ережелерді талқылауды жөн көріп отырмыз.

БҚШ қатысты ережелер ҚРАК 36 «Заем» шарты тарауында көрсетілген. ҚРАК 36 тарауында БҚШ тікелей аталағын бірнеше ереже белгіленген, ол ережелер ҚРАК 727 және 728 баптарында шоғырланған. Осы баптарда БҚШ анықтама беріледі және шарттың ерекшеліктері айқындалады.

Әрине, БҚШ қатысты ережелер ҚРАК-нен басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген. Оларда банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға қатысты талаптар, БҚШ жекелеген ережелері, шарт тараптарының негізгі құқықтары

мен міндеттері, банктерге қойылатын шектеулер, қарыз алушыға қолданылуы мүмкін есер ету шаралары және тағы басқалары белгіленеді.

Алайда, келісімшарт мәселесін талқылау кезінде ҚРАК заңдармен салыстырғанда мәртебесінің жоғары болуы – БҚШ қатысты ережелердің ҚРАК-де ұсынылған редакциясы басқа қойылады.

Ең алдымен терминдерге тоқталайық.

Өзіміз білетіндей отандық заңнамада қолданылатын терминология мәселесі өткір және күрделі сұрақтардың бірі. Қобінесе кездесетін қателіктер орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі құқық нормаларының бір-біріне сәйкес келмеуі, және осындай сәйкестіктің болмауы кезінде басымдық құқық нормасының орыс тіліндегі мәтінінде болуы. Тағы бір жиғі кездесетін қателік – құбылыстың/институттың бір тілде әртүрлі атаулармен аталуы.

Дәл осындай мәселе банктік қарыз шартында туындалған отыр. Мысалға заңнамада келесідей терминдер тең қолданылады: банк заем операциясы және банктік қарыз операциясы, заемшы және қарыз алушы, банктік заем шарты және банктік қарыз шарты. БҚШ-дағы терминдерге қатысты мәселе бұрын да көтерілген болатын, бірақ осы келісім-шарттың орыс тіліндегі нұсқасында [2].

Соңғы жағдайда, екі терминде ҚРАК бірдей қолданылады (ҚРАК 727, 728 баптарты). Осыған қоса, отандық банктік заңнамада және тәжірибеде қалыптасқандай банктік қарыз шарты басқа да атаулармен аталады, мысалға банкілік несие шарты, несиелік шарт, несие желісін беру туралы келісім, тұтынушы кредиті, синдицилденген заем және тағы басқалары [3].

Заңнамада келтірілген банктік қарыз шартының кейбір атауларының қолданылуына еш дау жоқ, себебі олар банктік қарыз шартының жекелеген түрлерін сипаттайды, мысалға несие желісін беру туралы келісім, тұтынушы кредиті, синдицилденген заем.

Осыдан қорытынды, заңнамада терминологияға қатысты бірыңғайлық болуы қажет. Мақалада өздеріңіз байқағандай біз «банктік қарыз шарты» терминін қолдануды жөн көрдік. Себебі, шарттың мазмұны қарыз беру, сәйкесінше атауында «қарыз» сөзінің болғаны дұрыс шығар. Сонымен қатар бұл термин ҚРАК қолданылады.

«Заем шарты» терминіне қатысты ойыныша, болашақта бұл термин де «Карыз беру шарты» деп аталғаны дұрыс шығар.

Сонымен, ҚРАК 727 бабы 1 тармағына сәйкес «Банк заем шарты бойынша заем беруші

заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді».

Салалық, банктік нормативтік құқықтық актілерде БҚШ, ҚРАК көрсетілген анықтамадан өзгеше анықталады. Олардың біреулерімен келісуге болса, екіншілерімен келісү қыйын. Келісуге болатыны, жоғарыда атап өткендей, БҚШ жекелеген түрлеріне ұсынылған анықтамалар (мысалға: синдицилденген заем, тұтынушы кредиті).

Келісуге болмайтыны, БҚШ жекелеген түрлеріне емес, ал жалпы анықтаманың берілуі. Мысалға, №49 қаулыға сәйкес БҚШ – банктік заем, лизинг, факторинг, форфейтинг, есебін жүргізу операцияларын жүзеге асыру шенберінде кредит беру шарты деп белгіленеді [4]. Яғни, аталған анықтамада БҚШ банкілік операциялардың біршамасы жүзеге асырылған кезде жасалатын шарт деп анықталады. Эрине бұл анықтама БҚШ мазмұнын ашпақ түгіл оны одан әрі шиеленістіріп жіберген. Осы анықтамада атальып кеткен банк жүзеге асыратын операцияларда банктік қарыз шартынан бөлек шарттар жасалады (эрине бұл шарттарда заем шартының элементтері бар немесе ол шарттар заем шартымен бірге жүріп жасалады). Мысалы, лизинг операцияларында лизинг шарты жасалса, факторинг операциясы бойынша – факторинг шарты. Осыған қоса атальып кеткен лизинг, факторинг операциялары банктік қарыз операцияларынан бөлек және мұлдем банкілік операция болып табылмайды [5].

ҚРАК 727 бабында келтірілген анықтаманы сарапайтын болсақ, БҚШ келесідей белгілермен сипатталады: төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық және қарызға тек ақша берілуі. Дәл осы белгілер «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N2444 заңында, банктік қарыз операцияларын сипаттауда қолданылады. Аталған белгілер БҚШ кез келген түріне тиесілі және БҚШ-ның тектік анықтамасында қолданылуы орынды. Осында БҚШ «төлемділік» белгісінің ислам банктерімен жасалатын банктік қарыз шартына тиесілігіне қатысты сұрақ туындауы мүмкін. Егерде біз, ҚРАК 727 бабы 1-1 тармағын қарайтын болсақ, онда Ислам банктерінде заемдық шарттары мерзімділік, қайтарымдылық, қарызға ақша берілуі және ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы алынбау белгілерімен сипатталады.

Байқасақ, ҚРАК 727 бабы екі терминде қолданады, олар «төлемділік» және «сыйақы».

Бұл терминдер бір-біріне тәп-тәң емес. Ислам банктері жасасқан БҚШ бойынша материалдық пайданы/төлемді «сыйақы» түрінде емес, ал өз жолдарымен алады (әр түрлі комиссиялар түрінде, болашақта түсетін пайданы бөлісү және т.б.). Яғни, БҚШ жасасуышы қарыз беруші, ол ислам банктері болсын немесе басқа ұйым болсын әрдайым коммерциялық ұйым болып табылады. Ал біз білетіндегі коммерциялық ұйымның құрылуы мақсаты – пайда табу.

Айта кететіні, заем шартының төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық белгілері, банктік қарыз операцияларын жүзеге асырмайтын микрокредит беру туралы шартына да тиесілі [6]. Алайда, мұнда «төлемділік» термині орнына – «ақыллылық» термині қолданылады. Осы шарттардың табигатының бір болуы, шартты сипаттауда да бірдей терминдерді қолдану жөн болар еді. Осы келісім-шарттардың табигаты бір екендігінің дәлелі ретінде жақында ҚРАК 728 бабына енгізілген өзгерістер растайды [1].

Көрші мемлекеттердің азаматтық кодекстерінде банктік қарыз шарты анықтамасында қолданылатын белгілер ҚРАК 727 бабында келтірілген белгілермен бірдей келеді. Алайда қарыз беруші алатын пайдалы нақты «пайыз» деп аталады [7].

Біздің оймызыша, БҚШ «төлемділік» терминін қолдану негізді. Себебі, ислам банктерінің жүзеге асыратын заемдық операциялар ерекшеліктерін ескеру қажет және БҚШ бойынша қарыз берушілер берілген қарыз үшін «пайыздан» басқа да төлемдерді өндіреді немесе мұлдем «пайыз» алмай, тек комиссиялар өндіріп алушмен шектелуі мүмкін. Сонымен қатар, банктік қарыз берілген кезде қолданылатын комиссиялар, пайызбен бірдей жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін анықтауда қолданылады. Айта кету керек, банктік қарыз шартының төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық және қарызға ақша берілу белгілері ҚРАК 715, 718 баптарында көрсетілген жалпы заем шартына да тиесілі. Яғни, заем шарты бойынша заем беруші заемшының меншігіне ақша (қарызға ақша берілу мүмкіндігі) немесе тектік белгілерімен айқындалған заттарды береді немесе беруге міндеттенеді (заем шартының консенсуалды болу мүмкіндігі), ал заемшы заем берушіге дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тәң мөлшерін

уақытында қайтаруға міндеттенеді (*мерзімділігі және қайтарымдылығы*); егер заңнамалық актілерде немесе шартта өзгеше көзделмесе, қарыз нысанасын пайдаланған үшін қарыз алушы шартта айқындалған мөлшерде қарыз берушіге сыйақы төлейді (*төлемділігі*) [8].

Әрине, заем шарты бойынша сыйақы алынбауы мүмкін және қарызға ақшадан басқа, тектік белгілермен айқындалатын заттар берілуі мүмкін (ал БҚШ міндетті түрде төлемділікпен және қарызға тек ақша берумен сипатталады). Алайда, заңнамада белгіленген және тәжірибеде қалыптасқандай банктік заемдық операцияларды жүзеге асырмайтын біршама заем берушілер заемшыға тек төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беру қызметімен айналысады және олардың жасайтын заем шарттары – банктік қарыз шарттары деп танылмайды. Мысалға, қарыз беруші болып табылатын микрокаржылық ұйымдар, кредиттік серіктестіктер, ломбардтардың қызметі.

Осы жағдайларды ескеріп, ҚРАК-де БҚШ берілген анықтаманы толықтырып, оның жалпы заем шартынан ерекшелігін көрсеткісі келгендей, заң шығаруши ҚРАК 728 бабын ұсынып, БҚШ біршама ерекшеліктерін атап өтеді. Алайда, ҚРАК 728 бабына біз келесі жолы тоқталуды жөн көреміз. Себебі ондағы ережелерде мінсіз емес және саралауды қажет етеді. Ал қазір жоғарыда айтылғаның негізінде келесідей қорытындылар жасауға болады:

– Салалық, банктік заңнамада БҚШ қатысты ұсынылатын анықтамалар, ҚРАК ұсынған анықтамаға негізделуі тиіс және оған қайшы келмеуі қажет.

– Алайда, ҚРАК 727 бап 1 тармақта БҚШ анықтамасында қолданылатын төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық және қарызға тек ақша берілуі белгілері осы келісім-шарт түрін сипаттай тұрып, БҚШ басқа заем шарттарынан ажыратуға жеткіліксіз болып табылады.

– БҚШ бойынша қарыз беруші барлық жағдайда пайда табуды көздейтін кәсіпкер.

– Заңнамада заем шартына қатысты бірыңғай терминологияны қолдану қажет, мысалға шарт атаяны «банктік қарыз шарты» деп «ақыллық» термині орнына «төлемділік» терминін қолдану.

Әдебиеттер

1 «Қазақстан Республикасының кейбір заннамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы үйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 24 қараша 2015 жылғы № 422-V КРЗ Заны.

2 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) Комментарий / отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті-жарғы, 2000. – Гл. 36.

3 «Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадагалау агенттігі басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 акпандагы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадагалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2011 жылғы 28 акпан № 18 Қаулысы. 10 тармақ; «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадагалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 акпандагы № 49 Қаулы. 3 тармақ.

4 «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадагалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 акпандагы № 49 Қаулы.

5 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заны.

6 «Микроқаржы үйымдары туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадагы № 56-V Заны. 5) тар. 1 бап.

7 Гражданский кодекс Российской Федерации от 30 ноября 1994 г. № 51-ФЗ. 819 бап. Система ГАРАНТ: <http://base.garant.ru/10164072/#ixzz3cZ0fLcID>; Гражданский кодекс Грузии от 26 июня 1997 года №786-IIс. 868 бап.

8 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше болім). 1 шілде 1999 жыл.

References

1 «Kazakstan Respublikasynyn kejbir zannamalyk aktilerine ekinshi dengejdegi bankterdin zhumys istemejtin kreditteri men aktivteri, karzhylyk kyzmetter korsetu zhene karzhy ujymdary men Kazakstan Respublikasy Ulttyk Bankinin kyzmeti maseleleri bojynsha ozgerister men tolyktyrular engizu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 24 karasha 2015 zhylgы № 422-V KRZ Zany.

2 Grazhdanskij kodeks Respublikni Kazahstan (Osobennaja chast') Kommentarij. Otv. Red. M.K. Sulejmenov, Ju.G. Basin. Almaty, Zheti-zhargy 2000g. Gl.36.

3 «Banktik zaem shartynynd mindetti talaptaryny tizbesin bekitu zhene Kazakstan Respublikasy Karzhy narygyn zhene karzhy ujymdaryn retteu men kadagalau agenttigi baskarmasynyn «Kreditteu zhonindegi kuzhattamasyn zhyrgizu erezhesin bekitu turaly» 2007 zhylgы 23 akpandagy № 49 kaulysyna tolyktyrular men ozgerister engizu turaly» Kazakstan Respublikasy Karzhy narygyn zhene karzhy ujymdaryn retteu men kadagalau zhonindegi agenttigi baskarmasynyn 2011 zhylgы 28 akpan № 18 Kaulysy. 10 tarmak; «Kreditteu zhonindegi kuzhattamasyn zhyrgizu erezhesin bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Karzhy narygyn zhene karzhy ujymdaryn retteu men kadagalau agenttigi Baskarmasynyn 2007 zhylgы 23 akpandagy № 49 Kauly. 3 tarmak.

4 «Kreditteu zhonindegi kuzhattamasyn zhyrgizu erezhesin bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Karzhy narygyn zhene karzhy ujymdaryn retteu men kadagalau agenttigi Baskarmasynyn 2007 zhylgы 23 akpandagy № 49 Kauly

5 «Kazakstan Respublikasyndagy bankter zhene bank kyzmeti turaly» Kazakstan Respublikasynyn 1995 zhylgы 31 tamyza N 2444 Zany.

6 «Mikrokarzhy ujymdary turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2012 zhylgы 26 karashadagy № 56-V Zany. 5) tar. 1 bap.

7 Grazhdanskij kodeks Rossijskoj Federacii ot 30 nojabrja 1994 g. N 51-FZ. 819 bap. Sistema GARANT: <http://base.garant.ru/10164072/#ixzz3cZ0fLcID>; Grazhdanskij kodeks Gruzii ot 26 iyunja 1997 goda №786-IIс. 868 bap.

8 Kazakstan Respublikasynyn azamattyk kodeksi (erekshе bolim). 1 shilde 1999 zhyl.

5-бөлім

**ТАБИГИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

Раздел 5

**ПРИРОДОРЕСУРСОВОЕ
И ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ПРАВО**

Section 5

**NATURAL RESOURCES
AND ECOLOGY LAW**

Баимбетов Н.С.

**Меры нетарифного
регулирования как один
из способов государственного
регулирования
внешнеэкономической
деятельности**

Baimbetov N.S.

**Measures of non-tariff regulation
as one of the ways of state
regulation of foreign trade
activities**

Баимбетов Н.С.

**Тарифтік емес реттеу
шаралары сыртқыэконо-
микалық қызметті мемлекеттік
реттеу тәсілі ретінде**

В данной статье автор рассматривает меры нетарифного регулирования внешнеэкономической деятельности. Отмечается, что меры нетарифного регулирования являются одним из способов государственного регулирования внешнеэкономической деятельности. Автор уделяет внимание запретам и ограничениям, применяемым государством.

Ключевые слова: меры нетарифного регулирования, внешнеэкономическая деятельность, государственное регулирование, запреты и ограничения.

In the given article the author considers the non-tariff regulation of foreign economic activity. It is noted that non-tariff measures are one of the ways of state regulation of foreign trade activities. The author pays attention to the prohibitions and restrictions applicable state.

Key words: non-tariff measures, trade, government regulation, prohibitions and restrictions.

Автор ұсынылған мақалада сыртқыэкономикалық қызметті тарифтік емес реттеу шаралары қарастырылады. Тарифтік емес реттеу шаралары сыртқыэкономикалық қызметтің мемлекеттік реттеу тәсілі болып табылатындығына тоқталып өтіледі. Автор мемлекетпен қолданылатын шектеулер мен тыйым салуларға назар аударады.

Түйін сөздер: тарифтік емес реттеу шаралары, сыртқыэкономикалық қызмет, мемлекеттік реттеу, шектеулер мен тыйым салулар.

МЕРЫ НЕТАРИФНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ КАК ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ВНЕШНЕ-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Осуществление внешнеэкономической деятельности невозможно без государственного регулирования отношений в данной области. Такое регулирование представляет собой систему финансовых и административных инструментов, способствующих установлению нормального баланса между импортом и экспортом товаров. Одним из таких средств, наряду с таможенно-тарифным регулированием, выступает нетарифное регулирование внешнеэкономической деятельности, которое является важной частью таможенной политики многих стран.

Под нетарифным регулированием внешнеэкономической деятельности предлагается понимать установление государством соответствующими нормативными актами запретов, ограничений, стимулов, применяемых в ходе внешней торговли товарами, услугами, информацией, объектами интеллектуальной собственности.

Следует отметить, что в современном мире большинство мер государственного воздействия на международную торговлю являются нетарифными (экспортные субсидии, импортные квоты, добровольное ограничение экспорта, административные и санитарные барьеры и т.д.). Это связано в первую очередь с тем, что большинство стран не имеют сейчас возможности активно реагировать на изменения условий торговли уменьшением или увеличением тарифных ставок (например, тарифные ставки стран – членов ВТО закреплены документально и не могут быть пересмотрены в оперативном режиме).

Нетарифные меры можно определить как любые распоряжения государственных органов, которые воздействуют на экспорт и импорт товаров, объем, товарную структуру внешней торговли, цены и конкурентоспособность товаров, создавая более жесткие условия для товаров иностранного происхождения по сравнению с товарами национального производства или различный режим для товаров разных стран.

Наиболее распространенные в настоящее время нетарифные меры можно разделить на следующие категории: количественные ограничения (квотирование, экспортные квоты, лицензирование, добровольное ограничение экспорта и др.); субсидии и дотации; технические барьеры в торговле (технические регламенты, стандарты, процедуры соответствия тре-

бованиям к упаковке и маркировке и др.); санитарные, фитосанитарные и ветеринарные нормы и стандарты; ограничительные меры (обязательное страхование в национальных компаниях, связанные экспортные кредиты, монопольные каналы для импорта в виде государственных торговых предприятий); меры по контролю над ценами (административное ценообразование, минимальные импортные цены, импортные налоги и сборы и др.); антидемпинговые, компенсационные пошлины и другие специальные пошлины; валютные ограничения; иные таможенные процедуры и формальности в том случае, если они связаны с превышением общепринятых норм прохождения таможенного контроля (нечеткая система таможенной классификации, завышенные и произвольные требования к документам, необходимым для таможенного оформления, и др.).

Проблемы регламентации и унификации применения нетарифных ограничений решает также Всемирная таможенная организация. Так, в 1973 г. Советом Таможенного Сотрудничества была принята Международная конвенция по упрощению и гармонизации таможенных формальностей (Киотская конвенция), которая действует в редакции 1999 г. Положения данной Конвенции в значительной степени содействуют ликвидации «нежелательных» протекционистских барьеров. ЮНКТАД причисляет нетарифные ограничения ко «всем видам регуляций, действий или других процедур, предпринимаемых правительствами, которые могут оказывать ограничительное влияние на международную торговлю».

Современная классификация нетарифных ограничений ЮНКТАД выглядит следующим образом: паратарифные; меры контроля над ценами; финансовые; меры автоматического лицензирования; меры количественного контроля; монополистические меры; технические меры. К паратарифным мерам относятся платежи и сборы, взимаемые с товара, пересекающего таможенную границу. Они увеличивают стоимость ввозимого товара на дополнительную величину помимо таможенной пошлины (например, сбор за импортную лицензию, портовые сборы). Меры контроля над ценами применяются с целью поддержания внутренних цен, их стабилизации. Нетарифные барьеры такого вида предотвращают ущерб национальному производителю, например: административное фиксирование цен (минимальных, максимальных, базовых цен импорта и проч.); антидемпинговые, ком-

пенсационные меры; скользящие сборы, предназначенные для выравнивания цен импортируемого товара для сближения с внутренними ценами. Финансовыми мерами ЮНКТАД признает мероприятия, регулирующие доступ импортеров на валютный рынок государства. К ним относятся, например, обязанность предварительной уплаты таможенных платежей, практика регулирования валютных курсов (в том числе установление фиксированного курса на отдельные виды товаров), обязанность импортера открыть валютный счет на территории государства и производить расчеты посредством уполномоченного банка и проч. Меры автоматического лицензирования по своей сути не являются барьерами на пути внешней торговли. Между тем представляется необходимым разработать единую для всех государств схему автоматического получения разрешения на импорт конкретных товаров. К мерам количественного контроля относятся квотирование и лицензирование. Среди монополистических мер государства практикуют предоставление исключительного права отдельным хозяйствующим субъектам на экспорт (импорт) продукции. Технические барьеры предполагают не только применение сертификации иностранной продукции, но и использование иных барьеров: предотгружочной инспекции и специальных таможенных формальностей. Следует отметить, что законодательные акты других стран включают большое количество санитарных, технических и иных норм [1, с.10].

В соответствии со ст.3 Кодекса о таможенном деле в Республике Казахстан принятые меры нетарифного регулирования – комплекс мер регулирования внешней торговли товарами, осуществляемых путем введения количественных и иных запретов и ограничений экономического характера, которые установлены международными договорами Республики Казахстан, решениями Комиссии и нормативными правовыми актами Республики Казахстан, принятыми в соответствии с международными договорами Республики Казахстан [2].

Закон РК «О регулировании торговой деятельности» к мерам нетарифного регулирования внешнеторговой деятельности относит:

- 1) запрет вывоза и (или) ввоза отдельных товаров;
- 2) количественные ограничения вывоза и (или) ввоза отдельных товаров;
- 3) исключительное право на экспорт и (или) импорт отдельных видов товаров;

4) лицензирование в сфере экспортта и (или) импорта товаров;

5) автоматическое лицензирование (наблюдение) отдельных видов товаров [3].

Рассмотрим меры нетарифного регулирования. К примеру, запреты и ограничения – комплекс мер, применяемых в отношении товаров, перемещаемых через таможенную границу Таможенного союза, включающий меры нетарифного регулирования, меры, затрагивающие внешнюю торговлю товарами и вводимые исходя из национальных интересов, особые виды запретов и ограничений внешней торговли товарами, меры экспортного контроля, в том числе в отношении продукции военного назначения, технического регулирования, а также санитарно-эпидемиологические, ветеринарные, карантинные, фитосанитарные и радиационные требования, которые установлены международными договорами Республики Казахстан, решениями Комиссии и нормативными правовыми актами Республики Казахстан, принятыми в соответствии с международными договорами Республики Казахстан [2].

Запреты вывоза и (или) ввоза отдельных товаров вводятся соответствующими центральными государственными органами в пределах своей компетенции по согласованию с уполномоченным органом исходя из необходимости: 1) соблюдения правопорядка; 2) охраны жизни и здоровья человека, окружающей среды; 3) регулирования экспорта и (или) импорта золота или серебра; 4) защиты культурных ценностей и объектов национального культурного достояния от незаконного вывоза и (или) ввоза; 5) предотвращения истощения невозобновимых природных ресурсов с одновременным ограничением их внутреннего производства и потребления; 6) обеспечения национальной безопасности; 7) выполнения международных обязательств;

7-1) ограничения экспорта отечественных товаров для обеспечения достаточным количеством таких товаров внутренней обрабатывающей промышленности; 7-2) приобретения или распределения товаров при общем или местном их дефиците; 7-3) создания условий для прогрессивных изменений в структуре производства и потребления товаров в Республике Казахстан; 7-4) обеспечения соблюдения нормативных правовых актов, соответствующих международным обязательствам, касающихся применения таможенного законодательства Таможенного союза и (или) Республики Казахстан, защиты интеллектуальной собственности и иных правовых актов.

Количественные ограничения вывоза и (или) ввоза отдельных товаров вводятся соответствующими центральными государственными органами в пределах своей компетенции по согласованию с уполномоченным органом исходя из необходимости: 1) обеспечения национальной безопасности; 2) выполнения международных обязательств; 3) защиты внутреннего рынка.

Правительство Республики Казахстан имеет право вводить ответные меры в случае, если иностранное государство: 1) не выполняет принятые им по международным договорам обязательства в отношении Республики Казахстан; 2) предпринимает меры, которые нарушают экономические интересы Республики Казахстан, в том числе меры, которые необоснованно закрывают казахстанским товарам доступ на рынок иностранного государства или иным образом необоснованно их дискриминируют Казахстан [3].

В целом применяемая система нетарифных мер обеспечивает сильное прямое государственное воздействие на внешнеэкономическую деятельность, что объективно необходимо в условиях нестабильной экономики.

Литература

- 1 Бакаева О.Ю., Галицкая Н.В. // «Международное публичное и частное право», 2005. – № 5.
- 2 Кодекс Республики Казахстан от 30 июня 2010 года № 296-IV «О таможенном деле в Республике Казахстан».
- 3 Закон Республики Казахстан от 12 апреля 2004 года № 544 «О регулировании торговой деятельности».
- 4 Закон Республики Казахстан 8 июня 2015 года № 316-V ЗРК «О специальных защитных, антидемпинговых и компенсационных мерах по отношению к третьим странам».
- 5 Закон Республики Казахстан от 9 декабря 2015 года № 439-V ЗРК «О ратификации Протокола о некоторых вопросах ввоза и обращения товаров на таможенной территории Евразийского экономического союза».

References

- 1 Bakaeva O. Ju., Galickaja N. V. // «Mezhdunarodnoe publichnoe i chastnoe pravo», 2005. – № 5.
- 2 Kodeks Respubliki Kazahstan ot 30 iyunja 2010 goda № 296-IV «O tamozhennom dele v Respublike Kazahstan».
- 3 Zakon Respublikи Kazahstan ot 12 aprelja 2004 goda № 544 «O regulirovaniii torgovoj dejatel'nosti».
- 4 Zakon Respublikи Kazahstan 8 iyunja 2015 goda № 316-V ZRK «O special'nyh zashhitnyh, antidempingovyh i kompen-sacionnyh merah po otnosheniju k tret'im stranam».
- 5 Zakon Respublikи Kazahstan ot 9 dekabrja 2015 goda № 439-V ZRK «O ratifikacii Protokola o nekotoryh voprosah vvoza i obrashhenija tovarov na tamozhennoj territorii Evrazijskogo jekonomiceskogo sojuza».

Айгаринова Г.Т.,
Алимханова А.Б.

**Қазақстан Республикасында
өнеркәсіп жерлерін қорғау мен
пайдалануды құқықтық
реттеудегі мемлекеттің ролі**

Aigarinova G.T.,
Alimhanova A.B.

**Role of the state in legal
regulations of protection and use
of lands of the industry in the
Republic of Kazakhstan**

Айгаринова Г.Т.,
Алимханова А.Б.

**Роль государства
в правовом регулировании
охраны и использования
земель промышленности
в Республике Казахстан**

Өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалануды реттеудегі мемлекеттің ролін зерттеу, нарықтық экономика жағдайында және тұрақты даму жағдайына өтүде, ғылыми зерттеудің белсенді пәніне айналып отыр. Сонымен қатар, өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалану мәселелері, тұрақты даму жағдайына өтүде арнайы зерттелмеген.

Тұйین сөздер: Өнеркәсіп жерлері, жер қатынастары, жерді қорғау, жерді пайдалану.

Research of a role of the state in legal regulation of protection and use of lands of the industry in the Republic of Kazakhstan, is an active subject of scientific space in the conditions of a sustainable development and market economy. Now in the conditions of a sustainable development this subject wasn't investigated.

Key words: Industry earth, land relations, protection of lands, използваніе of lands.

Исследование роли государства в правовом регулировании охраны и использования земель промышленности в Республике Казахстан является активным предметом научного пространства в условиях устойчивого развития и рыночной экономики. В настоящее время в условиях устойчивого развития данная тематика не была исследована.

Ключевые слова: земли промышленности, земельные отношения, охрана земель, использование земель.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ӨНЕРКӘСІП
ЖЕРЛЕРИН ҚОРҒАУ МЕН
ПАЙДАЛАНУДЫ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТИҢ РОЛІ**

Өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалануды реттеудегі мемлекеттің ролін зерттеу, нарықтық экономика жағдайында және тұрақты даму жағдайына өтуде, ғылыми зерттеудің белсенді пәніне айналып отыр. Сонымен қатар, өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалану мәселелері, тұрақты даму жағдайына өтуде арнайы зерттелмеген. Сондықтан, бұл мәселеге үлкен көңіл бөлү керек деп ойлаймыз.

«Жер қатынастарын мемлекеттік басқару» және «Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу» түсініктерінің арақатынасы туралы сөзталастар, ғылыми еңбектерде өз көрінісін тапқан, сондықтан, бұл мәселеге көп көңіл бөліп керегі жоқ.

Көптеген қазақстандық ғалымдар, заманауи кезенде «Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу» деген терминді пайдалану дұрыс болатынын айтады.

А.Х. Хаджиевтің ойынша, «барлық үлкен құқықтық рәсімдеу мен тәжірибелік пайдалану, жер қатынастарының тиімділігі мен реттеуіндегі экономикалық інітіректер өз қолданысын тапты.

Көрсетілген тенденция, кейбір ғалымдарға мемлекеттік басқаруды, тоталитарлық мемлекетке сай құбылыс деп, жер қатынастарын мемлекеттік реттеу деп өзгеруінің қажеттілігі туралы айтуға негіз болды. Көптеген параметрлері мен белгілері бойынша бұл екі түсінік өзара байланысқан және бір бірін толықтырады. Егер мемлекеттік басқару ұйымдастырушылық қызметті сипаттаса, жер қатынастарын мемлекеттік реттеу осындағы қызмет түрінен тұрады, ал жер қатынастарын реттеу, мемлекеттік реттеудің ықыласты нәтижесін білдіреді. Сондықтан, бұл екі түсінікті бөлудің, ал тіпті қарама-қарсы қою қажеті жоқ. Әдебиеттерде олар көп жағдайда шектелмейді және ұқсас түсініктер ретінде колданылады [1].

Шынымен-ақ, мемлекеттік басқару деп, мемлекеттің билік күшіне сүйене отырып реттеу, сақтау, қайта құру секілді коғамдық және адамдардың жеке өмірлік қызметіне (өз құрылымдары арқылы) тәжірибелік, ұйымдастырушылық, реттеушілік ықпал етуін айтамыз [2, 62 б.]. Мемлекеттік реттеу сол объектіге, сол құрылымның сол әсерін көрсетеді. Тек оның құрамы мен мақсатқа жетудің әдіс-тәсілдері өзгереді. Жер қатынастарының дамуы мен мәнінің өзгеруіне байланысты, жер

қатынастарын мемлекеттік реттеудің құрамы әдістері мен тәсілдері өзгереді. Сондықтан жер қатынастарын мемлекеттік реттеу жаңа сапага ие болды. Нарықтық экономика жағдайындағы қатынастар мемлекеттік реттеудің негізін құрайтын құқықтық нормалардың Әкімшілік құқықтық басқарудан жер қатынастарын реттеудің басқа әдістеріне ауысуы белгіленді.

Құқықтық рәсімдеу мен тәжірибелік пайдалану, жер қатынастарының тиімділігі мен реттеуіндегі экономикалық інтигектер өз көлданысын тапты. Жоғарыда көрсетілген жағдай мемлекеттік басқаруды, тоталитарлық қоғамға тән жер қатынастарын мемлекеттік реттеуге өтүгеге негіз болды [3, 216 б.]

Жер қатынастары саласын мемлекеттік реттеу деп, елдің территориясы шегінде және мемлекеттің жоғары территориялық құқығы мен жерге меншік құқығынан шығатын мемлекеттік биліктің өкілетті органдарымен және атқарушы органдарымен жүзеге асатын функцияларды айтады [3, 216 б.].

Нактырақ анықтаманы Рахметова Г.Р. береді, ол жер қатынастарын мемлекеттік реттеу деп – Қазақстан Республикасының жерлерін қорғау мен өндіруді, тиімді пайдалануды қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың ұйымдастыруышылық қызметін жүзеге асыруын айтады [2, 53 б.].

Демек, өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалануды мемлекеттік реттеу деп – Қазақстан Республикасының жерлерін қорғау мен өндіруді, тиімді пайдалануды қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың ұйымдастыруышылық қызметін жүзеге асыруын айтады.

Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу обьектісіне, жерді пайдаланушылар мен өнеркәсіп жер індегі жер иелерінің қызметін жатқызамыз.

Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу обьектісіне, өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалану саласындағы белгілі құзіретке ие, мемлекеттік органдарды жатқызамыз. Ол органдарға Конституциямен заңмен және басқада құқықтық-нормативтік актілермен уәкілдік берілген мемлекеттік мекемелер жатады. Олар мемлекеттің атынан келесідей функцияларды жүзеге асырады:

1) Жалпы міндетті жүріп тұру ережесін анықтайтын актілерді шығару;

2) Әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеу;

3) Мемлекетпен бекітілген жалпы міндетті жүріп тұру ережелерін қадағалау мен сақтау.

Мемлекеттік басқарудың жалпы мақсаттарына сүйене отырып, өнеркәсіп жерлерін

қорғау мен пайдалануды мемлекеттік реттеудің мақсаттарын қарастырайық.

Г.В. Атаманчук келесі мақсаттарды бөліп көрсетті.

– қоғамдық-саяси, қоғамның дамуының жалпы кешенді түрде сапалылығы мен тенгерілуін қамту;

– әлеуметтік, қоғамдық саяси мақсаттардың қоғамның әлеуметтік құрылымына әсерін, оның элементтерінің арақатынасы, адамдардың әлеуметтік өмірінің жағдайы мен деңгейін сипаттайтын;

– рухани, бір жағынан қоғаммен басқарылатын, рухани (мәдени) құндылықтарды қабылдау, ал екінші жағынан, қоғамдық саяси және әлеуметтік мақсаттарды жүзеге асыруда қоғамның рухани шамасы;

– экономикалық, қоғамдық саяси және басқада мақсаттарды жүзеге асырудың материалдық негізін қамтамасыз ететін экономикалық жүйені сипаттайтын және белгілейтін;

– өндірістік, мемлекеттік басқарудың обьектілері мен субъектілеріндегі ұйымдастырушылық мәселелерін шешуге бағытталған, арналы функционалдық және ұйымдастырушылық құрылымдарды құру;

– қызметті нақты құрылым бойынша (қызмет бабы және жұмыс орнымен) қызметті бөлу мен реттеуді жорамалдау;

– ақпараттық, көзделген мақсаттарға жетуде барабар және нақты ақпаратпен қамтамасыз ету;

– түсіндірушілік, мемлекеттік басқарудың кешендік мақсаттарын тәжірибеде жүзеге асыруға көмектесетін ынталандыруды талдау қажет.

Коршаған ортаны қорғаудың үлгілік заңына сәйкес қоршаған ортаға айтарлықтай әрекет етуі мүмкін, іс-әрекеттерді болжау мен орындауда, мемлекеттік органдар келесідей қағидаларға неғізделуі керек:

А) алдын ала сақтандыру (яғни, қоршаған ортаны қандайда бір қауіпті және тәуекелді төмendetу немесе болдырмау шараларын алдын ала қабылдау);

Б) орын басу (яғни, егер қоршаған ортаға кері әсерін тигізуі мүмкін іс-әрекет болса, онда оны қорғауға жататын өлшемдік құндылықтар мен үлкен шығындарына қарамастан, қаупі төмен немесе тәуекелі төмен басқа іс-әрекетке алмастыру қажет);

В) биологиялық әртүрлілікті сактау;

Г) табиғи ресурстардың жағдайының төмендемеуі;

Д) «Кінәлі ластау үшін төлейді» қағидасын қолдау;

Е) қоғамның ақпаратқа және қатысуға құқығы;

Ж) серіктестік (яғни, мемлекеттік органдар, қауымдастықтар мен жеке тұлғалар қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуде барлық деңгейде серіктес болуы керек) [4].

Келесідей қағидаларды да алуға болады:
а) сақтық (яғни, басқа адамдардың ойларын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін ескере отырып, қоршаған орта үшін қауіпті, тәуекелді төмендету немесе болдырмаудын алдын ала шараларын жасау); б) орын басу (яғни, егер қоршаған ортаға кері әсерін тигізуі мүмкін іс әрекет болса, онда оны қорғауга жататын өлшемдік құндылықтар мен үлкен шығындарына қарамастан, қаупі төмен немесе тәуекелі төмен басқа іс-әрекетке алмастыру қажет); в) серіктестік (яғни, мемлекеттік органдар, қауымдастықтар мен жеке тұлғалар қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуде барлық деңгейде серіктес болуы керек) [5].

Тұрақты даму жағдайында өнеркәсіп жерін қорғау мен пайдалануды реттеуде мемлекеттік алатын орны ерекше мәнді болып табылады. Бұл жағдайда кез келген қоғамдық саяси өзгерістерде өнеркәсіп жерлерінің ұлттық экономиканың өрлеуі мен қоғамдық салауаттылықтың өсүіне негіз болып табылатынынан бастау алуымыз қажет. Сол себептен, жерге меншік құқығы мен жер пайдалану құқығының ұтымды тепе-тендігін қалыптастыру, сонымен қатар, жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ете алатын жерге меншік құқығының субъектілерін таңдау талаптарын белгілеу мәселелерін терең ойлана отырып шешу қажет. Бұл мәселенің шешімін тек мемлекет қана таба алады, себебі, өзінің жеке мүдделерін ойлайтын жеке кәсіпкерлерден айырмашылығы ұлттық экономиканың дамуына кең ауқымды әрекеттерді жүзеге асырады. Өнеркәсіп жерлері жер қатынастарын реттеу барысында өндірістік өнеркәсіптің тиімділігін жогарылатуды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің міндетті бақылауын сақтай отырып, жерді кәсіпкерлікте ынталандыру және алеуметтік экономикалық бағдарламаларға инвестиция тарту негізі ретінде қолдану қажет. Өнеркәсіп жерлерін реттеу өнеркәсіптік кешенниң жоспарлы және тепе-тендікті дамуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қоюы қажет. Сонымен қатар, экономиканың бұл саласында өнеркәсіп жер меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өндірісті инвестициялау, жұмыс орнын көбейту, бастапқы озық өндірістік технологияларды қолдану, заманауи

бизнесстік менеджменті мен маркетингіне және өзге құрамдас бөліктерінің тиімді жүйесін қалыптастыру сияқты маңызды шарттарды еске-руі керек.

Өнеркәсіп жерлеріне инвестициялық қызыгушылықты жогарылату тетігі ретінде меншік құқығына жол беруге қойылатын қатаң талаптар, нақты саладағы мемлекеттің қадағалау қажеттілігін талап етеді.

Жоғарыда айтылған жайттар, тұрақты дамуға өту кезеңіндегі тауарлық өндірістің төмен деңгейі, экономика секторындағы инвестицияның тапшылығы кезеңінде инвестициялауды және құқықтық айналымды реттеу өндіріс күші ретінде жердің ролі өте жоғары екендігі туралы қорытынды жасауға негіз болып отыр.

Өнеркәсіп жерлерін пайдалану мен қорғау қатынастарына мемлекеттің қатысуын талап ететін тағы бір жайт, өнеркәсіп жерлерін пайдаланудың салдары қоршаған ортаны қорғау үшін қаупі төндіріп отырганында. Өнеркәсіп жерлері Қазақстан Республикасы жер қорының арасындағы қоршаған орта үшін ең қауіпті жер санаты болып табылады. Сондықтан, өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалануды реттеуде тек өнеркәсіптік және жер заңнамасын ғана емес, сонымен қатар, экологиялық заңнама талаптарын да ескеру қажет.

ҚР-дың Экологиялық Кодексінің 6-бабына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ережелері.

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу:

- 1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялауды;
- 2) экологиялық нормалауды;
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеуді;
- 4) мемлекеттік экологиялық сараптаманы;
- 5) экологиялық рұқсаттар беруді;
- 6) мемлекеттік экологиялық бақылауды;
- 7) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйесін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуі ынталандыруды, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйесін;
- 8) мемлекеттік экологиялық мониторингті;
- 9) табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен участекерін мемлекеттік есепке алууды;
- 10) экологиялық білім беру мен ағарту ісін қамтиды[4].

ҚР-дың Экологиялық Кодексінің 6-бабына сәйкес, ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлауды;

2) табиғи ресурстарды қорғауға, пайдалануға және молықтыруға мемлекеттік бақылау жасауды;

3) табиғи ресурстарды пайдалану құқығына лицензиялар, рұқсаттар беруді және шарттар (келісімшарттар) жасасуды;

4) табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен молықтыруды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуі ұйымдастыруды;

5) табиғи ресурстардың мониторингі мен кадастрларын жүргізуі;

6) табиғи ресурстарды пайдалануға лимиттер белгілеу мен квоталар бөлуді;

7) табиғи ресурстарды пайдалануды, қалпына келтіру мен молықтыруды жүзеге асыратын мемлекеттік занды тұлғаларды басқаруды;

8) табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыруды қамтиды.

Осыған сәйкес, өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың құрамына: өнеркәсіп жерлерін ластиуга қатысуышылары мен қайнар көздерін, жерді пайдаланушыларды мемлекеттік есепке алу; мемлекеттік болжау; өнеркәсіп жерлерін қорғау мен пайдалану және қайта өндіруді қорғауды мемлекеттік қадагалау; жерді пайдалану құқығына және табиғи ресурстарды пайдалануға шарт жасау лицензия беру; ресурстарды сақтайтын технологияны енгізу; жер және басқа да табиғи ресурстардың мониторингі мен жер кадастрын жүргізу; жер және басқа да табиғи ресурстарды пайдалануда лимиттерді белгілеу және квоталарды бөлу; өнеркәсіп жерлерін пайдалануды, қайта құру мен өндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік занды тұлғаларды басқару; жер және басқа да табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыру; экологиялық білімділік пен білім беру.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлімдер). – Алматы: ЮРИСТ, 2008.
- 2 Рахметова Г.Р. Организационно-правовые основы регулирования земельных отношений в Республике Казахстан: дисс. канд. юрид. наук. – Алматы, 2007. – 172 с.
- 3 Хаджиев А. Проблемы теории земельного права Республики Казахстан в условиях становления и развития рыночных отношений: дис. д-ра юрид. наук. – Алматы, 2005. – С. 19. – 366 с.
- 4 Модельный закон об охране окружающей среды. – Страсбург, 1994.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 16 шілде қабылданған. – Алматы: ЮРИСТ, 2015.

References

- 1 Қазақстан Respublikasynyн Azamattyk kodeksi (zhalpy zhәne erekshе bөlimder). – Almaty: JuRIST, 2008.
- 2 Rahmetova G.R. Organizacionno-pravovye osnovy regulirovaniya zemel'nyh otnoshenij v Respublike Kazahstan: Diss. kand. jurid. nauk. – Almaty, 2007. – 172 s.
- 3 Hadzhiev A. Problemy teorii zemel'nogo prava Respubliki Kazahstan v uslovijah stanovlenija i razvitiya rynochnyh otnoshenij: Dis. d-ra jurid. nauk. – Almaty, 2005. – S. 19. – 366 s.
- 4 Model'nyj zakon ob ohrane okruzhajushhej sredy. – Strasburg, 1994.
- 5 Қазақстан Respublikasynyн Kylmystyк kodeksi. 2014 zhylғы 16 shilde қабылданған. – Almaty: JuRIST, 2015.

Мадиярова А.С., Касымов Е.А.

**Қазақстан Республикасының
ауыл шаруашылығын
дамытудың өзекті мәселелері**

Madiyarova A.S., Kasymov E.A.

**Actual problems developing
agriculture in Republic of
Kazakhstan**

Мадиярова А.С., Касымов Е.А.

**Актуальные проблемы
развития сельского хозяйства
Республики Казахстан**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамытудың кейбір өзекті мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар мұнда ауыл шаруашылығының тарихи даму кезеңдері, ауыл шаруашылығы заңнамасының реформалық кезеңдері, азық-түлік қауіпсіздігінің проблемалық мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: селекция, совхоз, агроенеркесіп секторы, өсімдіктерді қорғау.

In this article analyzed some actual problems of developing agriculture in Republic of Kazakhstan. As such comprehensively considered the historical period of development of agriculture, peculiarity of agricultural legislation, the problem questions of food safety.

Key words: selection, state farm, the agricultural sector, protection of plants.

В данной статье проанализированы некоторые актуальные проблемы развития сельского хозяйства Республики Казахстан. Также всесторонне рассмотрены исторические периоды развития сельского хозяйства, особенности реформы сельскохозяйственного законодательства, проблемные вопросы продовольственной безопасности.

Ключевые слова: селекция, совхоз, сельскохозяйственный сектор, защита растений.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫ- ҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы – ел экономикасының дамуында маңыздылығы жоғары негізгі салаларының бірі. Ол халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығының даму деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін аныктайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығында қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроенеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Ол жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арналған Жолдауында былай деп атап көрсеткен болатын: «Біздің әлі де болса есесу мен кемелдену кезеңінен өтуіміз керек. Қазақстондағы азаматтық қоғамның босағасын бекіте беруіміз керек. Бұл үшін агроенеркәсіп кешенін тулете дамытып, ауылға (селога) айрықша назар аударылуы, жеткен бигіміз бен жинақтаған тәжірибелізге сүйеніп, ауылдағы ағайындарымызға өмірдің жаңа сапасына жетуіне кол ұшын беретін уақыт туды». Тарихқа үнілсеқ, Қазақстан өз ерекшелігі тұрғысынан аграрлық мемлекет ретінде дамып қалыптасқандықтан, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай бұл мәселені ғылыми тұрғыда терен зерделеуді, ауыл шаруашылығы саласын кешенді дамытудың жолдары туралы жан-жақты дәлелденген қорытындылар мен байыпты ғылыми тұжырымдар жасауды талап етеді.

Ауыл шаруашылығын дамыту өндіріс құралдарын жеткізетін және ауыл шаруашылығы өнімдерін шикізат ретінде қолданатын басқа да салалардың дамуына жәрдемдеседі, сондай-ақ көліктік, сауда және басқа да қызметтер ұсынады [2].

2007 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемі бір трлн теңгеден асyp түсті және 1121,8 млрд. теңгениң құрады, ал өндірістің өсуі 8%-ды астамын құрады.

Ауыл шаруашылығында 11-12%-ға еңбек өнімділігінің жыл сайынны өсуінің он үрдісі байқалады және қазіргі кезде жалпы өнім өндірісі саладағы 1 жұмыс басты адамға 3800 АҚШ долларынан астамын құрайды.

2007 жылдың қорытындысы жерлерде жұмыссыздық деңгейі 6,2% деңгейінде қалыптасты.

Жыл сайын ауылшаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ұлғая түсude. Егер 2002 жылдың инвестициялар

17,3 млрд. теңгені құраса, 2007 жылы – 55,9 млрд. теңге немесе 3,2 есе артты.

2007 жылы ауыл шаруашылығы дақылдары себілген егістік алқаптарының 80%-нан астамын астық дақылдарының жалпы егістігі құрады. 2005 жылмен салыстырғанда бидай егістігінің алқабы 245,8 мың га (1,9%), қаракұмық – 60,5 мың га (1,7 есе), жемдік дақылдар (арпа мен сұлды) – 322,4 мың га (18,8%), рапс – 129,1 мың га (4,1 есе), соя – 12,6 мың га (25,4%) өсті.

Көкөніс дақылдарының егіс алқабы осы кезең ішінде 5,6 мың га (5,1%), жеміс дақылдары – 18,5 мың га (34,5%) қысқартылды, ал жүзім екпелері 2005 және 2006 жылдар деңгейінде сақталды.

Көкөніс дақылдарының өндірісі 2007 жылы 2005 жылғы 2 168,8 мың тоннага қарсы 2 196,4 мың тоннаны, майлы дақылдар – 459,4 мың тонна, оның ішінде рапс – 118,3 мың тонна, бұл 2005 жылғы тиісті деңгейден 4,5% және 3,6 есе жоғары, жеміс дақылдары – 162 мың тонна, жүзім – 43,2 мың тонна құрады, бұл 2005 жылғы тиісті деңгейден 33,5% және 17,2% төмен.

Рассмотрение вопроса о санкционировании ареста на имущество следственным судьей также направлено, прежде всего, на соблюдение прав лиц, вовлеченных в орбиту уголовного судопроизводства. Судебная практика показывает, что имелись факты наложения органами уголовного преследования ареста на имущество только на основе предположений взаимосвязи источника приобретения имущества с преступными действиями виновного лица. О значимости включения разрешения этого вопроса в полномочия следственного судьи говорят статистические данные о рассмотрении судами всего за 6 месяца 1157 ходатайств о наложении ареста на имущество. С передачей санкционирования наложения ареста на имущество в полномочия следственного судьи стороны имеют возможность в судебном заседании представлять доказательства в подтверждение своих доводов относительно

обоснованности наложения ареста на имущество. Следственный судья исследует основания, подтверждающие законность указанного действия, соблюдение прав сторон и третьих лиц, чьи интересы были затронуты в связи с наложением ареста на имущество.

Также необходимо отметить практическую значимость такого процессуального действия, как депонирование показаний потерпевшего и свидетеля следственным судьей. Особенно в судебной практике по делам о торговле людьми допрос потерпевших в суде представляет большую сложность, так как многие из них, являясь гражданами других государств, уезжают еще до рассмотрения дела в суде по тем или иным возникшим жизненным ситуациям. Это относится и к тяжело больным лицам, которые не имеют возможности выйти из медицинского учреждения, к малолетним и несовершеннолетним, допрос которых с учетом специфики психофизических особенностей их развития и психотравмирующего влияния следственно-судебной ситуации также представляет определенную сложность.

По общему правилу, при депонировании показаний в соответствии с частью 3 статьи 217 УПК РК допрос следственным судьей производится в присутствии прокурора, подозреваемого, его адвоката, закон допускает участие и других участников процесса [3].

Депонирование показаний может быть осуществлено также без участия подозреваемого, который не вызывается на допрос в том случае, если присутствие подозреваемого на допросе угрожает безопасности потерпевшего, свидетеля.

Уголовно-процессуальным законом предоставлено много возможностей осуществления допроса потерпевшего, свидетеля с сохранением конфиденциальности и обеспечением их безопасности, зачастую применяемое при рассмотрении уголовных дел, совершенных в составе преступной группы, которое позволяет участие подозреваемого (обвиняемого) в проведении допроса и обеспечивает соблюдение прав подозреваемого, обвиняемого о допросе показывающих против него свидетелей, предусмотренных пунктом е) части 3 статьи 14 Международного пакта о гражданских и политических правах», ратифицированного Республикой Казахстан 25 ноября 2005 года.

В целях обеспечения безопасности участников судебного разбирательства при депонировании показаний в порядке ст.217 УПК, следственный судья вправе произвести допрос потерпевшего (свидетеля) по правилам ст. 98 УПК без оглашения данных о личности

защищаемого лица с использованием псевдонима, также в условиях, исключающих узнавание защищаемого лица для остальных присутствующих по голосу и внешним данным, без визуального наблюдения его другими участниками судебного разбирательства, в том числе с использованием технических средств в режиме видеосвязи путем дистанционного допроса, предусмотренного статьей 213 УПК. В этом случае подозреваемый (обвиняемый) вправе представить свои вопросы потерпевшему (свидетелю) в письменном виде. Показания допрошенного таким способом лица оглашаются в присутствии всех участников процесса без указания сведений о защищаемом лице. За 6 месяцев 2015 года рассмотрено 135 ходатайств о депонировании показаний.

Судебная функция по рассмотрению и разрешению процессуальных вопросов на досудебной стадии производства предоставляет равные возможности сторонам обвинения и защиты, гарантирует достоверность судебных доказательств, поскольку доказательства становятся известны обеим сторонам при состязательном способе их получения, уменьшиться применение мер пресечений, ограничивающих права и свободу граждан, становится реальной возможность «адвокатского» расследования.

Полномочия следственного судьи по контролю за досудебным производством в последующих этапах развития уголовного судопроизводства будут расширяться, что характеризует поступательное и последовательное развитие уголовного судопроизводства. Так, передача в дальнейшем следственным судьям функции санкционирования негласных следственных действий, обысков, осмотров жилых помещений способна обеспечить обоснованность, законность производства указанных действий. В настоящее время эти полномочия предоставлены прокурору.

Расширение полномочий следственных судей способствуют оптимизации практической деятельности по комплексному применению норм, регулирующих производство следственных действий, ограничивающих право граждан на личную неприкосновенность, гарантирует выявление и устранение нарушений на более ранних этапах производства по делу.

Расширение функции следственного судьи является одним из направлений по реализации институциональной реформы Главы государства Нурсултана Назарбаева в обеспечении верховенства закона и укреплению гарантий защиты прав граждан в уголовном судопроизводстве

Литература

- 1 Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» (с изменениями и дополнениями от 16.01.2014 г.) // <http://online.zakon.kz>
- 2 Выступление Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева на VI съезде судей Республики Казахстан // <http://www.akorda.kz/ru>
- 3 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V // <http://online.zakon.kz>

References

- 1 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 24 avgusta 2009 goda № 858 «O Koncepcii pravovoj politiki Respublikи Kazahstan na period s 2010 do 2020 goda» (s izmenenijami i dopolnenijami ot 16.01.2014 g.) // <http://online.zakon.kz>
- 2 Vystuplenie Prezidenta Kazahstana Nursultana Nazarbaeva na VI s#ezde sudej Respublikи Kazahstan // <http://www.akorda.kz/ru>
- 3 Ugolovno-processual'nyj kodeks Respublikи Kazahstan ot 4 iulja 2014 goda № 231-V // <http://online.zakon.kz>

Тажибаев Б.Н.

**Медициналық қылмыстық
құқық бұзушылықтардың
алдын алу мәселелері**

Кәсіптік қызмет саласындағы медицина қызметкерлерінің қылмыстық құқық, бұзушылықтары, бүгінгі таңда маңызды әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл құбылышы өз көлеміндегі тұрақтылықты ғана емес, сондай-ақ бірқатар жағымсыз сапалық өзгерістер мен жасырын қылмыстық құқық бұзушылықтардың өсуі көлемінің көрсеткіштерін және ауыр әлеуметтік зардалтардың көлемін көрсетуде. Медициналық, көмек көрсетудің ақаулары мен дәрігерлердің және басқа да медициналық қызметкерлердің кәсіби құқық, бұзушылықтарының алдын алу, Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес әрбір мекеменің құзыре-ті болып табылады, өйткені бұл мәселе үлттық, қауіпсіздікті қамтиды. Осыған орай автор бұл мақалада медицина қызметінің құқықтық реттелуінің жетілдіруіне талдау жасап, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуы бойынша негізгі бағыттары мен нақты шараларын қарастырган.

Түйін сөздер: медицина қызметкері, медициналық кодекс, медициналық қылмыстық құқық, бұзушылықтар.

Tazhibaev B.N.

**The problem of prevention of
criminal offences medical**

Criminal offenses in the sphere of professional activity of medical workers, is today one of the most important problems of socio-legal character. This phenomenon shows not only for the size of its stability, as well as a number of negative consequences, the growth of the volume and severity of latent criminal offences and the volume of serious social consequences. Prevention of defects of rendering of medical aid and professional offenses of doctors and other healthcare professionals is the competence of each institution, in accordance with the Constitution of the Republic of Kazakhstan, because it involves the issue of national security. The author analyzed the development of legal regulation of medical practice, the article also discusses the main directions and specific measures to prevent medical criminal law violations.

Key words: medical worker, medical code, medical criminal offences.

Тажибаев Б.Н.

**Проблемы профилактики
медицинских уголовных
правонарушений**

Уголовные правонарушения в сфере профессиональной деятельности медицинских работников на сегодняшний день являются одним из значимых проблем социально-правового характера. Это явление выражается не только в размере своей стабильности, но и в ряде негативных последствий, росте показателей объемов и тяжести латентных уголовных правонарушений и объеме тяжких социальных последствий. Профилактика дефектов оказания медицинской помощи и профессиональных правонарушений врачей и других медицинских работников является компетенцией каждого учреждения в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, потому что она включает в себя вопрос национальной безопасности. Автором проанализировано развитие правового регулирования медицинской деятельности, также в статье рассматриваются основные направления и конкретные меры предупреждения медицинских уголовных правонарушений.

Ключевые слова: медицинский работник, медицинский кодекс, медицинские уголовные правонарушения.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ
АЛДЫН АЛУ
МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Медицина қызметкерлерімен орындалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін қарастыру осы субъектілердің ерекшеліктері және олармен жасалатын іс-әрекеттердің маңызды белгілерімен тығыз байланысты. Мұндай жағымсыз құбылыстарға алдын ала сынаптан өткізілген әдістер стандартының көмегімен, қарсы тұру іс жүзінде қын болуда. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін ауқымды жалпы мемлекеттік шаралардың маңызы зор. Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы қажет: денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, медицина саласының қаржылық реформалануы, денсаулық сақтау жүйесін накты құрылымдау, прокуратура органдарының медицина саласындағы заңнаманың орындалуына бақылау жасау қызметін күшейту, дәрігерлердің және медициналық құрамның кәсіби біліктілігі мен құқықтық сауаттылығын арттыру.

Медицина қызметкерлеріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу белгілі бір ерекшеліктерді иеленеді, себебі бұл саладағы қылмыскердің тұлғасы өзге қылмыскердің жеке басынан айтартылған ерекшеленеді; ерекше кәсіби міндеттеріне орай медицина қызметкерінің қылмыстық мінездүкүлік механизмі де өзгеше болып келеді.

Жалпы және арнаулы ескерту шараларын тәжірибелік жүзеге асыру әртүрлі жолдармен жүргізіледі.

Қазіргі таңда теорияда және тәжірибеде жалпы, арнаулы және жеке деп аталатын қылмыстардың алдын алудың түрлері кеңінен тараған. Жалпы алдын алу адамдардың өмір сүруінің барлық салаларына қатысты, сондықтан да жалпы алдын алудың объектісі болып әртүрлі деңгейдегі криминогенді құбылыстар танылады. Жалпы алдын алу шарасы қоғамның барлық мүшелерінің қалыпты құқыққа сай мінез құлқын қалыптастырады [1,219 б].

Жалпы ескерту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылышын жоспарлауды, басқаруды, болжауды және ұйымдастыруды білдіреді. Әр түрлі мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, партиялар және т.б. осының субъекттері болып танылады.

Әлеуметтік-экономикалық шаралар. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 11 қараша 2014 жылғы «Нұр Отан»

партиясының съезінде «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» деп атаптын Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның жаңа экономикалық саясатында негізгі сәттерді белгіледі. Барлық мемлекеттік органдар құлдырауды және әлемдік дағдарысты ескере отырып жұмыс істеуі қажет. Жалпы шаралар жүйесінде маңызды орын құқықтық шараларға, құқықтық тәрбиелеуге, жаңа қылмыстық заңнаманың, халық денсаулығын сақтау саласындағы заңдардың, неке және отбасы туралы заңнаманың кабылдауына байланысты құқықтық білімді насихаттауға маңызды орын беріледі.

Медицина қызметкерлері тарапынан жасалған қол сұғышылықтың себептерін жоуды тиімді ету, жалпы және арнаулы алдын алу шараларын байланыстырган кезде ғана мүмкін болады. Жалпы алдын алу шаралары қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудың әлеуметтік-экономикалық себептерімен өзара байланыста болады. Сондай-ақ бұл жағдай төмендегідей әрекеттерді талап етеді:

- медициналық мекемелерді қаржыландыруды арттыру;
- медицина қызметкерлерінің еңбекақысын көбейту;
- медицина саласындағы мамандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жарытымды түрде жақсарту және оларға өздерінің материалдық қажеттіліктерін заңды әрекетпен қанагаттандыруға мүмкіндік беру;
- денсаулық сақтау саласындағы реформаны құқықтық қамтамасыз ету;
- емдеу – профилактикалық мекемелердегі, жекелеген мамандардың қызмет сапасын бақылауды жетілдіру. Бақылау ішкі және сыртқы ведомстволық денгейде жүргізуі қажет. Әсіреле с сыртқы ведомствальқ бақылауға ерекше көніл бөлінуі тиіс, себебі ішкі ведомстволық бақылау, әдетте, корпоративтік ықпалға ұшырайды;
- рухани-имандылық саласын сауықтыру жөніндегі жалпы мемлекеттік шаралар. Мейірімсіздік, имансызың – бұл медицина қызметкеріне тән болмауға тиісті қасиеттер. Дәрігердің рухани мәдениетін арттыру керек. Дәрігер науқаспен сойлесудің тиімді әдісін менгеруі қажет, дәрігерге қояр талабы жоғары болып көрінгенің өзінде науқастармен сыйтайы және сабырлы болуы тиіс;
- медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуды жүзеге асыратын құқық корғау органдарының тиімділігін арттыру. Ең алдымен, сот-тергеу тәжірибесін жинақтап талдау керек, сондай-ақ бұл санаттағы іс бо-

йынша сот-медициналық сараптамаларға талдау жүргізу қажет. Осының негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулыларына сәйкес құқық қолдану органдарына нақты ұсыныстар өндөлген жөн. Медицина қызметкерімен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың есебін беру нысаны мен статистикалық есебін жетілдіру, құқық корғау органдары қызметкерлерін медициналық қылмыстық құқық бұзушылықты саралау мәселелері бойынша арнайы даярлау және оқыту қажет.

Арнайы ескерту кең тұрғыдан қылмыстық құқық бұзушылықты жасауга әсер ететін себептер мен жағдайларды таратуға әлде бейтараптандыруға бағытталған шараларды тікелей жоспарлау, басқару, болжай және әзірлеу жолымен жеткізіледі. Оларға мынадай шаралар жатады: ішкілікпен және нашақорлықпен күресу; жұмыссыздықты және әлеуметтік арамтамақтықты біртіндеп жою; қолайсыз және нашар жағдайдағы отбасыларға әлеуметтік-құқықтық көмек; жалпы тәрбиелік жұмыс және халықтың арасында құқықтық білімді насихаттау. Осы қызметтің субъектілері болып прокуратура органдары, ішкі істер органдары, министрліктер және ведомстволар, әртүрлі инспекциялар, соттар, қоғамдық үйімдар танылады. Арнайы ескерту шаралары тар мағынада нақты қылмыстық іс-әрекеттердің себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған, олардың мақсаты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу, солтая және жазаны өтөу барысында, кейір жағдайларда постпенитенциарлық қадағалауды белгілеу арқылы жүзеге асырылады [2].

Нақты медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуының арнайы шараларына төмендегідей түрлері жатқызылады.

1. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасырын болуын ескере отырып, медицина қызметкерлерінің құқық бұзушылықтары туралы істер жөнінде сот-медициналық сараптамаға тұрақты талдау жүргізу және оны сәйкес мамандарға жеткізу қажеттілігі туындаиды. Қазіргі уақытта жүргізіліп отырған талдау тұрақты болмауда. Сонымен қатар, мұндай сараптамаларды жүргізетін медицина қызметкерлері (паталогоанатомдар) өздерінің әріптестеріне қарсы корпоративтік мүддеге сай, объективті қорытынды бермейді. Ис жүзінде барлық сот-медициналық сараптамалар дерлік Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне бағынатын, аумақтық Сот-медицина сараптамасының биоросында (СМС) жүргізіледі. Әрине, жергілікті СМС медицина қызметкерлерінің кез-келген

әрекеті үшін, әдетте, оларды ақтайтын қорытынды береді. Бір ведомстваның қарамағында болғандықтан, еркіті де, еріксіз де СМС медицина абыройын сақтауға тырысады. Тәжірибе жүзінде, медицина қызметкерлеріне қатысты қылмыстық істің 79%-ы сотқа дейінгі тергеу сатысында тоқтатылды, ал сотқа дейін жеткен істің 16%-на ақтау үкімі шығарылды. Сарапшылардың нақты тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін СМС Бюро-сын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің құрылымынан шығарып, Қазақстан Республикасы ПМ құрылымына енгізген жөн. Медицина қызметкерлерімен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты, оның есебі мен тіркеуін өндөу маңызды болып табылады.

Жеке алдын алу [3] нақты тұлғаға қатысты иландыру мен мәжбүрлеу шараларын, сондай-ақ қоғамға қарсы жағымсыз құбылыстарға әсер ету шараларын қосады.

Толықтай алғанда алдын алу шараларының түрлерін топтастырудың негізгі белгілері мынадай:

- мазмұны мен сипатына байланысты;
- жузеге асыру уақытына байланысты;
- алдын алу субъектісіне байланысты;
- алдын алу объектісінің шенберіне байланысты [4, с. 229].

2. Сондай-ақ виктимологиялық алдын алу шараларын жүргізу қажет. Ең алдымен ол, халықты медицинаның мүмкіндіктері мен қындықтары, азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттері туралы білікті және тұрақты ақпараттандыруға, қылмыспен және өзге құқық бұзушылықтармен құресудің оң нәтижелерін көрсетуге және басқа да әрекеттерге бағытталуы тиіс. Азаматтар міндетті медициналық сақтандыру шенберінде қандай медициналық қызметтерді алуға құқылы екендігін, сонымен қатар құқығы бұзылған кезде қалай әрекет ету керектігін білуге тиісті. Медицина қызметкерлерінің тарапынан зансыз парақорлықты болдырмау үшін міндетті медициналық сақтандыру шенберінде бір ғимаратта медициналық қызметтер көрсететін мекемелерге, сонымен қатар ақылы қызмет көрсетуге тыйым салу қажет.

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында келесідей шараларды ұсынамыз: азаматтар медицина саласындағы қылмыстардың алдын алу үшін өзінің үлесін қосуы тиіс, олар өздерінің денсаулықтарын қорғау үшін, маусымдық аурулардың алдын алу үшін дәрумендерді қолданып және ағзасын шынықтыруы керек.

Денсаулық сақтаудың көрсеткіштері науқастар мен ауруханалардағы төсек орындарынан емес, халықтың тәндік, психикалық, әлеуметтік деңгейінен, туу мен өлімнің көрсеткіштерінен және елдегі ерлер мен әйелдердің өмір сүру деңгейінің орташа ұзақтығынан көрініс табады. Әдебиеттерде дұрыс атап көрсетілгенідей, қоғамның экономикалық, техникалық және мәдени деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын ондай қоғамда қылмыстылық экономикалық дағдарыска түсken, әлеуметтік және саяси тұрақсыз қоғамға қарағанда қылмыстылық деңгейі аз болады[5]. Кез келген абайсызда жасалған қылмыстардың алдын алуда қоғамның барлық мүшелерінің жалпы және арнайы мәдениетін көтеру, денсаулық сақтау емдеу мекемелерінің хирургиялық, жан сақтау, жаракат, ортопедиялық бөлімге қызмет көрсететін кәсіптік бағыттағы тұлғалардың деңгейін арттыру қажет[6].

3. Мемлекет денсаулық сақтау саласын дамытудың тиімді және қолайлы әдісін қарастыруы тиіс.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен 20.12.2013 ж. бекітілген 2013-2016 жылдарына арналған Қазақстан Республикасында денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарын дамытудың кешенді жоспары қабылданды. 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жузеге асыру бойынша шаралар жоспарын орындау туралы» Ерікті ақпарат құрастырылды [7]. Мемлекет басшысының тапсырмасымен денсаулық сақтау министрлігінің мамандары 2016-2020 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуде. Оның негізгі бағыттары болып: біріншіден, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету. 2017 жылдан бастап Қазақстанда Денсаулық сақтаудың Бірынғай ұлттық жүйесінің негізінде кезең-кезеңімен әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізіледі, ол өз кезегінде мемлекеттің, жұмыс берушінің, азаматтың және басқа да қайнар көздердің есебінен қаржыландырудың көп жақты арнасының қағидасын анықтауға мүмкіндік береді және денсаулықты қорғау жүйесі қатысуышыларын ұжымдық жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу тұжырымдамасының жобасын әзірлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жұмыс тәжірибесі бар отандық сарапшылар, халықаралық консультанттар тартылған, сондай-ақ бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы шен-

берінде бүкіл әлемдік банк консультанттары тартылған. Әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері туралы Заңның жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізу 2016 жылдың басына жоспарланған. Екіншіден, алдын алу, ескерту және ауруларды ерте анықтауға бағытталған алғашкы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Үшіншіден, денсаулық сақтаудың кадрлық әлеуетін дамыту. Медициналық білім мен ғылыми зерттеулердің халықаралық стандарттарын енгізу мәселесі қарастырылады [8]. Сонымен қатар, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында және Ел басы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы» қазақ халқына жолдауында айтылған. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсының 2012 жылғы Желтоқсан айындағы айтылған Жолдауын жүзеге асыру бойынша заң жобасы әзірленді. Заңның негізгі мақсаты: медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, қолданыстағы заңнаманы халықаралық стандарттарға келтіру. Заң жобасын әзірлеу барысында халықаралық тәжірибе кеңінен қолданылды. Клиникалық зерттеулерді құқықтық реттеу мақсатында денсаулық сақтау жүйесін нығайту бойынша Таллин хартиясының ережелері, инфекциялы емес аурулар бойынша Москва декларациясы, салауатты өмір салтының Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы, темекіге қарсы ДДҮ шенберлі конвенциясы, адам үшін дәрілік препараттарға қатысты Европалық Парламенттің және ЕО Кенесінің директивалары кеңінен қолданылды. Ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар ағзалар мен тіндердің фармацевтика саласындағы мәселелерді реттеуге, медициналық бағыттағы және медициналық техника өнімдерін реттеуге және телевизиялық медициналық қызмет көрсету, ұлттық медицинаның мәртебесін және азаматтарға медициналық қызмет көрсетудің деңгейін арттыруға, сондай-ақ денсаулық сақтау саласының қолжетімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Әр елде денсаулық сақтау саласын реттеу өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Сапаны жақсарту қағидаларын, медициналық қызметтің қолжетімділігін бекіту, әкімшілік процедураларды жеңілдету, бюрократияны азайту, медициналық көмек көрсетуді ұсынудың сапасының жаңа критерийлерін әзірлеу және емделушілермен кері байланысты орнатуды бекіту танылады[9]. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау үйімі (БДҮ) 54 мемлекет

мүшелерін қамтитын Европалық аймақ және Орталық Азия аумағын қамтитын БҰҰ бірінші алғашқы ірі оғисінің ашылуы әсер етеді. Ол С. Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медуниверситетінің аумағында орналасатын болып шешілген[10].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Г. Әбдіхалықованаң БДСҮ Европалық аймақтық бюросының директоры Жужанна Якабпен кездесуі өтті. Мемлекеттік хатшының айтуынша, Қазақстан Республикасы денсаулыққа байланысты, соның ішінде балалардың өлімін азайтуға, ананың денсаулығын жақсартуға, ВИЧ/СПИД-пен, туберкулез-бен күресуде даму саласындағы мыңжылдықтар Декларациясының мақсаттары мен міндеттерін орындауга үлкен маңыз береді. Нактырақ айтқанда, Қазақстан ана мен жас балалардың өлімінің көрсеткішін жақсартып, орташа өмір сүру үзактығын ұзартты. Мысалы, ана өлімі 3 есеге азайды және 2014 жылы 100 мың жаңа туған нәрестелерге 11,8 баланы құрады; өмір сүру үзактығы 70,4 жылды құрады [11]. Халықтың арасында санитарлы-агартушылық қызмет өз ісін жетік білмейтін дәрігерлердің құзыретінде болғандықтан тоқырауға ұшырауда [12, 4 б.]. Кең тұрғыдан алғанда, темекі шегу, нашақорлық, ішкілік түріндегі денсаулыққа зиян келтіретін әдістермен күресу қажет. Ишкі істер органдарының алдын алу тіркеу органдарында есірткіден емделуде тұрган мыңдан астам, сонымен қатар ішімдікten емделуде тұргандар да кем емес.

4. Жеке және мемлекеттік клиникалардағы міндетті медициналық сақтандыру шарттарында медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін бекіту. Сақтандыру – медицина мекемесінің немесе өз бетінше жұмыс істейтін дәрігердің (сақтандышы) белгілі бір ақыға туындаған тәуекелдер үшін жауапкершілікті сақтандыру компаниясы ретінде өзіне алатын, залалды өтеудің ең әмбебап және сенімді экономикалық механизмі. Емделушілер жауапкершілігі сақтандырылған дәрігерге жүгінген кезде, мұліктік жағдайынан және медицина мекемесінің (өз бетінше жұмыс істейтін дәрігердің) адалдығынан тәуелсіз түрде олардың занды құқықтары, жедел және тиімді іске асырылуына қосымша кепіл алады, себебі сақтандыру барысында медицина мекемесінің міндеттерімен қатар сақтандыру компанияларының міндеттемелері де болады. Медицина мекемелері сақтандыру полисі бар болған жағдайда, кәсіби қателік жіберуі нәтижесінде азаматтардың өміріне, денсаулығына және мұліктік зиян келтірудің салдарынан туындайт-

ын міндеттемелер бойынша төленетін қаржы шығыны ауыртпалығынан босатылады. Кәсіби жауапкершілігін сақтандыру полисінің болуы пациенттердің құқығына да қосымша кепіл жасайды.

Осы мәселеге байланысты, «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК бас директорының орынбасары Н. Исатаева келесідей ой білдірді. «Біз халықта және медициналық жүртшылыққа дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесі туралы заң жобасын талқылап, өз пікірлері мен тілектерін білдіруін ұсынамыз. Сонымен қатар, әрбір дәрігерлік қате өз «бағасын» иеленетін болады деп атап өтті [13].

Мәселен Қырғыз Республикасының заңгері Г.А. Саадабаевың көзқарасынша, «Дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру, болуы мүмкін кәсіби қателердің салдары үшін жауапкершіліктің ең пәрменді нұсқасы болып табылады. Өкінішке орай, бұл құқық медицина қызметкерлері үшін сөз жүзінде ғана болуда. Медицина қызметкерлерінің қызметін сақтандыру тетігін өзірлеу, бір жағынан, емделушілерге Конституциямен кепілдік берілген құқықтарын іске асыруға, ал екінші жағынан медициналық қызметкерлерінің өз кәсіби қызметін қоргауға мүмкіндік береді» [14, 42-43 б.].

Егер АҚШ-тағы медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігінің сақтандыру жүйесін қарастырсақ, онда ол екі нұскада жүргізілген. Бірінші нұска бойынша, сақтандыру полисінің жұмыс істеу уақыты ішінде, емделушінің немесе оның өкілінің шағым беруіне қарамастан, шағымдар туралы барлық залалды сақтандыру компаниясы төлеуге міндеттенеді. Екінші нұска, сол жылы келтірілген залалға қатысты шағымдар бойынша ғана келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз етеді. Жауапкершілігін сақтандыру бойынша полис алу үшін, дәрігермен төленетін сақтандыру жарнасының мөлшерін айқындау кезінде, нақты дәрігерлік мамандыққа және саны мен мөлшерін төлеу мүмкіндігіне тәуелді, қатердің дәрежесі ескеріледі. Қауіп-қатер дәрежесі, келіп түсken шағымдардың саны туралы деректер мен осы сақтандыру компаниясы әрекет ететін өнірде алдыңғы жылдары жүргізілген төлемдер мөлшерін талдау негізінде бағаланады. АҚШ-та түрлі мамандықтағы дәрігерлердің ғана емес, сондай-ақ бір бейіндегі дәрігерлер үшін де сақтандыру полисінің жарналары әр түрлі [15].

5. Мәселен, кейбір жағдайларды, Қазақстан Республикасының 16. 11. 2015 жылғы № 405-V «Міндетті медициналық сақтандыру» туралы

занының жобасына ұсыныс ретінде қарастыра кетсек.

Біріншіден, міндетті медициналық сақтандыру қызметінде, бірыңғай үлгідегі, жалған жасаудан қорғалған полистерді енгізу қажет, сонымен қатар медицина мекемелерінің және кеzekші бригаданың жетекшілерін полистің иесіне елдің кез келген Қазақстан Республикасының аумағында көмек көрсетуге міндеттеу қажет. Екіншіден, барлық медициналық сақтандыру полистерінің «Қазақстан Республикасының барлық аумағында күші бар» деп көрсетілу қажет. Неткен жағдайда аталған ереже медицина үйымдарымен, әсіресе Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағында тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелмей уақытша келген азаматтарға қатысты жиі бұзылады. Әдетте медициналық полис оны берген субъектісінен тыс танылмайды, себебі аумақтық сақтандыру үйымдары бір-біріне бағынбайды және бір-біріне қомектеспейді, субъектілердің арасында сәйкесінше өзара шарттық міндеттемелер жоқ. Үшіншіден жоғарыда аталған «Міндетті медициналық сақтандыру» туралы заң жобасының 28-бабының 4-тармағы бойынша, әскери қызметкерлер, арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері міндетті медициналық сақтандыруға жатпайды. Халықтың бұл санатына медициналық қомек ведомстволық емдеу-профилактикалық мекемелерде көрсетіледі. Денсаулық сақтаудағы мемлекеттік және муниципалды жүйенің емдеу-профилактикалық мекемелерінде медициналық қомек көрсету қажет болған жағдайда халықтың аталған санатына емдеу құны атқарушы биліктің аймақтық органдарының қаражаты есебінен төленеді. Алайда, көрсетілген қызметкерлерге полистің болмауына жүгініп, денсаулық сақтаудағы мемлекеттік және муниципалды жүйенің емдеу-профилактикалық мекемелерінде медициналық қомек көрсетуден жиі бас тартады, не болмаса ем үшін «өз қалтасынан» төлеуді ұсынады. Біздің ойымызша, медицина мекемелерінің қызметкерлері тарапынан пациент құқығының жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары науқастың өміріне және денсаулығына қауіп төндіре отырып, қомек көрсетпеу деп бағаланады. Аталған заң жобасында осы мәселе бір жақты реттелуі тиіс.

6. Денсаулық сақтау саласында қол сұғушылықтың алдын алу туралы және медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін қарастыратын медициналық және қылмыстық заннамаларды жетілдіру қажет. Медициналық қызметтердің

құқықтық реттелуі әлсіз және қарама-қайшы, ол социалистік жағдайдан нарықтық қарым-қатынасқа бетбұрды, алайда әлі күнге дейін тұрақсыз. Оның анықталмаған жағдайы жоғары криминогенді болып табылады.

7. Аурудың нақты түрлерін емдеудің стандарттары әзірленуі қажет, ол мемлекеттің барлық аумағында әрекет етуі тиіс, және ол тек мемлекеттік, муниципалдық мекемелер үшін ғана емес, сонымен қатар жеке емдеу мекемелеріне де міндетті болуы керек. Ерекше орын XXI ғасырдың обасы болып табылатын ВИЧ/СПИД-тің, Эбола ауруының және басқа да жаңа аурулардың алдын алуға көніл болінуі қажет.

Қазіргі уақытта кейбір ауруларды емдеу бойынша салалық стандарттар бар, бірақ өте аз, олар енді ғана қалыптасуда және көптеген аурулар бойынша әлі пайда болмады. Стандарттар тұрақты болуы және емдеудің сынақтан өткізілген әдістеріне негізделуі қажет, алайда емдеу үшін халықаралық медицинада танылған жаңа жоғары технологиялық әдістерді қолдануға мүмкіндік беруі тиіс. Құқық қорғау органдары сот медицина қызметкерлерімен тығызынтымақтастықта әрекет етуі қажет, себебі сот-тергеу қызметкерлеріне арнайы маманның білімінсіз ұқсастықты жүргізу, көмектің стандарттарға сәйкестігін тексеру қыын.

8. Сонымен қатар, көптеген мәселелер, соның ішінде құқықтық сипаттағы жағдайлар медицина қызметкерлерінің ішімдік және есірткі заттарын қолданумен байланысты. Есірткі және ішімдік заттарын қолданатын тұлғаларға медициналық кәсіппен айналысуға тыбым сала отырып, есірткі және ішімдікті қолдануға тестилеу жүргізу қажет. Аталған шаралар көптеген қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерді жасаудың алдын алуына көмектеседі.

9. Медицина қызметкерлерінің тарапынан қылмыс жасаудың алдын алудағы тиімді шаралардың бірі медициналық құжаттаманы оның зандық, медициналық және ғылыми-педагогикалық мағынасын ескере отырып жүргізуі жақсарту, соның ішінде электрондық ауру тарихын жаппай енгізу болып табылады. Қазіргі уақытта медициналық құжаттаманы жүргізумен байланысты көптеген бұйрықтар бар, алайда сот-тергеу қызметкерлеріне медициналық құжаттаманы бағалау өте қыын, себебі көптеген аса қажетті кезеңдерді занға, бұйрықтарға сүйеуге болмайды. Стационарға келіп түсken және шығарылған адамда көбінесе тек емдеу мекемесінен шығарылу туралы парап қана болады, ол занды құжат болып табылады, ал ауру тарихы

медицина мекемесінде қалады. Алайда шығарылу туралы парап пен ауру тарихы бір-біріне сәйкес келмейді, онда түрлі көшірмелер болады, шығарылу туралы бетте тұлғаның алдағы бақылауды қайда жүргізу, қайда жүргіну, не істеу туралы нұсқаулықтар болмайды, ал ауру тарихында болуы мүмкін. Мұндай қайшылықтардың нәтижесінде науқас қажетті көмекті ала алмауы мүмкін. Сондай-ақ, дәрігер ауызша түсіндіре отырып, жазбаша құжаттамаған жағдайлар орын алуы мүмкін. Дәрігердің нұсқаулығын орындаған және сырқатын асқындырып алған науқас «барлық кінәні» дәрігерден көруі мүмкін, ал дәрігер өзінің дұрыстығын растай алмай қалады. Мұндай істерді сот қарастырган кезде шындықты бекіту өте қыын, әсіресе дәрігердің кінәсін, не оның жоқтығын дәлелдеу одан да қыынға түседі. Сондықтан медицина қызметкерлерінің өз қызметін жүзеге асыру барысында рәсімдеген әрбір құжат маңызды дәлелді мәнгі ие болады. Осылан сәйкес медицина қызметкерлерінің арасында медициналық құжаттаманы жүргізу бойынша түсіндірме жұмыстарын өткізу керек, құжаттаманы, медицина қызметкері емдеудің барлық сатыларын және қажетті емдеу шараларын дұрыс және уақытылы орындауын көрсететін дәлел ретінде нұсқау қажет; сондай-ақ, науқасты ақпараттандырылуын құжатпен растау қажет. Бұл дәрігерге жүргіну сәтінен бастап жүргізілген емдеуден кейін нұсқаулыққа дейінгі емдеуге қажетті түсіндірме жүргізуін және талқылаудың дәлелі болады.

10. Сонымен қатар, дәрігерлік көмек көрсетуден бас тартуына байланысты оны құқықтық реттеудің қажеттілігі туындаиды. Дәрігерлік бас тарту мына жағдайларды ұстанған кезде орын алуы мүмкін: медициналық көмекке нақты қолжетімділік қамтамасыз етілген кезде, науқастың өмірі мен денсаулығын және құқығын қорғау мақсатында оны жүзеге асыру; дәрігердің тарапынан діни түсінік бар болған кезде пациенттің өмірін, денсаулығын және құқығын қорғау мақсатында жүзеге асыру. Занды-техникалық сипаттағы, соның ішінде дәрігерге өзінің бас тартуын негіздеуді міндеттеу және оны құжатпен рәсімдеу, дәрігердің әрекетін жоғары тұрған тұлғалардың бағалауына мүмкін етуі оның маңызды аспектісі болып табылады. Сонымен қатар, дәрігер көмек көрсетуден бас тарта отырып, емделушіге мұндай көмекті қайдан алуға болатындығын көрсетуге міндетті. Тиісті ем-шаралардан, бас тартуды рәсімдеудің процесуалдық жағы әзірленбеген – нәтижесінде дәрігер өзінің басшылығына бұл жөнінде

баяндамайды, науқастарды басқа медицина мекемелеріне жолдамайды. Аталған жағдайдан дәрігер де, науқас та көргалмаган.

11. Арнаулы және жеке шаралары Қазақстан Республикасының барлық заң және медициналық ЖОО-да «Медициналық құқық» пәнінің енгізілуін қамтуы тиіс. Кейбір медициналық ЖОО-да, бұл пән оқу үдерісіне енгізілген, мысалы Алматы қаласының С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. Алайда, жогары заң оқу орындарында бұл пән оқу үрдісіне енгізілмеген. Сот-тергеу тәжірибесінің талдауының көрсетуінше, дәрігерлер көбінесе әрекеттерінің тиімсіз болып қалады деп, бұл үшін жазаланудан қорқуына орай науқасқа көмек көрсетуден бас тартады. Осыған байланысты, медицина қызметкерлерінің құқықтық білімін арттыру және жауапкершілік негізін, әсіресе аса қажеттілік жағдайындағы және негізді тәуекелге бару әрекеттерін түсіндірген жөн. Сондай-ақ, құқық қорғау мен сот-тергеу қызметкерлеріне осы мәселелеге қатысты біліктілігін арттыру курсарын жүргізу қажет.

12. Медицина қызметкерлерімен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесінде деңсаулық сақтау мекемелері ерекше орынды иеленеді, себебі аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар дәл осы жерде жасалынады. Аталған мекемелердің басшылары науқастардың медицина қызметкерлеріне қатысты шағымдарына уакытылы және дұрыс назар аударып, оның себептерін анықтап және оны жоюға ұмтылуы тиіс. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуына ықпалын тигізеді.

13. Есеп-талдау жұмыстарына реформа жүргізу кезінде медицина қызметкерлерімен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы сәйкес статистикалық деректердің есебі бойынша, арнайы бағанды қарастырған жөн.

Ұсынылған алдын алу шаралары тиімді және нәтижелі болуы үшін деңсаулық сақтау саласында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алудың жоғарыда аталған шаралары өзара байланысты қолданылып, жүйелі сипатта болуы қажет.

Әдебиеттер

- 1 См.: Каиржанов Е.И. Криминология (общая часть). – Алматы: Өркениет, 2000. – 288 с.
- 2 Современные тенденции развития социалистического уголовного права. – М.: Наука, 1983. – С. 157-158.
- 3 Филимонов О.В. Индивидуальная профилактика преступлений. – Томск: ТГУ, 1986. – С. 83-85.
- 4 Корзун И.В. Преступность среди женщин в Казахстане. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – С. 31.
- 5 Чуфаровский Ю.В. Криминология: учебное пособие. – М.: Профобразование, 2002.
- 6 <http://www.mzsr.gov.kz/node/322580>
- 7 <http://www.mzsr.gov.kz/node/320599>
- 8 <http://bnews.kz/ru/photonews/post/252757/>;
- 9 <http://www.mzsr.gov.kz/node/322591>
- 10 См.: Шарманов Т.Ж. Долгое восхождение к праву на здоровье. – Алматы: Атамура, 1998. – 232 с.
- 11 Казахстанских врачей обязуют страховать свою // Tengrinews.kz.
- 12 Об ответственности медицинских работников // Казахстанский журнал международного права. – №1 (57). – Алматы, 2015. – 95 с.
- 13 Казахстанских врачей обязуют страховать свою // Tengrinews.kz.
- 14 Об ответственности медицинских работников // Казахстанский журнал международного права. – №1 (57). – Алматы, 2015. – 95 с.
- 15 Страхование профессиональной ответственности медицинских работников за рубежом // www.rosmedstrah.ru

References

- 1 Sm.: Kairzhanov E.I. Kriminologija (obshhaja chast'). – Almaty: Өrkeniet, 2000. – 288 s.
- 2 Sovremennye tendencii razvitiija socialisticheskogo ugovolnovnogo prava. – M.: Nauka, 1983. – S. 157-158.
- 3 Filimonov O.V. Individual'naja profilaktika prestuplenij. – Tomsk: TGU, 1986. – S. 83-85.
- 4 Korzun I.V. Prestupnost' sredi zhenschin v Kazahstane. – Almaty: Zheti Zhargy, 1998. – S. 31.
- 5 Chufarovskij Ju.V. Kriminologija: Uchebnoe posobie. – M.: Profobrazovanie, 2002.
- 6 <http://www.mzsr.gov.kz/node/322580>
- 7 <http://www.mzsr.gov.kz/node/320599>
- 8 <http://bnews.kz/ru/photonews/post/252757/>;
- 9 <http://www.mzsr.gov.kz/node/322591>
- 10 Sm.: Sharmanov T.Zh. Dolgoe voshozhdenie k pravu na zdorov'e. – Almaty: Atamura, 1998. – 232 s.
- 11 Kazahstanskikh vrachej objazhut strahovat' svoju // Tengrinews.kz.
- 12 Ob otvetstvennosti medicinskikh rabotnikov // Kazahstanskij zhurnal mezhdunarodnogo prava. – №1 (57) – Almaty 2015. – 95 s.
- 13 Kazahstanskikh vrachej objazhut strahovat' svoju // Tengrinews.kz.
- 14 Ob otvetstvennosti medicinskikh rabotnikov // Kazahstanskij zhurnal mezhdunarodnogo prava. – №1 (57). – Almaty, 2015. – 95 s.
- 15 Strahovanie professional'noj otvetstvennosti medicinskikh rabotnikov za rubezhom // www.rosmedstrah.ru

Григорьев В.

Катастрофы и стихийные бедствия: меры по локализации и устранению последствий, вопросы расследования причин и условий

Grigoriev V.

Accidents and natural disasters: measures for localization and elimination of consequences, questions of investigation of the reasons and condition

Григорьев В.

Күйреулер мен табиғи зілзаларап: зардаптарды оқшаулау мен жою шаралары, себептер мен жағдайларды тергеу мәселелері

Техногенные катастрофы и стихийные бедствия оказывают сильное и губительное воздействие на окружающую среду. Вероятность возникновения и тяжесть последствий катастроф и стихийных бедствий могут возрастать как в результате новых технологий, так и в процессе разного рода жизнедеятельности человека (сельское, лесное и иное хозяйство). Целостный подход к управлению риском, основанный на знаниях, вынесенных из уроков аварий и стихийных бедствий в прошлом, понимание необходимости лучшего планирования на случай возможных аварий и реализация ряда превентивных мер должны помочь уменьшить число и тяжесть последствий катастроф и облегчить последствия стихийных бедствий.

Ключевые слова: катастрофы, стихийные бедствия, причины и условия, расследование, превентивные меры, предупреждение рисков, устранение последствий.

Technogenic catastrophes and natural disasters make strong and pernicious impact on environment. The probability of emergence and weight of consequences of accidents and natural disasters can increase, both as a result of new technologies, and in the course of any activity of the person (rural, forest and other economy). The complete approach to management of risk based on the knowledge which is taken out from lessons of accidents and natural disasters in the past, understanding of need of the best planning and realization of a number of preventive measures have to help to reduce number and weight of consequences of accidents by a case of possible accidents and to facilitate consequences of natural disasters

Key words: accidents, natural disasters, reasons and conditions, investigation, preventive measures, prevention of risks, elimination of consequences.

Күйреулер мен табиғи зілзаларап қоршаған ортаға зор, әрі қырғын әсерін тигізеді. Күйреулер мен табиғи зілзаларапдан келтірілеттін зардаптардың туындауы мен оның ауырлығына жаңадан пайда болған технологиялармен қатар адамдардың түрлі тіршілік әрекетінің салдары (ауыл, орман және өзге шаруашылық) себеп болады. Бұрын орын алған апаттар мен табиғи зілзалараптың алдын алу бойынша қалыптасқан тәжірибеге негізделген тәуекелдерді басқарудың бірынғай тәсілдері, болуы мүмкін апаттарды дұрыс жостарлау мен олардың алдын алу шараларын жүзеге асыру арқылы күйреулер саны мен олардың зардаптарын және табиғи зілзалараптың зардаптарын жоюға көмегін тигізеді.

Түйін сөздер: күйреулер, табиғи зілзаларап, себептер мен жағдайлар, тергеу, алдын алу шаралары, қауіп-қатерлерді ескерту, зардаптарды жою.

**КАТАСТРОФЫ
И СТИХИЙНЫЕ
БЕДСТВИЯ: МЕРЫ
ПО ЛОКАЛИЗАЦИИ
И УСТРАНЕНИЮ
ПОСЛЕДСТВИЙ,
ВОПРОСЫ
РАССЛЕДОВАНИЯ
ПРИЧИН И УСЛОВИЙ**

Ежегодно в Казахстане фиксируются сотни стихийных природных бедствий (землетрясения, лесные пожары, наводнения, сели и оползни, прорыв плотин и дамб). Во время крупных технических аварий и стихийных бедствий неизбежно возникает угроза общественной и личной безопасности граждан. При этом, в плане смертельных исходов, ущерба и суммарных затрат на ликвидацию последствий стихийные бедствия продолжают оставаться куда более разрушительными, нежели крупные технические аварии (катастрофы). Нередко, материальные расходы и убытки от природных катаклизмов могут быть губительными и невосполнимыми как для общества, так и для всего государства в целом [1, с. 45].

Практика показывает, что риск гибели от стихийного бедствия или катастроф в значительной степени зависит от места, где люди живут либо же заняты на производстве. Однако, элемент вероятности события должен всегда присутствовать.

Так, зоны сейсмической активности в мире хорошо изучены и документированы, местонахождение вулканов известно, а наводнения, оползни и сход сугробовых лавин можно в общих чертах предсказывать. Но все же, несмотря на это, факт непредсказуемости, т.е. когда именно и где конкретно случится чрезвычайная ситуация, всегда остается. Катастрофы и стихийные бедствия способны заставлять людей врасплох.

В условиях природных катаклизмов есть вероятность роста числа уголовных правонарушений и антиобщественных проявлений, могут сложиться «благоприятные» условия для побега осужденных из исправительных учреждений и лиц, содержащихся под стражей. Возникают многочисленные очаги пожаров в городах и иных населенных пунктах, резко нарушается обычный режим жизнедеятельности подвергшихся опасности районов [2, с. 34].

Важная роль по предотвращению, пресечению и ликвидации негативных последствий при возникновении чрезвычайных ситуаций, приводящих к резкой дестабилизации общественного порядка и безопасности в том или ином регионе страны, принадлежит специальным и правоохранительным органам, а также иным государственным и общественным организациям.

Конкретные задачи, функции и полномочия по объему и характеру этих субъектов правоприменительной практики зави-

сят от специфики и направленности их деятельности. Одни субъекты осуществляют аварийно-восстановительные и спасательные работы, другие связаны с организацией жизнеобеспечения, третьи обеспечивают охрану общественного порядка и безопасности в зоне бедствия. Одновременно неотложные меры по обеспечению общественной безопасности при катастрофах и стихийных бедствий направлены на восстановление должного общественного порядка и пресечения панических слухов среди населения, на создание нормальных условий для функционирования государственных и общественных формирований.

В случаях крупных технических аварий (катастроф, пожаров) и стихийных бедствий должен быть проведен ряд следующих обязательных мер:

1) при возникновении пожара или получении информации о пожаре:

- сообщить о пожаре на пульт ДЧС (или пожарной части), оперативному дежурному ГОРЛОВД и оповестить при необходимости население;
- до прибытия подразделения противопожарной службы организовать тушение пожара;
- эвакуировать людей и имущество из зданий, которым угрожает опасность возгорания;
- организовать охрану общественного порядка и имущества (в т.ч. принадлежащего лицам, эвакуированным из зоны пожара);
- вызвать скорую медицинскую помощь при наличии пострадавших или направить на подручном транспорте их в лечебные учреждения;
- пресечь проникновение граждан в горящее здание, кроме лиц, привлечённых к ликвидации пожара;
- при необходимостиказать содействие в мобилизации трудоспособного населения, транспорта и др. средств для ликвидации пожара и его последствий;

2) в случае наводнения, паводка или селевого схода:

- доложить оперативному дежурному по ГОРЛОВД и ДЧС, оповестить должностных лиц и население об угрозе затопления;
- принять меры к эвакуации населения и имущества из зоны затопления;
- обеспечить порядок при переправе населения из затопляемых районов;
- организовать охрану общественного порядка и имущества, оставшегося без присмотра;
- принять меры по предупреждению паники среди населения;
- организовать круглосуточную патрульную службу в местах временного размещения

государственных и общественных организаций, а также лиц, лишившихся жилья, прибывших на строительные работы, в пунктах оказания медицинской помощи, эвакуации населения;

3) в случае землетрясения:

- выяснить обстановку в районе своего маршрута (поста), установить связь с оперативным дежурным ГОРЛОВД и ДЧС, доложить о ситуации на участке обслуживания;
- обозначить места, опасные для движения транспорта и пешеходов, обеспечить безопасность их передвижения;
- принять меры к спасению людей и имущества, вызову пострадавших и направлению их в больницы скорой медицинской помощи, а также локализовать и ликвидировать пожары;
- принять меры по охране правительственные зданий, а также особо важных государственных объектов;
- усилить меры по охране мест содержания задержанных, следственно-арестованных и осужденных;
- принять меры по предупреждению паники среди населения;

– организация оперативных и фильтрационных групп по выявлению, задержанию и проверке лиц, уличенных в краже строительных материалов из разрушенных зданий, хищениях государственного и общественного имущества, мошенничестве, бродяжничестве и т.д.;

4) при крушении, катастрофе или аварии на транспорте:

- доложить оперативному дежурному ГОРЛОВД или ДЧС о времени, месте, характере и масштабах происшествия;
- сообщить о происшествии на пульт скорой медицинской помощи и соответствующим службам;
- принять меры к спасению людей и имущества, до прибытия расчетов противопожарной службы организовать тушение пожара первичными средствами пожаротушения;
- 1 Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. – Т.2. – СПб., 1996. – С. 352-353.
- 2 Духовской М.В. Русский уголовный процесс. – М.: Тип. А. П. Поплавского, 1910. – 448 с.
- 3 См., напр.: Михайлов А.И. Сущность и значение предварительного следствия в советском уголовном судопроизводстве // Проблемы совершенствования предварительного следствия и прокурорского надзора за исполнением законом органами дознания и предварительного следствия. – М., 1982. – С. 5; уголовный процесс: Учебник для вузов / под ред. П.А. Лупинской. – М., 1995
- 4 Духовской М.В. Указ.соч. – С. 99.
- 5 Шадрин В.С. Сущность досудебного производства и дальнейшее развитие его форм в советском уголовном процессе // Формы досудебного производства и их совершенствование: Сб.науч.тр. – Волгоград, 1989. – С.4-16
- 6 Якимович Ю.К. Структура советского уголовного процесса: система стадий, система производств. Основные и дополнительные производства. – Томск, 1991. – С. 4-5, 46.
- 7 Ленский А.В. Досудебное (предварительное) производство в современном уголовном процессе России: автореф. дис... канд. юрид. наук. – Н.Новгород, 1998. – С. 8-14.
- 8 Сереброва С.П. Проблемы рационализации досудебного производства. – Н.Новгород, 1997. – С. 50-52.
- 9 Деришев Ю.В. Оптимизация досудебного производства в уголовном процессе России: дис... канд. юрид. наук. – Омск. 1998. – С. 118.
- 10 Гриненко А. В. Уголовный процесс: учебник – 2-е изд., перераб. – М.: Норма, 2009. – С.24.
- 11 Уголовно-процессуальный кодекс Украины от 13 апреля 2012 года. URL: http://www.kalinovsky-k.narod.ru/zakon/UPK_Ukraini_2012.htm
- 12 См., напр.: Громов В.В. Развитие и реализация конституционных прав и свобод человека и гражданина на досудебных стадиях уголовного процесса: автореф. дис.... канд. юрид. наук. – СПб., 2001; Кутуев Э.К. Уголовно-процессуальное принуждение в досудебных стадиях: дис.... докт. юрид. наук. – СПб., 2004.
- 13 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.11.2014 г.). URL:<http://online.zakon.kz/>

References

- 1 Fojnickij I.Ja. Kurs ugolovnogo sudoproizvodstva. – T.2. – SPb., 1996. – S. 352-353
- 2 Duhovskoj M.V. Russkij ugolovnyj process. – M.: Tip. A. P. Poplavskogo, 1910. – 448 c.
- 3 Sm., napr.: Mihajlov A.I. Sushhnost' i znachenie predvaritel'nogo sledstvija v sovetskom ugolovnom sudoproizvodstve // Problemy sovershenstvovanija predvaritel'nogo sledstvija i prokurorskogo nadzora za ispolneniem zakonom organami doznanija i predvaritel'nogo sledstvija. – M., 1982. – S. 5; Ugolovnyj process: Uchebnik dlja vuzov / Pod red. P.A. Lupinskoj. – M., 1995.
- 4 Duhovskoj M.V. Ukaz.soch. – S. 99.
- 5 Shadrin B.C. Sushhnost' dosudebnogo proizvodstva i dal'nejshee razvitie ego form v sovetskom ugolovnom processe // Formy dosudebnogo proizvodstva i ih sovershenstvovanie: Sb.nauch.tr. – Volgograd, 1989. – S. 4-16.
- 6 Jakimovich Ju.K. Struktura sovetskogo ugolovnogo processa: sistema stadij, sistema proizvodstv. Osnovnye i dopolnitel'nye proizvodstva. – Tomsk, 1991. – S. 4-5, 46.

- 7 Lenskij A.B. Dosudebnoe (predvaritel'noe) proizvodstvo v sovremenном уголовном процессе России: автореф. дис... канд. jurid. nauk. – N.Novgorod, 1998. – S. 8-14.
- 8 Serebrova S.P. Problemy racionalizacii dosudebnogo proizvodstva. – N.Novgorod, 1997. – S. 50-52.
- 9 Derishev Ju.V. Optimizacija dosudebnogo proizvodstva v ugolovnom processe Rossii: diss... kand. jurid. nauk. – Omsk. 1998. – S. 118.
- 10 Grinenko A. V. Ugolovnyj process: uchebnik – 2-e izd., pererab. – M.: Norma, 2009. – S. 24.
- 11 Ugolovno-processual'nyj kodeks Ukrayni ot 13 aprelya 2012 goda. URL: http://www.kalinovsky-k.narod.ru/zakon/UPK_Ukraini_2012.htm
- 12 Sm., napr.: Gromov V.V. Razvitie i realizacija konstitucionnyh prav i svobod cheloveka i grazhdanina na dosudebnyh stadijah ugolovnogo processa: автореф. дис.... канд. jurid. nauk. SPb., 2001; Kutuev Je.K. Ugolovno-processual'noe prinuzhdenie v dosudebnyh stadijah: dis.... dokt. jurid. nauk. – SPb., 2004.
- 13 Ugolovno-processual'nyj kodeks Respubliki Kazahstan ot 4 iulja 2014 goda № 231-V (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 07.11.2014 g.). URL:<http://online.zakon.kz/>

Атаханова Г.М.

**Меншікке қарсы қылмыстық
құқық бұзушылықтың
объектісін анықтаудың
теориялық мәселесі**

Мақалада автормен меншікке қарсы қылмыстардың объектісін анықтаудың теориялық аспектілері қарастырылды. Осы объектіні зерттеудегі қалыптасқан әртүрлі ғалымдардың ой-тұжырымдары талданды. Мақалада объектінің ұғымы, осы құқық бұзушылықтың объектісінің құрылымы, мазмұны, сондай-ақ, осы құқық бұзушылықтың затының анықтамасы, белгілері мен түрлері, меншікке қарсы құқық бұзушылықтың объектісі мен затына қатысты қылмыстық зандау жетілдіру бағыттарын анықтау және саралаудың сұрақтарын шешудегі маңыздылығы қарастырылған.

Түйін сөздер: объект, зат, мұлік, меншік, мұдде.

Atakhanova G.M.

**Theoretical problems in offences
against property object vyâlenii**

Атаханова Г.М.

**Теоретические проблемы
в выявлении объекта
правонарушений против
собственности**

This article discusses the theoretical aspects of offences against property to the object. The article reflects the development of theoretical provisions defining the concept, content, structure of the object of crimes against property, as well as defining the concept, characteristics and types of items of such crimes; in identifying areas to improve the criminal law and approaches to addressing skills related to the object and the subject of crimes against property.

Key words: object, object, property, interests

В данной статье рассматриваются теоретические аспекты к объекту правонарушений против собственности. В статье отражены разработки теоретических положений, определяющих понятие, содержание, структуру объекта преступлений против собственности, а также определяющих понятие, признаки и виды предметов данных преступлений; в выявлении направлений совершенствования уголовного закона и подходов к решению вопросов квалификации, связанных с объектом и предметом преступлений против собственности.

Ключевые слова: объект, предмет, собственность, интересы.

**МЕНШІККЕ ҚАРСЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ
ОБЪЕКТИСІН
АНЫҚТАУДЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

Қылмыстық құқық доктринасында даулы мәселенің бірі қылмыс объектісін анықтау болып табылады. Меншікке қарсы құқық бұзушылықтың объектісі мен затын зерттеу қоғамдық қауіп-қатердің сипаты мен дәрежесінің анықталуына, сондай-ақ, аталған қылмыстардың дұрыс бағалануына жағдай жасайды. Өзімізге мәлім болғандай, әрбір қылмыс белгілі-бір қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне қастандық ойлайды және сонымен қатар сол объектімен анықталады. Қылмыс объектісі қылмыстық-құқықтық тыйымның сипатын, заңмен тыйым салынған әрекеттердің шектері мен шенберін, олардың қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін анықтайды.

Бірқатар жағдайларда қастандық объектісі жанама қылмыстық нышандар құрамының шектерін айырудың басты критерийі болып табылады. В.Н. Кудрявцев айтқандай: «Қылмыстық қастандық объектісін белгілеу арасында қажетті норманың мүкият іздеу қажет болатын жанама құрамдар тобын таңдал алу үшін алдын ала құрастырылған бағдарлама сияқты болады» [1, 35 б.]. Осыған байланысты, Б.С. Никифоров «қылмыстық заңмен корғалатын объектіге зиян, залал кез-келген емес, сипаты объектінің өзінің қасиеттерімен анықталатын белгілі-бір әрекеттерменғана келтірілуі мүмкін» деп көрсеткен [2, 137 б.].

Біздің ойыныша, қылмысты саралауда дұрыс бағалаудың маңызына асыра баға беру мүмкін емес. Б.А.Куриновтың пікірі бойынша: «Заң шығарушы қылмысты дұрыс саралау кезінде КК Ерекше бөлігінің белгілі-бір бабында көрсеткен қарастырылып жатқан нақты қоғамдық-қауіпті іс-әрекеттің барлық ерекшеліктері бар...» [3, 21-22 бб.] деп есептейді. Осы мәселенің шешілүі қылмыстық жазаның әділ қолданылуына да байланысты. Қылмыстың дұрыс саралануы – сот әділдігінің заңға сәйкес жүзеге асырылуының кепілдігі болып табылады [4, 49 б.].

Н.И.Коржанскийдің ойыныша, қылмыс объектісінің қылмыстың материалдық құрамын анықтау үшін шешуші маңызы бар [5, 24 б.]. Ал, А.В. Кузнецов қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінің жүйесін құру үшін қылмыс объектісінің маңызды екендігін алға тартады. Қылмыстың объектісіне қарай, қылмыстық заңнама әртүрлі қылмыстарды жеке-жеке топтарға біріктіріп, олардың қылмыстық құқық жүйесіндегі орнын анықтайды. Бұл жағдайда, бірінші қатарға белгілі-бір қоғамға тән, ол үшін ең

қымбат құндылық болып табылатын ең маңызды мұдделерге қастандық ойлайтын қылмыстарды іріктеп алады [6, 65-66 б.].

Бұл арада тоқтальып кететін тағы бір мәселе, XXI ғасырдың басында қылмыстық құқық доктринасында қылмыстық нышандар құрамының аталған элементі мөнінің бірегей мағынасы әлі де қалыптаспағандығы жөнінде. Қылмыстар объектісі мен затын ескере отырып, меншікке қарсы қылмыстарды, мүлікті талан-таражға салуларды саралау мәселелерін жаңадан қарастыру кажеттігінің туындауына, ең алдымен, экономикалық ортада орын алып жатқан өзгерістер, сондай-ақ тергеу және сот тәжірибесінде кеңінен таралған нақты істердің қате шешілуі түрткі болды. Осыған байланысты, Е.А.Фроловтың меншікке қарсы қылмыстар объектісі жөніндегі ескертпесін көлтірейік: «Әрбір қоғамдық қарым-қатынас – күрделі де көп қырлы ұғым, сондықтан қоғамдық катынастарды қылмыс объектісі деп тану сол мәселені зерттеудің тек басы фана болып табылады деп санаған А.Н.Трайнинмен [7, 84 б.] келіспеуге болмайды» [8, 12 б.].

Бүгінгі таңда заң әдебиетінде қылмыстық-құқықтық қорғау объектісінің мәні жөнінде төрт пікір қалыптасқан. Біріншіден, кеңестік қылмыстық құқыққа тән оның қоғамдық катынастар ретінде қабылдануы. Екіншіден, ғылыми әдебиетте қылмыстық тікелей объектісі адам, яғни қылмыстық қастандық кімге бағытталса, сол болып табылады [9, 60 б.]. Ушіншіден, кейбір жұмыстарда қылмыстық тікелей объектісі қылмыстық заңмен қоргалатын игілік деген ұстаным қолдау тапқан [10, 147 б.]. Төртіншіден, қылмыстық құқық теориясында әлі толық ұсынылмаған қылмыс объектісіне белгілі-бір заңмен қоргалатын мұdde ретінде қарастыру.

Соңғы ұстанымды қолдаушылар қылмыстық құқықта жеке немесе заңды тұлғалардың, қоғамның немесе мемлекеттің ол қорғайтын мұдделері объект болып табылады деп пайымдайды. Кез-келген қоғамдық катынас элементтерінің ролін оның ішкі құрамдауыштары, оның ішінде қылмыстық-құқықтық қорғаудың тікелей объектісі ретінде қарастырылатын оның қатысуыштарының мұдделері атқаратын жүйені құрайды [11, 14 б.]. Алайда, бұл ұстаным да қылмыс объектісінің қоғамдық катынастар болып табылатынымен байланысты, себебі қорғау объектісі ретінде мұdde қоғамдық катынастардан тыс қолданбайды.

Біздің пікірімізше, қылмыс объектісін түсінудің жоғарыда аталған барлық ұстанымдары зерттеліп жатқан бір құбылыстың мазмұнын

ашады: қылмыс әрдайым қоғамдық катынастарға қатысуши ретінде адамның белгілі-бір игілігіне, мұддесіне қастандық жасайды. Сондықтан қылмыстың объектісі – қоғамдық катынас болып табылады. Яғни қылмыстық қастандық қоғам ішіндегі адамдар арасындағы белгілі-бір, құқық нормалары реттеген тәртіп ережелерін – қоғамдық катынастарды бұзады. Қылмыс адамға оның қоғаммен ол дүниеден өткеннен кейін де жалғасуы мүмкін байланысынан тыс қастандық жасауды мүмкін емес.

Кеңестік заң әдебиетінде қалыптасқан және қазіргі уақытта да қабылданатын тұрақтанған қылмыстық-құқықтық тұжырымдамаға сәйкес, қылмыс объектісі – бұл қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер қастандық ойлайтын және қылмыстық заңмен қоргалатын қоғамдық катынастар жиынтығы.

Қоғамдық катынас – бұл біреуі қоғамдық катынастарға қатысуши болып табылатын әртүрлі элементтердің бірлігін білдіретін күрделі құбылыс, себебі қоғамдық катынастар деңгеміз қоғамдық тіршілік етуі барысындағы адамдардың арасындағы қарым-қатынастар. Сонымен қатар, бұл күрделі құбылыстың элементі қоғамдық катынастардың «өзімен өзі», яғни ұжымдардың немесе жекелеген тұлғалардың бір-бірімен қарым-қатынастары болып табылады. Сонымен, қалыпты қоғамдық тіршілік жағдайлары мен олардың іске асырылуы қоғамдық катынастардың бір белгін құрайды.

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте дәстүрге айналған жіктемесі бойынша, объектілер жалпы, тектік, түрлік (топтық) және тікелей болып бөлінеді.

Барлық қылмыстардың ортақ объектісі қылмыстық заңмен қоргалатын қоғамдық катынастардың жиынтығы болып табылады. Жалпы объектінің бөліп шығарылуының практикалық маңызы зор. Қылмыстың жалпы объектісі қоғамдық катынастарға қылмыстық қастандық жасаудың қоғамға қауіптілігін және бағыттылығын көрсетеді. Қылмыстың жалпы объектісін елемеушілік қылмыстық қоғамдық қауіптілігінің толық бағаланбауына алып келіп, қылмыстық құқық ғылымына және қылмыстық заңнаманың қолдану тәжірибесіне зиян тигізуі мүмкін.

Тектік объект КР ҚҚ Ерекше белгінің ерекше тарауына қылмыстарды біртектік белгісі бойынша біріктіреді. Басқаша айтқанда, тектік объект бұл белгілі-бір қылмыстар шенбері үшін бірегей және қылмыстық заңмен қоргалатын біртекті қоғамдық катынастар тобы. КР ҚҚ 6 тарауында көрсетілген қылмыстардың тектік объекті

тісі меншік саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.

Түрлік объект – бұл қылмыстық заңмен көргалатын бір түрге жататын қоғамдық қатынастар тобы. Түрлік объектіні дербес объекті ретінде бөліп шығару жөнінде қылмыстық құқық теориясында әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Мысалы, В.Я. Таций жалпы тектік объектімен қатар түрлік объектіні бөліп шығару туралы пікірді қолдай отырып, былай деген: «... ол объектілердің үш дәрежелі жіктелуіне қарама-қайшы болмау керек – керісінше, ол тек сонымен қатар қолданылуы мүмкін» [12, 88 б.]. Бұл қагидага Л.Л. Кругликов әділ сын айткан: «... мұндай пікірдің дұрыс болуы екіталай, себебі тектік немесе тікелей объектіні бөліп шығару туралы пікір екі дәрежелі жіктелуге қарама-қайшы болмау керек деп пайымдасақ та оң нәтижеге жете аламыз. Ал түрлік объектінің бөліп шығарылуы үш дәрежелі жіктеменің ішінде емес, тек онымен «қатар» қолданылатындығы тіпті түсініксіз» [13, 12 б.]. Сонымен қатар, Л.Л. Кругликовтың пікірі бойынша, тігінен жіктелу объектілердің төрт категориясын қамту керек: жалпы, тектік, түрлік (топтық) және тікелей. Біріншісін қоспағанда, қалған үшеуінің үш мағынасы бар: біріншіден, заң шығарушыларға сол қатынастарға қастандық ойлаудың қоғамдық қауіптілігінің сипатын анықтауға көмектеседі; екіншіден, қылмыстардың және олардың жасалуы үшін жауапкершілікті қарастыратын нормалардың ғылыми және заңнамалық жіктемесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді; үшіншіден, заңнамалық материалдың бірегей объективті критерийге бағынатын белгілі-бір жүйе бойынша орналасуының негізі болып табылады.

Тікелей объект – бұл қастандық бағытталған және қылмыс арқылы зиян келтірілетін немесе сондай зиянның келтірілу қауіпі пайда болатын нақты қоғамдық қатынас. Тікелей объектінің озіне тән ерекшелігі оның тікелей зиян келтірілмейтін жалпы, тектік және түрлік объектілерге қарағанда, қылмыстан келтірілген зиянды әрдайым тікелей объектінің көретіндігінде. Түрлік, тектік және жалпы объектілерге зиян тек қана

тікелей объектінің зақымдау арқылы ғана келтіріледі. Түрлік, тектік және жалпы объектілер тек қана зиян тікелей объектінің келтірілетін жағдайда өзгереді. Бұл жағдайда нақты қоғамдық қатынас тікелей объект ретінде қылмыспен зақымдалады немесе тіпті мүлде жойылады. Түрлік объект тек кейбір жағдайларында ғана зақымдалуы мүмкін, бірақ жойыла алмайды, себебі меншік қатынастарын, адам өмірін, денсаулығын және басқа да қоғамдық қатынастарды қылмыстық жолмен мүлде жойып жіберу мүмкін емес.

Қазіргі уақытта меншікке қарсы құқық бұзушылықтың түрлік объектісі деп меншік қатынастарын айтады. Біздің еліміздегі кеңес заманында басты меншік формасы социалистік меншік болып есептелген. Кеңес билігінің алғашқы жылдарында банктерге, қалалардағы жылжымайтын мүліктерге, өнеркәсіптік және сауда кәсіпорындарына, сақтандыру компанияларына, орташа және шағын кәсіпорындарға жеке меншік құқығы жойылды. Жерге жеке меншікті 1917 жылдың 26 қазанындағы Жер туралы декрет жойды.

Біздің пікірімізше, қоғамдық қатынастардың тікелей объектісі ретінде нақты меншік түрлерін, дәлірек айтқанда оның іс жүзіндегі мағынасын бөліп шығару туралы мәселе әлі шешілмеген. Шынында да, мемлекеттік немесе қоғамдық және жеке меншіктің әртүрлі қылмыстық-құқықтық қорғалуын қарастырган 1960 жылғы ҚҚ меншікке қарсы қылмыстарды дұрыс бағалау үшін тікелей объектінің анықтауды қажет деп тапты. Аталған меншік түрлеріне қастандық ойлау туралы баптар Кодекстің бір тарауына орналастырылған және олар қылмыс жасағаны үшін әртүрлі санкцияларды белгілеғен. 1997 жылы ҚР ҚҚ қабылданғаннан және қандай да бір меншік түрінің басымдылығынан бас тартқаннан бері заң шығарушылар оларды – меншікке қарсы қылмыстар деп аталағын бір тарауға енгізген. Демек, кез-келген меншік түріне қарсы қылмыстарды дұрыс бағалау үшін қастандықтың тек түрлік объектісін – қоғамдық меншік қатынастарын бөліп шығарған жөн деген қорытындыға келдік.

Әдебиеттер

- 1 Кудрявцев В.Н. Общая квалификация преступлений. – М., 1972. – 35 б.
- 2 Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. – М.: Госюриздан, 1960. – 137 б.
- 3 Куринов Б.А. Научные основы квалификации преступлений. – М., 1984. – 21-22 б.
- 4 Беляев В.Г. Применение уголовного закона. – Волгоград, 1998. – 49 б.
- 5 Коржанский Н.И. Объект посягательства и квалификация преступлений. – Волгоград, 1976. – 24 б.
- 6 Кузнецова А.В. Уголовное право и личность. – М., 1977. – 65-66 б.

- 7 Трайнин А.Н. Общее учение о составе преступления. – М., 1957. 124 б.
- 8 Фролов Е.А. Объект уголовно-правовой охраны и его участие в организации борьбы с посягательствами на собственность: д.ю.н. дис. – Свердловск, 1971. – 12 б.
- 9 Новоселов Г.П. Учение об объекте преступления. Методологические аспекты. – М., 2001. – 60 б.
- 10 Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть. – М., 1996. – 147 б.
- 11 Мотин О.А. Частный интерес в системе объектов уголовно-правовой охраны: автореф. дис. – Волгоград, 2005. – 13 б.
- 12 Таций В.Я. Объект и предмет преступления в советском уголовном праве. – Харьков, 1988. – 88 б.
- 13 Кругликов Л.Л. Проблемы теории уголовного права. – Ярославль, 1999. – 12 б.

References

- 1 Kudrjavcev V.N. Obshhaja kvalifikacija prestuplenij. – M., 1972. – 35 b.
- 2 Nikiforov B.S. Ob#ekt prestuplenija po sovetskому ugolovnomu pravu. – M.: Gosjurizdat, 1960. – 137 b.
- 3 Kurinov B.A. Nauchnye osnovy kvalifikacii prestuplenij. – M., 1984. – 21-22 b.
- 4 Beljaev V.G. Primenenie ugolovnogo zakona. – Volgograd, 1998. – 49 b.
- 5 Korzhanskij N.I. Ob#ekt posjagatel'stva i kvalifikacija prestuplenij. – Volgograd, 1976. – 24 b.
- 6 Kuznecov A.V. Ugolovnoe pravo i lichnost'. – M., 1977. – 65-66 b.
- 7 Trajinin A.N. Obshhee uchenie o sostave prestuplenija. – M., 1957. 124 b.
- 8 Frolov E.A. Ob#ekt ugolovno-pravovoj ohrany i ego uchastie v organizacii bor'by s posjagatel'stvami na sobstvennost':d. ju.n. dis. – Sverdlovsk, 1971. – 12 b.
- 9 Novoselov G.P. Uchenie ob ob#ekte prestuplenija. Metodologicheskie aspekty. – M., 2001. – 60 b.
- 10 Naumov A.V. Ugolovnoe pravo. Obshhaja chast'. – M., 1996. – 147 b.
- 11 Motin O.A. Chastnyj interes v sisteme ob#ektov ugolovno-pravovoj ohrany: avtoref. dis. – Volgograd, 2005. – 13 b.
- 12 Tacij V.Ja. Ob#ekt i predmet prestuplenija v sovetskem ugolovnom prave. – Har'kov, 1988. – 88 b.
- 13 Kruglikov L.L. Problemy teorii ugolovnogo prava. – Jaroslavl', 1999. – 12 b.

7-бөлім
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Раздел 7
МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

Section 7
INTERNATIONAL RELATIONS

Көбеев Е.К.,
Рустембекова Д.К.

**Польша Республикасындағы
ұлттық және этникалық
азшылықтардың құқықтық
мәртебесі**

Қазіргі уақытта көптеген елдердің Конституциялары мен нормативтік құқықтық актілерінде ұлттық, этникалық және тілдік азшылықтардың бар болуын мойындаиды. Осымен қатар ұлттық, этникалық және тілдік азшылықтардың қоргауды қамтамасыз ету мен кемсітушілікке жол бермеу, жеке ерекшеліктері мен өзіндік болмысын сақтау аясындағы әрекеттер жүзеге асырылуда. Кез келген елдегі ұлттық, этникалық және тілдік азшылықтардың өмір суруінің институционалдық шарттарын қамтамасыз ету үшін, ұлттық азшылықтардың құқықтарын реттеу мен қорғауға бағытталған жеке конституциялық нормалар мен құқықтық актілерді қабылдау қажет. Берілген мақалада авторлар Польша Республикасының ұлттық және этникалық азшылықтардың мәдени бірегейлігі мен жергілікті тілді сақтау және дамытумен байланысты қатынастарды реттейтін, бұған қоса, мемлекеттік басқару органдары мен осы мәселелер аясындағы территориялық, өзін-өзі басқару бірліктерінің міндеттері мен құзыреттілігін анықтайдын заңнамалық актілерін қарастырады.

Түйін сөздер: ұлттық азшылық, этникалық азшылық, азшылық тілі, азшылықтардың құқықтық мәртебесі.

Kubayev Ye.K.,
Rustembekova D.K.

The legal status of national and ethnic minorities in the Republic of Poland

At present in the Constitutions and normative legal acts of many countries recognize the existence of national, ethnic and linguistic minorities. Along with these actions are carried out in the area of protection and non-discrimination of national, ethnic and linguistic minorities, the preservation of their individual differences and identities. To ensure the institutional living conditions of national, ethnic and linguistic minorities in any country, it is necessary to adopt certain constitutional rules and legal acts aimed at the regulation and protecting the rights of national minorities. In this article, the authors discusses the legislative acts of the Republic of Poland, regulating the relations connected with the preservation and development of cultural identity of national and ethnic minorities, the preservation and development of regional language, as well as defining the tasks and competency of public administration bodies and units of local self-government in the area of these questions.

Key words: national minorities, ethnic minorities, minority language, the legal status of minorities.

Кубеев Е.К.,
Рустембекова Д.К.

Правовой статус национальных и этнических меньшинств в Республике Польша

В настоящее время в Конституциях и нормативных правовых актах многих стран признают наличие национальных, этнических и языковых меньшинств. Наравне с этим осуществляются действия в области обеспечения защиты и недискриминации национальных, этнических и языковых меньшинств, сохранения их индивидуальных отличий и самобытности. Для обеспечения институциональных условий проживания национальных, этнических и языковых меньшинств в любой стране необходимо принятие отдельных конституционных норм и правовых актов, направленных на регулирование и защиту прав национальных меньшинств. В данной статье авторами рассматриваются законодательные акты Республики Польша, регулирующие отношения, связанные с сохранением и развитием культурной идентичности национальных и этнических меньшинств, сохранением и развитием регионального языка, а также определяющие задачи и компетенцию органов государственного управления и единиц территориального самоуправления в сфере этих вопросов.

Ключевые слова: национальные меньшинства, этнические меньшинства, язык меньшинств, правовой статус меньшинств.

**ПОЛЬША РЕСПУБ-
ЛИКАСЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ
ЭТНИКАЛЫҚ
АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

Польша Республикасы халық саны бойынша Еуропада сегізінші, ал Еуроодакта алтыншы ел болып табылады. 2008 жылы Польша халқының саны 38 116 000 адамды құрады. Халықтың 1 км²-дегі орташа тығыздығы 122 адам.

Қазіргі Польша – әлемнің ең моноүлттық мемлекеттерінің бірі. 2002 жылғы халық санағы бойынша Польшаның 96,74% халқы өздерін этникалық поляктарға жатқызған. Санатқа 97,8% үйде поляк тілінде сөйлейтінін көрсеткен. Ел халқының 1,23%-ы өздерін басқа ұлттарға жатқызған, олардың ішінде ең ірі этникалық топтар – силездіктер (0,45%), немістер (0,4%), белорустар (0,1%), україндиктар (0,1%), сығандар, еврейлер, поляк-литовтық татарлар. 2%-дан астам тұрғындар ұлты туралы сұраққа жауап беруден бас тартқан.

Көпшіліктің азшылықтармен және азшылықтардың көпшілікпен қарым-қатынасын үнемі үздіксіз ойластырып отыру, бір ұлт басым болатын Польша сиякты елдер үшін аса қажет. Сан жағынан басымдылық оңайшылықпен бейне бір қалтарысты ассимиляциялық қысымға айналып кетуі мүмкін. Ұлттық және дін тұтушы азшылықтарға деген катынас, аталмыш елде сан жағынан басым болатын ұлт өзін көре алатын бейне бір айна іспеттес.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Польша Республикасының ұлттық және этникалық азшылықтардың мәдени бірегейлігі мен жергілікті тілді сақтау мен дамытумен байланысты қатынастарды, яғни азшылықтың құқықтық мәртебесін реттейтін заңнамалық актілеріне талдау жасау.

Польша Республикасының Конституциясы «Біз, Польша халқы...» – деп басталады [1]. Демократиялық құрылымның бірінші және негізгі сипаттамасы – азамат, одан кейін ғана – ұлттық тиістілік. Алайда, бұл жағдайда «халық» категориясын этникалық анықтама емес, тұтас Польша Республикасының барлық азаматтарын қамтитын саяси анықтама ретінде түсіндіру қажет. Конституцияның 35-бабына сәйкес, ұлттық және этникалық азшылықтарға жататын Польша азаматтарына, олардың тілдерінің дамуы мен сақталу еркіндігін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің сақталуына, мәдениетін дамытуға кепілдік беріледі [2].

Ұлттық азшылыққа деген қатынас – автономды құндылық және оны Польшаның кез келген мемлекетпен өзара қарым-қатынасы және аталмыш мемлекеттің поляк ұлттық азшылықтарымен өзара қарым-қатынастарының қызметтеріне жатқызуға болмайды.

Польшада отырышы болып қалған ұлттық азшылықтар және көршілес елдерде өмір сүріп жатқан поляктармен адаптацияның жасау үшін, азшылықтың талаптары мен отан-анаға үмітпен қарайтын отандастарының мүдделерін қолдаудың шектерін анық айқындау қажет. Азшылықтың көпшілікке бағытталған кез келген ұсынысы бір мезгілде екі түрлі аспектіде қарастырылуы тиіс. Біріншіден, басым ұлттың басқа ұлттардың мәдени өзіндік сана-сезімін қолдау міндеттері тарапынан, екіншіден, мекен ету елінің жалпы қауіпсіздігі мен терриориялық тұтастығын сақтау аспектің жағдайында қарастырылуы керек. Осы екі түбекейлі қағида аталмыш мемлекет үшін қажетті, көпшілік пен азшылық арасындағы ішкі қарым-қатынастармен қатар, отан мен диаспорадағы отандастар арасындағы өзара қарым-қатынасты құру көністігінің шектерін анықтайды. Бұл өз кезеңінде, саяси салдарларға әкеліп соғады. Мемлекетаралық қарым-қатынастарды құруда үнемі ұлттық азшылық мәселелерін есепке алып отыру керек, бұл қарым-қатынастарды тең құқылық пен шынайы серікtestіk принциптеріне негіздеу қажет: әрбір мемлекет әлемдегі өзінің ұлттық азшылықтарына өз территориясындағы өзге ұлттық азшылыққа қоятын талаптар мен көрсеткіштерді қою керек.

Осылайшы Польша Республикасының «Ұлттық және этникалық азшылықтар туралы және жергілікті тіл туралы» Заңының [3] рөлі мен маңызын ерекше атап айтуды керек.

Заң адамның этникалық тиістілігіне қарамастан, оған тең дәрежедегі қарым-қатынас жасау принципін жүзеге асыру құралы ретінде орын алатынын анықтайды.

Ұлттық азшылық болып, келесі шарттардың жиынтығына сәйкес келетін поляк азаматтарының тобы түсініледі:

- Польша Республикасының басқа тұрғындарынан сан жағынан аз болып табылады;
- басқа азаматтардан тіл, мәдениет және салт-дәстүрлер жағынан айтартылтай ерекшелінеді;
- өздерінің тілін, мәдениетін немесе салт-дәстүрлерін сақтауға ұмтылады;
- өздерінің тарихи этникалық ортақтық екенін саналы түрде түсінеді және оны білдіру мен қорғауға бағыт алады;

– Польша Республикасының бүгінгі терриориясын мекендеген арғы аталарының жасы жүз жылдан асып кеткен;

– өздерін өз мемлекеті бар халықпен теңестіреді.

Ұлттық азшылық болып келесі азшылықтар:

- беларустік;
- чехтік;
- литовтік;
- неміс;
- армян;
- ресейлік;
- словактік;
- украиндық;
- еврейлік азшылықтар саналады.

Этникалық азшылық болып, келесі шарттардың жиынтығына сәйкес келетін поляк азаматтарының тобы түсініледі:

– Польша Республикасының басқа тұрғындарынан сан жағынан аз болып табылады;

– басқа азаматтардан тіл, мәдениет және салт-дәстүрлер жағынан айтартылтай ерекшелінеді;

– өздерінің тілін, мәдениетін немесе салт-дәстүрлерін сақтауға ұмтылады;

– өздерінің тарихи этникалық ортақтық екенін саналы түрде түсінеді және оны білдірумен қорғауға бағытталады;

– Польша Республикасының бүгінгі терриориясын мекендеген арғы аталарының жасы жүз жылдан асып кеткен;

– өздерін өз мемлекеті бар халықпен теңестірмейді.

Осылайша, этникалық азшылықтың ұлттық азшылықтан тек соңғы белгі бойынша ерекшеленетінін байқаймыз.

Осы жерде этникалық азшылық болып келесі азшылықтар танылады:

- 1) караимдік;
- 2) лемковтік;
- 3) сығандық;
- 4) татарлық.

Азшылық тілі деп ұлттық немесе этникалық азшылықтардың өзінің тілі болып табылады.

Азшылыққа жататын әр адам өзінің азшылыққа жататынын немесе жатпайтынын еркін түрде шеше алады, ал мұндай таңдау немесе осы таңдаумен байланысты құқықтарды жүзеге асыру, ешбір теріс салдарларға әкеліп соқпайтынын айта кету керек. Ешкім заңының негізінен тыс, өзінің азшылыққа тиістілігі туралы ақпаратты жариялауға немесе өзінің шығу тегін, тілін немесе дін тұтушылығын жариялауға мәжбурлене алмайды. Ешкім өзінің белгілі бір азшылыққа тиістілігін дәлелдеуге мәжбурлене алмайды.

Польша Республикасының заңнамасына сәйкес, келесі мақсаттағы шараларды қолдануға тыйым салынады:

– азшылыққа жататын тұлғалардың ассимиляциясы олардың еркінен тыс қолданылса;

– азшылық қоныстанған терриорияларда ұлттық немесе этникалық қатынастарды өзгертуге.

Поляк заңнамасымен азшылыққа тиістілік негізінде кемсітушілікке тыйым салынған.

Мемлекеттің іс-әрекеті мен оның ұлттық азшылықпен қарым-қатынасын реттейтін, сәйкесінше құқықтық негіздері бар. Мемлекеттік билік органдары келесі мақсатта сәйкесінше шараларды колға алуға міндettі:

– азшылыққа және көшпілікке жататын тұлғалар арасындағы экономикалық, қоғамдық, саяси және мәдени өмір аясындағы тұтастай және іс жүзіндегі тенденциялардың қолдау;

– азшылыққа тиістілігі нәтижесінде кемсіту, алауыздық немесе күш көрсету объектісіне айналған тұлғаларды қорғау;

– мәдениетаралық диалогтың күшінде.

Азшылықтар пайдалана алғатын, тілге қатысты бірнеше айтарлықтай құқықтар бар. Оларға:

1) азшылық тілін жеке және қоғамдық өмірде еркін қолдану;

2) азшылық тілінде ақпарат тарату мен алмасу;

3) жеке сипаттағы ақпаратты азшылық тілінде беру;

4) азшылық тілін оқып үйрену немесе азшылық тілінде білім алу жатады.

Польша Республикасының заң шығарушы органы Парламент болып табылады, ол өз алдына Сейм және Сенат деген екі палатадан тұрады. Мемлекеттің әкімшілік бөлінісіне келетін болсақ, ол гминдер, воеводтар және повяттардан құралған. Польша Республикасының өзін-өзі басқару аталған үш звенолы жүйелермен жүзеге асырылады.

Гминдер жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі органдары болып табылады. Гминдер органдарының негізгі мақсаты – Польшадағы үкіметтің тұргындарға мақсатты қызмет көрсету.

Гминдер органдарында мемлекеттік тіл мен қатар, көмекші тіл ретінде азшылық тілі қолданыла алды. Көмекші тіл тек гминдерде қолданылады. Алайда, сол көмекші тіл ретінде қолданылатын тілдің иелері, яғни, азшылықтарға жататын тұрғындардың саны, сол гминдердің тұрғылықты халқының санының 20%-дан кем болмаған және гминдердің Үкіметтік тізіміне жазылған жағдайдағанда қолданыла алды. Ал,

шағымдану тек мемлекеттік тілде жүзеге асатынын айта кету керек.

Азшылыққа жататын тұлғалардың құқықтарының жүзеге асуы, азшылықтың тілін үйренуге немесе азшылық тілінде білім алуға, осы тұлғалардың азшылық тарихы мен мәдениетін оқып-білу 1991 жылдың 7 қыркүйегіндегі «Білім беру жүйесі туралы» Заңда [4] анықталған қағидалар мен тәртіп бойынша жүзеге асады.

Польша заңнамасына сәйкес, мемлекеттік билік органдары азшылықтың мәдени бірегейлігін сақтауға, дамытуға, қорғауға бағытталған қызметті қолдау мақсатында, сәйкесінше шараларды колға алуға міндettі.

Ол шаралар жекелеп алғанда, мақсатты немесе субъективті дотациялар бола алады:

– азшылық шығармашылығының, мәдени мекемелер, үйымдар мен қозғалыстардың қызметтіне және азшылық мәдениеті үшін айтарлықтай маңызы бар бұқаралық мәдени шараларға бағытталған;

– азшылықтың мәдени бірегейлігін сақтауға;

– азшылық тілдерінде немесе поляк тілінде кітап, журнал, мерзімді немесе басқа да басылым өнімдерін басып шығаруға;

– азшылық тараҧынан жүзеге асатын телевизиялық және радиохабар бағдарламаларын қолдауға;

– азшылық мәдениетімен байланысты орындарды қорғауға;

– клубтар қызметтіне;

– азшылықтың мәдени және көркемдік өмірінің құжаттары мен кітапханаларын күтіп, көрек-жараптармен қамтамасыз етуге;

– балалар мен жастардың әр түрлі нысанда жүзеге асатын білім алуына;

– азшылық туралы білімді таратуға;

– азшылықтың азаматтық интеграциясына мүмкіндік туғызуши басқа бағдарламаларға.

Жергілікті тілдер немесе азшылық тілдерінің Еуропалық хартиясына [5] сәйкес, Польшадағы заңнамасымен жергілікті тіл болып келесі талаптарға сай келетін тіл түсініледі:

1) белгілі бір мемлекеттердегі территориясында, осы мемлекеттің басқа тұрғылықты халқынан сан жағынан аз болатын топты құрайтын азаматтарымен дәстүрлі түрде қолданылады;

2) осы мемлекеттің ресми тілінен өзгешеленеді; бұнымен қоса, оған мемлекеттік ресми тілдің диалектілері де, мигранттардың тілдері де кірмейді.

Польша Республикасында жергілікті тіл – Кашуб тілі болып табылады.

Белгілі бір құзыреттілік салалары бар мемлекеттік биліктің өкілетті органы тағайындалатын

нын да айта кету керек. Осылайша, реттелетін мәселелерді басқарушы мемлекеттік орган болып, Ұлттық және этникалық азшылықтардың діні істері жөніндегі министрлігі табылады.

Министрге осы салада айтартылғанда күзыреттіліктер жүктеледі, ол:

1) азшылық құқықтары мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын шараларды қолға алады және келесілерге қатысты бағдарламаларға бастама жасайды;

а) азшылыққа жататын тұлғалардың толық азаматтық интеграциясын қамтамасыз ете отырып, азшылықтың бірегейлігін, мәдениеті мен тілін сактап, дамытады;

ә) этникалық шығу тегіне қарамастан, тұлғалардың тең мәртебелік принципін жүзеге асырады;

2) азшылық құқықтарын бұзушылыққа қарсы әрекет етуші күзыретті органдармен бірлесе қызмет істейді;

3) азшылықтың құқықтық және әлеуметтік жағдайының талдануы мен бағалануын жүргізеді;

4) азшылық пен олардың мәдениеті туралы ақпаратты таратумен қатар, азшылық жағдайының зерттелуіне бастама жасайды, оның ішінде кемсітудің көрініс берулерін, соларға қарсы әрекеттердің стратегиясы мен әдістерін ойластырады;

5) тілдің сақталуы мен дамуына бағытталған шараларды жүзеге асырады.

Азшылық мәселелерімен айналысадын мемлекеттік әкімшілік органдарының қызметінің дуан басылық территориясындағы үйлесімділігін дуан басылар жүзеге асырады.

Министрлер Кенесінің консультативті-кеңесші органды ретінде Үкімет пен ұлттық және этникалық азшылықтардың бірлескен комиссиясы құрылады.

Бірлескен комиссияның міндеттеріне келесілер кіреді:

– азшылықтың құқықтары мен қажеттіліктерін жүзеге асыру мәселелеріне байланысты қорытындылар шығару, оның ішінде, осы құқықтардың жүзеге асуын бағалау, азшылықтың құқықтары мен қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыру аясындағы ұсыныстарды алға тарту;

– азшылықтың мәдени бірегейлігін сақтау мен дамытуға және жергілікті тілдің дамуына қолайлы жағдай туғызатын бағдарламаларды бағалау;

– азшылық істеріне қатысты құқықтық актілер жобаларын бағалау;

– азшылықтың мәдени бірегейлігін қорғауға, сақтау мен дамытуға және жергілікті тілді сақтау мен дамытуға бағытталған әрекеттерді қолдауға мемлекеттік бюджеттің құрылымындағы қаражатты бөлу көлемі мен принциптерін бағалау;

– азшылыққа жататын тұлғаларды кемсітүге қарсы әрекет ету мақсатындағы шараларды жүзеге асыру.

Жоғарыда аталып өткен міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Бірлескен комиссия:

– мемлекеттік басқару және территориялық өзін-өзі басқару органдарымен қатар, мұдделі қоғамдық үйымдармен ынтымақтасып, бірлесе қызмет атқарады;

– ғылыми мекемелер мен үйымдарға, сонымен қатар, қоғамдық үйымдарға ақпарат, қорытынды алып, пікірлер мен көзқарастарды, бағыттарды анықтап, сараптама жүргізу үшін жүргіне алады;

– өздерінің қызметіне қатысу үшін территориялық өзін-өзі басқару бірліктерінің, қоғамдық үйымдар мен ғылыми орталардың өкілдерін шақыра алады.

Бірлескен комиссия құрамына:

1) мемлекеттік басқару органдарының өкілдері: 10 министр, Басты статистика комитетінің, азап шегушілік пен соғысты еске сақтау Кенесінің төрағасы, Министрлер Кенесі Төрағасының Кенесінің басшысы;

2) заңда көрсетілген құрамда азшылықтар өкілдері;

3) жергілікті тілді қолдануши орталықтың екі өкілі;

4) ұлттық және этникалық азшылықтың дін істері жөніндегі министріне қызмет көрсетуши мекеменің қызметкері болып табылатын Бірлескен комиссияның хатшысы кіреді.

Министрлер Кенесінің төрағасы ұлттық және этникалық азшылықтардың дін істері жөніндегі министрлік органдарының жергіліктерінің ұсынысы бойынша, Бірлескен комиссияның мүшелерін тағайындауды және кепі шақырады.

Ұлттық және этникалық азшылықтардың дін істері жөніндегі министрлік органдарының жергіліктерінің ұсыныспен хабарласу ниеті туралы мемлекеттік басқару органдарын, жергілікті тілді қолданатын азшылық үйымдары мен орталықтарын ескертіп, хабардар етеді.

Бірлескен комиссия мүшелерімен сайланған ұлттық және этникалық азшылықтардың дін істері жөніндегі министрлік органдарының жергілікті тілді қолдануши азшылық пен ортақтықтың өкілдері Бірлескен Комиссияның төрағалары болып

табылады. Бірлескен комиссияның отырыстары 6 айда бір реттен сирек емес өткізіледі. Бірлескен комиссия мүшелеріне Бірлескен комиссия мүшелігі үшін сыйақы тағайындалмайды.

Бірлескен комиссияның жұмыстарына ұйымдастыруышылық-техникалық қызмет көрсетілуін ұлттық және этникалық азшылықтардың дін істері жөніндегі министріне қызмет көрсетуши мемлекеттік орган қамтамасыз етеді.

Бірлескен комиссияның қызмет етуімен байланысты шығындар ұлттық және этникалық азшылықтардың дін істері жөніндегі министрі басқарып, иелік ететін мемлекеттік бюджет қаржысының есебінен өтеледі.

Мемлекеттік әкімшілік органдары, терриориялық өзін-өзі басқару органдары, сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдар өздерінің қатысуымен азшылықтарға қатысты, немесе жергілікті тілдің сақталуы мен дамуына байланысты болатын, тұтастай немесе жартылай мемлекеттік қаражаттан қаржыландырылған, дуан басылық территорияда жүзеге асқан бағдарламалар туралы құжаттарды корытынды беру мақсатында дуан басына бағыттауға міндетті.

Сонымен, ұлттық азшылыққа жататын адамдар Польша Республикасының азаматтары болғандықтан, олардың барлық азаматтық құқықтары бір-бірінен ажырамас тұтастықта болады. Себебі, келешекте отандастары-

ның бір бөлігі поляк тәңізіндегі кішкене арал болғандықтан, олардың ұлттық және мәдени өзіндік сана-сезімін қолдау үшін, ерекше құқықтық реттелу мен мемлекеттен арнайы қаржылық көмек қажет. Бұл азшылыққа жасалған артықшылықтар емес, бұл тек мүмкіндіктерді тәсестіру, азшылық басқа халық пен басқа мәдениеттің тәңізіндегі кішкене фана арал болғандығынан келіп шығатын қолайсыздықтарды женілдету фана.

Корыта келгенде, Польша Республикасындағы ұлттық және этникалық азшылықтардың құқықтық мәртебесі Польша Республикасының Конституциясында (35-бап), «Ұлттық және этникалық азшылықтар туралы және жергілікті тіл туралы» және «Білім беру жүйесі туралы» Заңдарында көрініс тауып, бұл саладағы реттелетін мәселелерді басқарушы мемлекеттік орган – Ұлттық және этникалық азшылықтардың діні істері жөніндегі министрлігі болып табылады. Министрлер Кеңесінің консультативті-кеңесші органдары ретінде Үкімет пен ұлттық және этникалық азшылықтардың бірлескен комиссиясы Польша Республикасындағы ұлттық және этникалық азшылықтардың құқықтық мәртебесін сактауды жүзеге асырады. Сонымен, Польша Республикасында мемлекеттік іс-әрекеті мен оның ұлттық азшылықпен қарым-қатынасын реттейтін, сәйкесінше құқықтық не-гіздері бар – деп айтуга болады.

Әдебиеттер

1 Konstytucja Rzeczypospolitej Polskiej z dnia 2 kwietnia 1997 r. uchwalona przez Zgromadzenie Narodowe w dniu 2 kwietnia 1997 r., przyjęta przez Naród w referendum konstytucyjnym w dniu 25 maja 1997 r., podpisana przez Prezydenta Rzeczypospolitej Polskiej w dniu 16 lipca 1997 r. // Dziennik Ustaw. – 1997. – №78. – Poz. 483.

2 Богуслав В. Конституция Польской Республики: Комментарий. – 2012. – 158 с.

3 Ustawa z dnia 6 stycznia 2005 r. o mniejszościach narodowych i etnicznych oraz o języku regionalnym // Dziennik Ustaw. – 2005. – №17. – Poz. 141.

4 Dziennik Ustaw. – 2004. – №256. – Poz. 2572.

5 European Charter for Regional or Minority Languages (Strasbourg, 5.XI.1992) // <http://www.coe.int/ru/web/conventions>

References

1 Konstytucja Rzeczypospolitej Polskiej z dnia 2 kwietnia 1997 r. uchwalona przez Zgromadzenie Narodowe w dniu 2 kwietnia 1997 r., przyjęta przez Naród w referendum konstytucyjnym w dniu 25 maja 1997 r., podpisana przez Prezydenta Rzeczypospolitej Polskiej w dniu 16 lipca 1997 r. // Dziennik Ustaw. – 1997. – №78. – Poz. 483.

2 Богуслав В. Конституция Польской Республики: Комментарий. – 2012. – 158 с.

3 Ustawa z dnia 6 stycznia 2005 r. o mniejszościach narodowych i etnicznych oraz o języku regionalnym // Dziennik Ustaw. – 2005. – №17. – Poz. 141.

4 Dziennik Ustaw. – 2004. – №256. – Poz. 2572.

5 European Charter for Regional or Minority Languages (Strasbourg, 5.XI.1992) // <http://www.coe.int/ru/web/conventions>

Түменбаев С.А., Серім Ф.Ә.

Халықаралық азаматтық процесті сала ретінде қалыптастыратын белгілерін анықтаудың кейбір мәселелері

Бұл мақалада авторлар отандық халықаралық азаматтық процестің сала ретінде қалыптастыратын белгілерін анықтаудың мәселелеріне талдау жасаған. Зан әдебиеттерінде құқық саласының басты және жалғыз сала қалыптастыруши белгісі болып айрықша және тек осы сала үшін ерекше болып табылатын оның құқықтық реттеудің пәні табылады. Халықаралық азаматтық процесті зерттеу барысында оның құқықтық реттеу пәнін анықтау проблемалық сипатта ие, өйткені бұл салада құқықтық қатынастар шетел элементтерімен құрделендірілген. Авторлар қазіргі кезде орын алған халықаралық азаматтық процестің пәнін анықтауға қатысты ой-пікірлерге талдау жүргізеді.

Түйін сөздер: халықаралық азаматтық процесс, құқық саласы, пән, құқықтық қатынастар.

Tumenbaev S.A., Serim G.O.

Someissues of defining the branch forming characteristics of international civil process

In this article, authors analyze the issues of determining the branch forming signs of the domestic international civil process. In legal literature, the main and the only branch forming sign of lawsphere is the subject of legal regulation which is special, specific to only this legal relationship area. While studying an international civil process, the definition of its legal regulation subject has a problematic character, as in this branch of law a legal relationship is complicated with foreign elements. The authors analyze the existing views concerning the definition of the subject of international civil process.

Key words: international civil process, branch of law, subject, legal relationship.

Түменбаев С.А., Серім Г.О.

Некоторые проблемы определения отраслеобразующих признаков международного гражданского процесса

В данной статье авторы анализируют проблемы определения отраслеобразующих признаков отечественного международного гражданского процесса. В юридической литературе главным и единственным отраслеобразующим признаком отрасли права является предмет правового регулирования, который представляет собой особые, специфические только для данной отрасли правоотношения. При исследовании международного гражданского процесса определение его предмета правового регулирования имеет проблемный характер, так как в данной отрасли права правоотношения осложнены иностранными элементами. Авторы проводят анализ имеющихся мнений относительно определения предмета международного гражданского процесса.

Ключевые слова: международный гражданский процесс, отрасль права, предмет, правоотношения.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Нархоз университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: sabyrsoran@mail.ru

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
АЗАМАТТЫҚ
ПРОЦЕСТИ САЛА
РЕТИНДЕ
ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН
БЕЛГІЛЕРІН
АНЫҚТАУДЫҢ КЕЙБІР
МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Заң әдебиеттерінде құқық саласының бөлінуі қоғамның даму шарттары мен объективті қажеттіліктерінен туынтайтының деген болжамға негізделген тұжырым бар. Ал, заң шығарушы өз ке-зегінде бұл қажеттіліктерді қабылдайды және рәсімдейді [1, 396 б.]. Осылайша, әрбір құқық саласы «ойдан шығарылмайды», ол әлеуметтік және тәжірибелік қажеттіліктерден туынтайтының мүндай жағдайда тәжірибелік қажеттілікпен бірге құқық саласының пайда болуының объективті ғылыми куәсі болып табылатын сала құраушы белгілердің де маңызы зор.

Құқық саласын оңашалауға қажетті сала құраушы өлшемдер жалпы құқық теориясымен қалыптасқан – бұл құқық саласының пәні мен әдістері және де профессор А.Б. Венгеров көрсеткендегі, олардың біртұтастырылған құқықтың барлық саласын сипаттамайды (әсіресе, кешенді құқық салаларында олардың пәннің болуы ғана жеткілікті). Мұндай тұжырымды академик В.С. Нерсесянц да қолдайды, алайда, құқық саласындағы кешенді құқық нормаларының тиісінше міндетті түрде әрекет етуіне көніл бөледі [2, 329 б.]. Басты жүйе құраушы өлшем ретінде құқықтық реттеу туралы тұжырым жалпы құқық теориясында сынға ұшырап қана қойған жоқ, сондай-ақ салалық заң ғылымының өкілдерімен де сынға ұшырады, тікелей осы мәселе арналған В.Д. Сорокин монографиясында әрбір саланың арнағы, ерекше тәсілінің болуы жоққа шығарылды және құқықтық реттеу тәсілі салааралық сипатта ие екендігі көрсетілді [3, 118 б.]. Мұндай қөзқарасты Д.И. Фельдман да ұстанған болатын [4, 104, 106 бб.]. В.В. Лазарев құқықтық реттеудің тек қана екі тәсілін бөліп көрсеткен болатын: авторитарлы және автономиялы тәсіл [5, 136 б.]. Н.И.Матузов пен А.В. Малько тәсілдер туралы айта отырып, оларды тек қана өзіндік мағынасы жоқ, салаға басымдық беретін қатаң және нақты құқық ретінде таныды, өйткені осы пән саланың бөлінуіне үстемдік етеді және ол бөлініп шыққанда заң шығарушының еркіне тәуелді тиісінше реттеу тәсілі пайдаланылады [6, 356 б.].

Осылайша, бірінші сатыдағы сала жасаушы белгі ретінде (жалпы құқық теориясы ретінде танылған) осы құқық қатынасы саласына тән арнағы, ерекше құқықтық реттеу пәні танылады.

Халықаралық азаматтық процесті зерттеу барысында ерекше заң нормаларымен реттелетін осындай ерекше құ-

қық қатынастарын келесідей үлгідегі нақты мысалмен көлтіруге болады: мысалы, шетелдік элементтің қатысуындағы неке-отбасы процессыалды құқықтық қатынастарын реттеуде, әдеттегі, «күрделі емес» қатынастардағы құқық қатынастарында қолданылмайтын, арнайы кодекс пен өзге де заң актілерінің арнайы бөлімдері қолданылады. Бұдан өзге, оған қосымша Қазақстан Республикасының арнайы нормативтік актілері де қолданылады және осы саладағы мәселелер бойынша арнайы халықаралық шарттар қолданылуы керек. Осылайша, шетелдік элементпен күрделенген жеке-құқықтық процессыалды құқық қатынастары нақты шетелдік элементпен күрделенген неке-отбасы процессыалды қатынастарын реттеу процедурасы үшін арнайы пайда болған ерекше нормалармен (жетерліктей дербес болып болатын) реттеледі, ұлттық азаматтық процестің жалпы ережелері бұл жағдайда тиімді түрде әрекет етпейді, олар шетелдік элементтің қатысуымен арнайы ерекшелікке ие жалпы құқық көлемін қамтамасыз ете алмайды.

Ерекше нормалармен реттелетін ұқсас құқықтық қатынастар мен институттар құқықтың жеке-құқықтық саласында әрекет етеді. Оларды салалық тиесілілікке тәуелсіз сол бір сипаттың тұрақты сақталуы біріктіреді. Отбасы, азаматтық-процессыалды және құқықтың өзге де институттарының жиынтығы кешенді құрылымның пайда болуына негіз болады және оны «халықаралық азаматтық процессыалды құқықтың» кешенді саласы ретінде атау ұсынылады.

Жалпы норманың тиімді әрекет етуінің мүмкін еместігі мен арнайы реттеудің пайда болуы бұл қатынастарды реттеудің ерекше пәнін құрайтындығын куәландырады, басқаша айтқанда ерекше пәннің пайда болуы жөніндегі ерекше қатынастарды реттейтін нормалар жүйесін құрайды.

Бұл жағдайда Г.К.Дмитриеваның «нормалар өзінін реттеу пәніне ие» деген көзқарасына сілтеме жасау орынды. Өз кезегінде нормативті реттеу пәні сала пәнін анықтайды» [7, 33, 36 бб.]. Біз қарастырып отырган мәселеде бір ерекше реттеудің пәні болып табылатын жүйелі түрде өзара байланысқан нормалардың ерекше үлесі бар, бұл нормалар халықаралық азаматтық процессыалды құқық саласы пәндерінің әрекет етуін болжамдайды. Алайда, қазіргі отандық зерттеушілер халықаралық азаматтық процессыалды құқық пәннің неден тұратындығы жөніндегі мәселеде үнсіздік танытады. Бұл сұраққа жауап беру үшін халықаралық азаматтық процесті құрайтын

қатынастар қандай-да бір әрекет етуші сала пәніне толығымен кірмейді, бұл салаларды пәндік ажыратуды жүргізу қажет, яғни барлық құқық қатынастарында шетелдік элементтің болуына қарамастан, бір жағынан, бұл қатынастар халықаралық жеке құқықтың пәнін құрамайды, ал екінші жағынан – осы трансұлттық құқықтық қатынастардың азаматтық-процессыалды сипатына қарамастан, олар азаматтық-процессыалды құқық пәніне толығымен бірігіп кетпейтіндігіне назар аудару керек.

Халықаралық жеке құқықтың пәні материялды қатынастар болып табылады, яғни халықаралық өмір жағдайларында туындастырын азаматтық-құқықтық қатынастар немесе шетелдік элементпен күрделенген жеке құқықтық қатынастар [8, 10 б.]. Яғни халықаралық жеке құқық саласының пәні мәселесі қазіргі танда ерекше маңызды тартысты сипатта емес.

Алайда, кейір авторлар халықаралық жеке құқық пәніне халықаралық азаматтық процесс (кейбіреулері процессыалды сипатта болады, мысалы: соттылық мәселесін анықтау және халықаралық коммерциялық арбитраж, өзгелері – халықаралық жеке құқық және азаматтық процессыалды құқық саласының тоғысқан жерінде пайда болады, мысалы: шетел құқығы мазмұнын қолдану мен белгілеу тәртібі, жария тәртіп туралы ескертпе) мәселесін қосады, алайда бұл бұрынғы кезеңдегі саяси-құқықтық мәселенің көрінісі немесе мұрасы болып табылады.

Халықаралық азаматтық процесс пәнін бұдан ары қарай жеке-құқықтық салалардан мәжелеп бөлу мақсатында негізгі пәні азаматтық сот өндірісі болып табылатын азаматтық процессыалды құқықты зерттеуге тоқталайық. Алайда, азаматтық процессыалды құқық пәні туралы мәселе бір мағыналы емес. Н.Б.Зейдермен айттылған көзқарастарда азаматтық процессыалды құқық пәні ретінде өкілеттік қызметтегі барлық бағыттар танылады: азаматтық істерді шешу құқығына заңмен өкілеттік берілген арбитраж, нотариат, аралық соттарының қызметтері. Бұл көзқарасты бірқатар ғалымдар (В.Н. Щеглов, И.А. Жеруолис, Н.Е. Арапов және т.б.) ұстанған болатын. Мұндай көзқарас халықаралық азаматтық процесті азаматтық іс жүргізу құқығы құрамына енгізуіді ақтаган болар еді, өйткені азаматтық іс жүргізу құқығы пәнін халықаралық азаматтық іс жүргізу құрамында бұлай кеңінен түсіну салдарынан халықаралық азаматтық іс жүргізу құрамына халықаралық азаматтық процесс, халықаралық арбитражды процесс, халықаралық коммерциялық арбитраж қызмет-

тінің процессуалды мәселелері, шетелдік элементпен күрделенген істер бойынша нотариат органдарының қызметі және т.б. енгізу маңызды. Алайда, азаматтық іс жүргізу құқығы пәніне деген мұндай көзқарас қорғау құқығының барлық түрлерінің бірігуінің келешегі мүлдем жоқ деген көзқарасты ұстанатын көптеген ғалымдар тарапынан ерекше қарсылық туғызыды (А.А.Добровольский, А.А.Мельников, Н.И.Авдеенко, Н.А.Чечина және т.б.). Мұндай көзқарастың жалғасы бар деп айтуда болмайды: авторлар бұл мәселелердің азаматтық процессуалды құқық шегінде бірігу мүмкіндігін жоққа шығарады, алайда мұндай бірігүте заң логикасымен мүлде сәйкес келмейтін халықаралық азаматтық процесті азаматтық іс жүргізу құқығының бөлігі ретінде біріктіруді талап етеді.

Осы мәселеге жауап беру үшін аталған еki құқық қатынасының ерекшеліктерін қарастыруға тұра келеді және азаматтық іс жүргізу құқығын бір сала пәні ретінде біріктіруге қашалықты жол берілетіндігін анықтау маңызды.

Келесілер неғұрлым маңызды болмақ: біріншіден, халықаралық азаматтық процесте шетелдік процессуалды құқықты қолдануға жол беріледі (жағдай ұлттық азаматтық процесс үшін ұлгілік болып табылмайды); бұдан өзге КР халықаралық шартында КР азаматтық іс жүргізу кодексіндегіден өзге сот өндірісі бекітілсе, онда халықаралық шарт қолданылады; екіншіден, халықаралық азаматтық процестегі құқық қорғау органдарының қызметі – жаңа бағытқа ие болуда, өйткені сот органдары шетелдік элемент болған жағдайдаған түндауы мүмкін бірқатар міндеттемелермен қақтығысада. Бұдан өзге олар КР азаматтық іс жүргізу кодексімен еш реттелмеген (оларда шетелдік құқықты түсіндіру тәртібі мен процесін, оның мазмұнын анықтау, жария тәртіп туралы ескертпені қолдану, құзыреттілік жанжалын шешу және т.б. реттейтін нормалар болмайды); үшіншіден, сот алдындағы барлық азаматтардың тенденция мен әділеттілікке кол жетімділік қағидасын жүзеге асыру шегі мен субъективті құрамы бойынша айырмашылық байқалады, әсіресе, отандық және шетел мемлекеттерінің құқықтық жағдайларындағы тенденктің жоқтығы байқалады (кез келген талапкер өз мемлекет сотына талап арыз бере алады, ал мемлекеттік иммунитет сипатында бұл шетелдік мемлекет қатынасында мүмкін емес); төртіншіден, соттың құқық қолдану қызметінде халықаралық азаматтық процеске тән құралдарды қолдануға табанды түрде қарсылығы байқалады, мысалы, өз кезегінде халықаралық коммерциялық даулар

және т.б. шешу кезінде халықаралық арбитрлар ерекше дайындықпен жүзеге асыратын тұтастай шетел құқығын қолдануға қарсылық туралы айтпағанда өзара байланысты процестерде алдын ала талап арызын орындалуын қамтамасыз ету (екі және бірнеше мемлекеттерде).

Осылайша, халықаралық азаматтық процесс ұлттық азаматтық процеске мүлдем енгізілмейтін ерекше артықшылықтарға ие. Біздің міндет халықаралық азаматтық процестің барлық қатынастарын өзінде қамтитын пәнді анықтау, өйткені, өзіндік сала құрау үшін оның барлық қатынас кешенін реттеуі және осы қатынастың басқа салалармен салыстырғанда ерекшеліктерге ие болуы керек [9, 153 б.].

«Процесс» ұғымын түсінудегі айырмашылықтар бойынша даулар XIX ғасырдан бар [10, 196.]. Осы кезден бастап жалпы құқық теориясы процесс мәніне қатысты ондаған тұжырымдар жасалды; жалпы олар еки негізгі бағытқа топтастырылады: алғашқысы, процессуалды құқық – бұл процессуалды сот құқығы, заң процесі, сот өндірісі [11, 28 б.]. Мұндай тұжырым XIX ғасырдың бірінші ширегінде пайда болды [12, 8 б.]. Кейінгісі, процессуалды құқық, процесс – бұл материалды құқық нормаларын жалпы қолдану [13, 19 б.], материалды құқық пен міндеттерді жүзеге асыру тәртібі.

Азаматтық процесті анықтауга қатысты бірінші тұжырым процесті тар мағынада түсінетін (оның сот өндірісіне қатыстылығы) ғалымдарға тән. Сондай-ақ, В.С.Основин айтқандай, процесті тар мағынада түсіну «процесс» түсінігінің философиялық мәні мен объективті ақиқаты фактісіне қайшы келеді [14, 95 б.]. Өйткені, заңдылық – бұл құзыреттілік қана емес, барлық қоғамдық қатынастардың құқыққа қайшы режимі.

Біздің көзқарасымыз бойынша, халықаралық азаматтық процесті заң бұзушылық жағдайындағы қатынастарға ғана тән десек дұрыс болмайды, өйткені шетелдік элементпен күрделенген жеке құқық қатынастарын жүзеге асыру мәселелері әр алуан, сондай-ақ құқық қорғау механизмін бұзылған құқықты қорғау мен сот арқылы қорғаумен байланыстыру да дұрыс болмайды. Азаматтық-құқықтық процедураны ашудың қажеттілігі азаматтық құқық пен еркіндіктің жоқтығынан түндауы мүмкін.

Процессуалды құқықты сот өндірісі ретінде түсінуге П.Е. Казанский қарсы болды, халықаралық жеке құқықты анықтау мәселе сі туралы айта келе, ол былай деді: «... көптең анықтамалардағы кемшіліктер олардың халықаралық жеке құқықты сот көзқарасы ре-

тінде қарайтындығында. Бұрынғы заманда бұл көзқарасқа ішкі азаматтық құқық көзқарасы ретінде қарайтын. Эрине, ол тұрақсыз» [15, 505 б.]. Мұндай түсінік – сот өндірісі көзқарасында шарасыз сипатта, алайда, бірінші, яғни дамудың міндетті болып табылатын ең алғашқы сатысы ғана саланың маңыздылығы мен қажеттілігін неғұрлым барабар сипаттайтын көзқараспен алмасады.

Бұдан өзге, «сот өндірісі» категориясы заң процесінен туындаушы болып табылады (бұл түсініктер көбінде синонимдер ретінде қарастырылатындығына қарамастан), яғни процесс сот өндірісін өзінің негізгі құрамы ретінде қарастырады.

Сот өндірісі ережесі сот алдына қойылған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін жасалған. Өзге субъектілердің (басқа шетелдік органдар) қызметінде әртүрлі мәселелерді шешу үшін көзделген көптеген процедуралар (халықаралық белгілерді тіркеу тәртібі, патентті сенім білдіру қызметі, шетелден алимент өндіру, шетел құжаттарын заңдастыру және т.б.) бар. Неге осы нормаларды процесуалды құқықпен бірге қоймасқа? Өйткені, олар нормативті реттеуіші болып табылады, құқық қолдану қызметі тәртібін анықтайды, материалды нормада жазылған нәтижеге жетуге жәрдемдеседі. Яғни, Ю.И. Мельниковтың [16, 24 б.] көзқарасы бойынша процесуалды құқық барлық субъектілермен (тек қана сот өндірісі қатынастардың емес) нормаларды реттеу процесінде туындастырылған қоғамдық қатынастарды реттейді. П.Б. Евграфовтың көзқарасы бойынша, қазіргі таңда процессуалды құқық пәнін құқық қорғау органы қызметтімен шектеуге болмайды, бұл оның ақиқаттығы талаптарына сәйкес келмейді [17, 203 б.].

ТМД азаматтық сот өндірісі модельді кодексинің жобасын жасаумен байланысты ерекше алға басу байқалды, онда заңды және әділ сот төрелігіндегі процесуалды құқықтар мен міндеттемелерді толығымен кедергісіз жүзеге асыру бойынша сот қызметі тәртібі мен процесуалды қатынастардың өзге де субъектілері қызметтерінің тәртібін анықтау ретінде азаматтық-процессуалды заңнама міндеттері мен мақсаттары бекітілді.

Процесс, процессуалды құқықты материалды құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру мен материалды құқықты қолдану тәртібі ретінде түсінітін болсақ, онда халықаралық азаматтық процесс тек қана сот процесі қатынастарымен шектеліп қалмайды. Мұндай көзқарас шетелдік элементпен күрделенген жеке құқықтық

қатынастарды жаһандық тануды қамтамасыз етеді, бұл ғылыми-тәжірибелік жоспарда жеке процедураларды салыстыру мен жетілдіру мүмкіндігімен байланысты көптеген алғышарттардың пайда болуына алып келеді және күрделі әлеуметтік жүйе негізінде әділсұттылықты тұжырымның алғышарттарын қайта пайымдауға жәрдемдеседі.

Халықаралық азаматтық процесуалды құқық пәнін не құрайтындығы жөніндегі сұраққа жауап беруге батыс зерттеушілері де талпынды, олар халықаралық азаматтық процесуалды құқық пәнін шетелдік элементтің қатысуындағы процесуалды құқықтық қатынастарға таралатын ұлттық құқықтың барлық нормалар жиынтығы құрайды деген түсінікті ұстанды [18, 376 б.].

Алайда, біз мұндай пәндік анықтаманы ұлттық халықаралық азаматтық процесуалды құқық үшін қабылдай алмаймыз, өйткені біздің ұлттық құқық пәні ретінде нормаларды емес, тиісінше құқық қатынастарын қарастырады, сондықтан да халықаралық азаматтық процессуалды құқық пәнін анықтау үшін шетелдік элементпен күрделенген тиісінше азаматтық процессуалды құқық қатынасын зерттеу мен айқындау алу қажет.

Сала пәнінің қалыптасу процесін зерттей келе, оның құқық теориясымен қалай анықталатындығына назар аудару керек. Жалпы процесуалды нормаларды реттеу пәні ретінде материалды құқық нормаларын жүзеге асыру бойынша процедуралық қызмет аясында қалыптастарын ұйымдастырушылық-процедуралық қатынастар танылады [19, 11 б.]. Осылайша, біздің көзқарасымыз бойынша халықаралық азаматтық процесс пәнін құрайтын барлық қатынастар жиынтығын келесідей құқықтық қатынастардың тобы құрайды:

– шетелдік элементпен байланысты процесуалды сottық емес қатынастар (авторлық, патенттік, отбасы құқықтарын, нотариалды процедураларды және т.б. жүзеге асыру бойынша);

– шетелдік элементпен байланысты сottық процесуалды қатынастар (заматтық процесс пен арбитражды процесс шегінде);

– заматтық құқықты қорғау бойынша халықаралық органдарға жүгіну мен іс журнізумен байланысты халықаралық сот процедуралары;

– шетелдік сот және арбитражды шешімдерді тану мен орындауға қатысты шетелдік элементпен байланысты процесуалды қатынастар;

– тек қана шетелдік элемент бар болған жағдайда туындаған бірқатар процессуалды мә-

селелерді шешу бойынша қатынастар (мысалы, күзыреттілік жанжалын шешу, материалды немесе процесуалды ретінде институт табиғатын анықтау (әртүрлі мемлекеттерде оларды әртүрлі жүйелеу), шетел құқығын қолдану, құжаттарды заңдастыру және т.б. мәселелерін шешу);

– болашақта шетелдік элементпен байланысқан арбитражды (аралық) процесуалды қатынастар.

Нәтижесінде, біз шетелдік элементпен байланысты сottық емес және сottық, азаматтық, арбитражды, аткаруыш және өзге де процесуалды қатынастарға ие боламыз. Бұл қатынастардың барлығын келесідей белгілер біріктіретін болады:

- олардың процесуалды сипаты;
- шетелдік элементпен байланыс;
- жеке сипаттағы құқықтарды қорғау немесе жүзеге асыру.

Пән келесідей бөлінбейтін элементтерді құрайтын көп аспектілі категория болып табылады: субъектілер мен олардың тәртібі, объектілер мен заң фактілерінің болуы міндепті, алайда халықаралық азаматтық процесс пәннің өзгешелігі, егер атапған элементтердің біреуі «құрделенсе»: шетелдік сипаттағы субъект немесе объект не заң фактісі басқа мемлекет шекарасында орын алған жағдайда және эксшекара сипаттағы маңызды зәни әрекет орын алған жағдайда жалпы пәнге ерекшелік алғып келетін халықаралық (трансұлттық, шетелдік) элементке саяды. Яғни, халықаралық азаматтық процесуалды құқық пәні ретінде шетелдік элементпен құрделенген жеке құқықтық қатынастарды қорғау мен жүзеге асыру бойынша сottық және сottық емес трансұлттық процесуалды қатынастар танылады.

Әдебиеттер

- 1 Теория государства и права: курс лекций / под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. – М.: Юрист, 2002.
- 2 Нерсесянц В.С. Проблемы общей теории права и государства. – М.: Норма, 2002.
- 3 Сорокин В.Д. Метод правового регулирования. Теоретические проблемы. – М.: Юридическая литература, 1976.
- 4 Фельдман Д.И. О системе международного права // Советский ежегодник международного права. 1977. – М.: Наука, 1978.
- 5 Общая теория права и государства: учебник для юридических вузов / под ред. акад. В.В. Лазарева. – М.: Юрист, 1995.
- 6 Теория государства и права: курс лекций / под ред. Н.И. Матузова и А.В. Малько. – М.: Юрист, 1997.
- 7 Международное частное право / под ред. проф. Г.К. Дмитриевой. – М.: Проспект, 2003.
- 8 Марышева Н.И. Международное частное право. – М.: Юридическая фирма «Контракт», 2000.
- 9 Колосов Ю.М. Массовая информация и международное право. – М.: Международные отношения, 1974.
- 10 Лукьянова Е.Г. Теория процессуального права. – М.: Норма, 2003.
- 11 Проблемы судебного права / под ред. В.М. Савицкого. – М., 1983.
- 12 Розин Н.Н. Процесс как юридическая наука. – Ж.М.Ю. – 1910.
- 13 Панов И.В., Конин Н.М. Юридический процесс. – Саратов: Светопись, 1998.
- 14 Основин В.С. Процессуальные нормы и отношения в советском праве («в непроцессуальных» отраслях) / науч. ред. И.А. Галаган. – Воронеж: Изд-во Воронежского государственного университета, 1985.
- 15 Казанский П. Учебник международного права, публичного и гражданского. – Одесса, 1902.
- 16 Мельников Ю.И. О системе процессуального права России // Юридические записки Ярославского государственного университета им. П. Г. Демидова. – Ярославль, 2000. – Вып. 4.
- 17 Евграфов П.Б. Развитие советского процессуального права и юридическая наука. //Актуальные проблемы юридической науки: Краткие тезисы докладов и научных сообщений республиканской научной конференции, 16-18 октября 1985 г. – Харьков: изд. Харьковского юрид. инст-та, 1985. – 203 б.
- 18 Geimer Internet. ZivilprozeBrecht 1993.s.9. Nussbaum Deutsches Internet. Privatrecht, Tubingen, 1932 (ND 1974).
- 19 Галаган И.А. Процессуальные нормы и процессуальные отношения в российском праве // Правовая наука и реформа юридического образования (сб. науч. трудов). – Вып. 6. – Воронеж: Изд. Воронежского унив-та, 1988.

References

- 1 Teorija gosudarstva i prava: kurs lekcij / Pod red. N.I. Matuzova, A.B. Mal'ko. – M.: Jurist, 2002.
- 2 Nersesjanc B.C. Problemy obshhej teorii prava i gosudarstva. – M.: Norma, 2002.
- 3 Sorokin V.D. Metod pravovogo regulirovaniya. Teoreticheskie problemy. – M.: Juridicheskaja literatura, 1976.
- 4 Fel'dman D.I. O sisteme mezhdunarodnogo prava // Sovetskiy ezhegodnik mezhdunarodnogo prava. 1977. – M.: Nauka, 1978.

- 5 Obshhaja teorija prava i gosudarstva: uchebnik dlja juridicheskikh vuzov / Pod red. akad. V.V. Lazareva. – M.: Jurist, 1995.
- 6 Teorija gosudarstva i prava: kurs lekcij / pod red. N.I. Matuzova i A.B. Mal'ko. – M.: Jurist, 1997.
- 7 Mezhdunarodnoe chastnoe pravo / pod red. prof. G.K. Dmitrievoj. – M.: Prospekt, 2003.
- 8 Marysheva N.I. Mezdunarodnoe chastnoe pravo. – M.: Juridicheskaja firma «Kontrakt», 2000.
- 9 Kolosov Ju.M. Massovaja informaciya i mezhdunarodnoe pravo. – M.: Mezdunarodnye otnoshenija, 1974.
- 10 Luk'janova E.G. Teorija processual'nogo prava. – M.: Norma, 2003.
- 11 Problemy sudebnogo prava / Pod red. V.M. Savickogo. – M., 1983.
- 12 Rozin H.H. Process kak juridicheskaja nauka. – Zh.M.Ju. – 1910.
- 13 Panov I.V., Konin N.M. Juridicheskij process. – Saratov: Svetopis', 1998.
- 14 Osnovin B.C. Processual'nye normy i otnoshenija v sovetskem prave («v neprocessual'nyh» otrajsljah) / Nauch. red. I.A. Galagan. – Voronezh: Izd-vo Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta, 1985.
- 15 Kazanskij P. Uchebnik mezhdunarodnogo prava, publichnogo i grazhdanskogo. – Odessa, 1902.
- 16 Mel'nikov Ju.I. O sisteme processual'nogo prava Rossii // Juridicheskie zapiski Jaroslavskogo gosudarstvennogo universiteta im. P. G. Demidova. – Jaroslavl', 2000. – Vyp. 4.
- 17 Evgrafov P.B. Razvitie sovetskogo processual'nogo prava i juridicheskaja nauka. //Aktual'nye problemy juridicheskoy nauki: Kratkie tezisy dokladov i nauchnyh soobshhenij respublikanskoj nauchnoj konferencii, 16-18 oktyabrya 1985 g. – Har'kov: izd. Har'kovskogojurid. inst-ta, 1985. – 203 b.
- 18 Geimer Internet. ZivilprozeBrecht 1993.s,9. Nussbaum Deutsches Internet. Privatrecht, Tubingen, 1932 (ND 1974).
- 19 Galagan I.A. Processual'nye normy i processual'nye otnoshenija v rossijskom prave // Pravovaja nauka i reforma juridicheskogo obrazovanija (sb. nauch. trudov). – Vyp. 6. – Voronezh: Izd. Voronezhskogo univ-ta, 1988.

Мурат С.

Международные региональные механизмы защиты права собственности

Заштита права собственности является важнейшим приоритетом любого правопорядка. Право собственности в современной юридической литературе трактуется как институт гражданского общества, фундаментальный институт частного права и признано универсальной ценностью. В статье рассмотрены проблемы развития концепции права собственности, проанализированы международные стандарты правового регулирования права собственности, региональные механизмы защиты права собственности. В современный период актуально развитие международно-правового института защиты права собственности в двуедином ключе как института международного права прав человека и как фактора модернизации национального института права собственности.

Ключевые слова: право, собственность, региональные механизмы, способы защиты права.

Murat S.

International and regional mechanisms for the protection of property rights

Protection of property rights is a key priority of any rule of law. Ownership in modern legal literature is treated as an institution of civil society, the private Institute for fundamental rights and recognized universal value. The article deals with the problem of development of the concept of property rights, analyzed international standards of legal regulation of property rights, regional mechanisms for the protection of property rights. In the modern period of development of the relevant international legal institution of protection of property rights in the twofold way – as an institution of international human rights and as a factor in the modernization of the National Institute of ownership.

Key words: law, property, regional mechanisms, remedies.

Мурат С.

Меншік құқығын қорғаудың халықаралық аумақтық механизмдері

Меншік құқығын қорғау кез келген құқық тәртіптіліктің маңызды приоритеті. Қазіргі заманғы құқықтық әдебиетіндегі меншік құқығы азаматтық қоғам институты ретінде қарастырылады, ол жеке құқықтың түбекейлі институты және әмбебап құндылық болып танылады. Мақалада меншік құқығының тұжырымдамасының даму мәселелері қарастырылды, меншік құқығын құқықтық реттеудің халықаралық стандарттары, меншік құқығын қорғаудың аумақтық механизмдері талданды. Қазіргі уақытта меншік құқығын қорғаудың халықаралық құқықтық институттың дамуын қосбірлікті кілтте қарастыру өзекті болып келеді – адам құқықтарының халықаралық құқықтық институты ретінде және меншік құқығының ұлттық институтын жаңғыруға факторы ретінде.

Түйін сөздер: құқық, меншік құқығы, аумақтық механизмдер, құқықтық қорғау әдістері.

**МЕЖДУНАРОДНЫЕ
РЕГИОНАЛЬНЫЕ
МЕХАНИЗМЫ ЗАЩИТЫ
ПРАВА
СОБСТВЕННОСТИ**

Наряду с универсальными средствами защиты права собственности, эффективными являются международные региональные механизмы защиты права собственности. Данные механизмы в международном праве представлены региональными международными договорами и соответствующими институциональными международными судебными образованиями, деятельность которых направлена на обеспечение и защиту прав человека. Наиболее выразительны, на наш взгляд, положения региональных международных договоров, регламентирующие защиту права собственности, и соответствующая им практика международных судов: статья 1 Протокола №1 к Европейской конвенции о защите прав человека и основных свобод 1950 года и прецедентное право Европейского суда по правам человека; статья 21 Американской конвенции по правам человека 1969 года и прецедентное право Межамериканского суда по правам человека; статья 17 Хартии Евросоюза по правам человека и прецедентная практика Суда Евросоюза; пункт 3 статьи 13 и статья 14 Африканской хартии прав человека и народов 1981 года и решения (доклады о фактах) Африканской комиссии по правам человека и народов; статья 26 Конвенции Содружества Независимых Государств о правах и основных свободах человека 1995 года; статья 31 Арабской хартии прав человека 2004 года.

Наиболее показательной является практика Европейского суда по правам человека, уточнившая и расширявшая понятие собственности, смысл и значение института защиты права собственности. Статья 1 Протокола №1 Европейской конвенции по правам человека 1950 года Защита собственности гарантирует право собственности, основываясь прежде всего на принципе уважения собственности: «каждое физическое или юридическое лицо имеет право на уважение своей собственности». Далее данная статья регламентирует норму о лишении имущества, возможном при строгом соблюдении определенных условий: «никто не может быть лишен своего имущества иначе, как в интересах общества и на условиях, предусмотренных законом и общими принципами международного права». Третья норма статьи заключена в содержании второго абзаца: «предыдущие положения не умаляют права государства обес-

печивать выполнение таких законов, какие ему представляются необходимыми для осуществления контроля за использованием собственности в соответствии с общими интересами или для обеспечения уплаты налогов или других сборов и штрафов» [1, с. 266].

Правовая регламентация субъективного права собственности основывается на международных стандартах, сформировавшихся в процессе применения обязательной для европейских государств статьи 1 Протокола №1 Европейской конвенции по правам человека 1950 года Защита собственности в практике Европейского суда по правам человека. Разработка и утверждение международных стандартов правового регулирования права собственности способствует современный период гармонизации национальных правовых систем, унификации режима права собственности.

Базовые международные стандарты защиты права собственности заложены в содержании фундаментальных принципов Европейской конвенции по правам человека: принципа верховенства права, принципа баланса публичных и частных интересов, принципа судебного контроля. Названные принципы являются общими для национальных и международных правовых систем, они присущи праву как социальному регулятору [12, с. 123]. К комплексу базовых международных стандартов правового регулирования обоснованно относят также следующие: принцип автономности понятия права собственности, принцип законности, принцип правомерной цели вмешательства в право собственности, принцип соразмерности вмешательства в право собственности преследуемой цели [3, с. 14-15].

Принцип верховенства права не допускает правового вакуума – общественные отношения подвергаются правовому регулированию, отвечающему требованиям законности (*provided by the law*), доступности и предвидимости, правовой определенности (*legal certainty*) установленных правил поведения, эффективности гарантированных субъективных прав.

В доктринальных источниках обосновано, что «с точки зрения соответствия целей и результатов правовое регулирование должно удовлетворять требованию баланса публичных и частных интересов. Это требование указывает на пределы вмешательства в частные отношения, которые вытекают из взаимосвязи государства и гражданского общества: 1) государство может ограничивать право собственности в публичных интересах, но при этом

2) публичные интересы не должны подавлять интересы частных лиц, нивелировать их и 3) на частное лицо не должно налагаться чрезмерное бремя в результате ограничения права собственности» [4, с. 94]. Международная судебная инстанция может подвергать оценке деятельность всех органов в конституционной системе разделения власти. При этом судом учитываются формы вмешательства: лишение, меры по контролю, иные), а также такие факторы как социально-экономическая обстановка, имущество положение собственников, применяемые процедуры, сроки, в течение которых действуют ограничения. В зависимости от этого комплекса условий «требование баланса интересов будет подразумевать дифференциацию правового регулирования с учетом конкретных фактических обстоятельств» [4, с. 94]. Большое значение придается вопросам лишения собственности, имеющего место только на законных основаниях [5, с. 527]. Наблюдается тенденция перехода от общих обычно-правовых норм об ответственности государств к договорным нормам и другим специальным механизмам: вопросы компенсации решаются на уровне двухсторонних договоров, приоритет приобретает разрешение споров в международных арбитражных судах, осуществляется страхование против коммерческих рисков [6, с. 778].

Обеспечению принципа верховенства права и должного уровня баланса интересов способствует судебный контроль. Судебный контроль представляет собой функцию, реализуемую национальными судами и судебными инстанциями международного масштаба для защиты субъективного права при рассмотрении конкретных дел. Судебные инстанции в современный период развития мирового сообщества возведены в ранг субъектов контроля, обеспечивающего его законность. Результатом судебного контроля является вынесение общеобязательного акта правосудия, призванного к правовому разрешению спора сторон [7, с. 188].

Механизм действия судебного контроля в международном праве обусловливается наличием у субъекта права на доступ в суд, права на справедливое судебное разбирательство, надлежащие процессуальные гарантии и обязательное для исполнения судебное решение (статьи 7, 28 Всеобщей декларации прав человека 1948 года [8, с. 259, 263] и статья 6 Европейской конвенции по правам человека 1950 года [1, с. 83]). Таким образом, право собственности обеспечивается с позиции комплексного

подхода к правовому регулированию данного института. Анализируя проблему защиты права собственности в контексте Европейской конвенции по правам человека 1950 года, следует подчеркнуть соотношение статьи 1 Протокола №1 и статьи 6 Конвенции как обязательные взаимообусловленные части международных стандартов правового регулирования права собственности. В практике Европейского суда по правам человека формируется и утверждается тенденция, согласно которой при рассмотрении конкретного спора между частным лицом и государством все усилия направлены на защиту частного лица посредством расширения сферы действия статьи 6 Конвенции. Следует отметить, что сферы действия статьи 1 Протокола №1 и статьи 6 Конвенции совпадают за редкими исключениями споров, когда полностью преобладает публичный элемент. Необходимость учета публичного интереса в сужении либо ограничении судебного контроля возникает, когда предметом спора является вопрос об уплате налогов, либо в соответствии с принципами международного права (судебный иммунитет государства, международной организации).

Возникшая в архаические времена концепция права собственности в исторической ретроспективе подвергалась модернизации и трансформировалась в ипостаси различных моделей: элементарной, модели разветвленной собственности, либеральной, социально-ориентированной.

Анализ историко-правового развития института права собственности позволяет сделать вывод о том, что в процессе интеграции государств данный институт выделился из рамок национального права и получил свое закрепление в международно-правовых актах. Исследование разработанных в международном, в частности, европейском праве стандартов права собственности дает основания для заключения о

том, что в международном праве принятая ценностная концепция права собственности, основанная на равенстве субъектов частной собственности, распространении права собственности на объекты, обладающие признаками экономической ценности и наличности, вне зависимости от их материальной или нематериальной природы, широте полномочий собственника, существовании неопределенного круга носителей пассивных обязанностей, а также возложении на государство дополнительно активных обязанностей по обеспечению права собственности. Если европейская модель права собственности основана на ценностном подходе, то модель собственности стран СНГ, в том числе казахстанская, опирается на вещно-правовую концепцию права собственности с ее традиционной триадной концепцией правомочий собственника владеть, пользоваться и распоряжаться принадлежащим ему имуществом.

В современной доктрине права собственности и практике Европейского суда по правам человека обоснованы базовые международные стандарты правового регулирования права собственности: принцип верховенства права, принцип баланса публичных и частных интересов, принципа судебного контроля, принцип автономности понятия права собственности, принцип законности, принцип правомерной цели вмешательства в право собственности, принцип соразмерности вмешательства в право собственности преследуемой цели.

Таким образом, следует резюмировать: в современный период одним из актуальных направлений в доктрине права собственности и международной судебной практике является развитие международно-правового института защиты права собственности в двуедином ключе – как института международного права прав человека и как фактора модернизации национального института права собственности.

Литература

- 1 Комментарий к Конвенции о защите прав человека и основных свобод / под общ. ред. д.ю.н., проф. В.А. Туманова и д.ю.н., проф. Л.М. Энтина. – М.: Издательство НОРМА, 2002. – 336 с.
- 2 Мингазова И.В. Право собственности в международном праве. – М.: Волтерс Клювер, 2007. – 320 с.
- 3 Савельева Е.Г. Защита права собственности как одного из основополагающих прав человека (международно-правовые аспекты): Автореф.дис.(...) канд.юрид.наук. – М., 2013. – 29 с.
- 4 Старженецкий В.В. Соотношение международного (европейского) и российского правового регулирования института собственности: Дис.(...) канд.юрид.наук. – М., 2003. – 171 с.
- 5 Harris D.J., Boele O., Warbick C. Law of the European convention on Human Rights. – London, 1995.
- 6 Lori F. Damrosch, Louis Henkin et al. International Law: Cases and Materials (4th ed.). – St.Paul: West Group, 2001.

7 Тайторина Б.А. Государственный контроль в конституционной системе разделения власти Республики Казахстан: Монография. – Алматы: ТОО «Ақ шағыл», 2011. – 396 с.

8 Всеобщая декларация прав человека. Принята и провозглашена резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года // Сборник международных документов по правам человека: в 11 томах. – Алматы: Фонд «XXI век», 2001. – Т.1. – 608 с.

References

- 1 Kommentarij k Konvencii o zashhite prav cheloveka i osnovnyh svobod / pod obshh. red. d.ju.n., prof V.A. Tumanova i d.ju.n., prof. L.M. Jentina. – M.: Izdatel'stvo NORMA, 2002. – 336 s.
- 2 Mingazova I.V. Pravo sobstvennosti v mezhdunarodnom prave. – M.: Volters Kluver, 2007. – 320 s.
- 3 Savel'eva E.G. Zashhita prava sobstvennosti kak odnogo iz osnovopolagajushhih prav cheloveka (mezhdunarodno-pravo-veye aspekty): Avtoref.dis.(...) kand.jurid.nauk. – M., 2013. – 29 s.
- 4 Starzheneckij V.V. Sootnoshenie mezhdunarodnogo (evropejskogo) i rossijskogo pravovogo regulirovaniya instituta sobstvennosti: Dis.(...) kand.jurid.nauk. – M., 2003. – 171 s.
- 5 Harris D.J., Boele O., Warbick C. Law of the European convention on Human Rights. – London, 1995.
- 6 Lori F. Damrosch, Louis Henkin et al. International Law: Cases and Materials (4th ed.). – St.Paul: West Group, 2001.
- 7 Tajtorina B.A. Gosudarstvennyj kontrol' v konstitucionnoj sisteme razdelenija vlasti Respubliki Kazahstan: Monografija. – Almaty: ТОО «Ақ шағыл», 2011. – 396 s.
- 8 Vseobshhaja deklaracija prav cheloveka. Prinjata i provozglaشena rezoljuciej 217 A (III) General'noj Assamblei OON ot 10 dekabrja 1948 goda // Sbornik mezhdunarodnyh dokumentov po pravam cheloveka: v 11 tomah. – Almaty: Fond «HHI vek», 2001. – Т.1. – 608 s.

Рұстембекова Д.К.

**Польша Республикасындағы
этносаясаттың жүзеге
асырылуын реттейтін
құқықтық негіздер**

Мақалада демократиялық Польша азаматтарының, оның ішінде ұлттық және этникалық азшылықтардың тілдерінің дамуы мен сақталу еркіндігі, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің сақталуы, олардың дін үстану бостандығы, мәдениетінің дамуы, қазіргі кездеңі мемлекеттегі діни конфессиялар және діндар адамдардың өмірі туралы мәселелерді шешудегі мемлекеттің этносаясаты қарастырылады. Бұл жерде бір-бірімен тығыз байланысты, алайда бір-біріне тәуелді емес үш мәселе: поляктар – ұлттық азшылықтар; Польша – оның көршілестері; өз отанындағы поляктар – шет елдердегі поляктар біріктірілген. Осы үш мәселенің рухани қажеттіліктерін қорғауға бағытталған әрекеттердің бірегей көрсеткіштерін қолдану мемлекеттің этносаясатын сипаттайтын. Мақалада Польша Республикасындағы этносаясаттың жүзеге асрылуын реттейтін конституциялық және құқықтық негіздері айқындалды.

Түйін сөздер: ұлттық және этникалық азшылықтар, Конституция, қоғамдық бірлестіктер, діни конфессиялар, нормативтік құқықтық актілер.

Rustembekova D.K.

**The legal basis regulating
implementation of the ethnic
policy in the Republic of Poland**

The article discusses the ethnic policy of the state to address the issues of citizens democratic Poland, including of citizens belonging to national or ethnic minorities the freedom to development and preservation their language, preservation of customs and traditions, freedom of conscience and religion, of culture, religious faiths and the life of believers in the modern state. There are three problems: the Poles – the national minorities; Poland – her neighbors; the Poles in the homeland – the Poles abroad. These three problems are linked, but independent from one another directly. The use of common criteria to the actions directed for protection of spiritual needs these three problems and describes the ethnic policy of state. The article defines the constitutional and legal bases of realization of ethnic policy in the Republic of Poland.

Key words: national and ethnic minorities, Constitution, public associations, religious faiths, normative legal acts.

Рұстембекова Д.К.

**Правовые основы,
регулирующие реализацию
этнополитики
в Республике Польша**

В статье рассматривается этнополитика государства по решению вопросов граждан демократической Польши, в том числе граждан, принадлежащих к национальным и этническим меньшинствам, свободу развития и сохранения их языка, сохранения обычаяев и традиций, свободу совести и вероисповедания, развития культуры, религиозных конфессий и жизни верующих в современном государстве. Здесь сплелись три проблемы: поляки – национальные меньшинства; Польша – ее соседи; поляки на родине – поляки за рубежом. Эти три проблемы тонкими нитями связаны между собой, но не зависят одна от другой непосредственно. Применение единых критериев к действиям, направленным на охрану духовных потребностей этих трех проблем, и характеризует этнополитику государства. В статье определены конституционные и правовые основы реализации этнополитики в Республике Польша.

Ключевые слова: национальные и этнические меньшинства, Конституция, общественные объединения, религиозные конфессии, нормативные правовые акты.

**ПОЛЬША РЕСПУБ-
ЛИКАСЫНДАҒЫ
ЭТНОСАЯСАТТЫҢ
ЖҰЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН
РЕТТЕЙТИН ҚҰҚЫҚТЫҚ
НЕГІЗДЕР**

1989 жылдың күзінен бастап, поляк мемлекеті ұлттық азшылыққа, оның ішінде байырғы немесе бұрыннан отырып қалған тұрғылықты халықтар деп танылған азшылыққа қатысты жаңа саясатты жүргізе бастады. Оларға белорустер, чехтар, литовецтер, немістер, словактар, україндықтар және лемкилер (өздерін бірде ерекше халық деп, бірде україн халқының этникалық тобы деп есептейтін) жатады. Жұздеген жылдар бойы поляк жерінде поляктардың қасында сығандар мен еврейлердің топтары өмір сүріп келеді. Бұл айтарлықтай дәрежеде өздерін поляк деп танитын, алайда, өздерінің ерекше ұлттық және діни түп тамырларын билетін караимдар, армяндар және татарларға да байланысты.

Ескі дәстүршілер (староверлер) – ерекше топ, себебі, олардың ұлттық шығу тектері мен православиенің ескі формасын уағыздаپ, ұстануына қатысты түп тамырлары орыс ұлты болып келеді. Ондаған жылдар бойы Польшада орыс саясиемигранттарының ұрпақтары да өмір сүреді. Жартығасырға жуық уақыт поляктармен саяси босқындар болып табылатын гректер, македондықтар мен олардың ұрпақтары өмір сүріп келеді.

1989 жылдың күзінде Польша мемлекеті метафоралық түрде құрастыруға болатын: мен өзімді кім деп есептесем, сол болып табыламын деген жалпы принципті жариялады. Онда ешкім де менің ұлттық тиістілігімді дәлелдейтін дәйектерді талап етуге құқылы емес делінген [1]. Осылайша, мемлекет Польшаның әр азаматының жеке құқықтарын қорғайды, алайда, топтық құқықтарға скептикалық қатынас танытады. Ұлттық өзіндік сана-сезімге деген құрмет адам мен азаматтың құқықтарының негіздерінен бастау алып, өзінің терең мағынасында адамның қайталанбас түлға екендігі туралы адами түсінікке сай келеді.

Польшадағы ұлттық азшылық мәселесі Польша Республикасының өз тарихи отанынан тыс өмір сүріп жатқан отандастарымен өзара байланыстары және көршілерімен қарым-қатынасқа деген ұзақ мерзімді стратегиялық саясатымен жанама түрде байланысады. Бұл Батыста Германияға, Оңтүстікте Чехия мен Словакияға, Шығыста Украина, Белоруссия және Литваға байланысты. Бұған Балтық жағасылық Калининград облысы арқылы Солтүстігінде шектесетін Ре-

сейді де қосамыз. Бұған Польшаны Балтық төңізі байланыстыратын Дания, Норвегия, Швеция және Финляндияны да қосайық. Латвия мен Эстонияны да ұмытпау керек. Бұл жерде Шығыснда Польша бір кездері шляхтичтік Речь Посполитаяның Шығыстық шептері болған территорияларды алып жатқан мемлекеттермен шектесетін маңызды мәселе. Бірнеше ғасырлар қатарынан Польша Шығысқа қарай ұмтылды (бұдан оның солтүстікегі, батыстағы және оңтүстік-батыстағы мұдделері зардап шеккендерін айта кету керек), поляктар қашанда ол жерлерде саяси үстемдік құрды, бұл өз кезегінде литовтіктерге, беларустарға және україндиктарға қатысты тамырын тереңге жайған патернализмі (камқоршылықты) тудыратын. Көп ғасырлық әр алуан тәжірибе, көптеген ұрпақтардың орасан зор өркениетті енбегі, Поляк халқының «кресаларға», бұрынғы Речь Посполитаяның шығыс шептеріне жалпы және тұрақты құштарлылығы, осының бәрі бүгінгі таңда парасатты түрдеги иелік етіліп басқарылатын ете құрделі мұра.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі саяси жағдаятпен ушықтырылған халықтардың ұлы қоныс аударуы, Орталық және Еуропа ұлттарының арасындағы онсыз да қызын қарым-қатынастарын одан бетер құрделендіріп жіберді. Бұл жерде жайғана мысал ретінде, поляктар үшін аса маңызды Вильно қаласы бүгінгі таңда Литвандың астанасы және Литовтік Вильнюс деп аталағының айта кетейік; поляк аңызына бөлленген Львов, енді українша Львив деп аталағып, Батыс українаның аса маңызды қаласы болып табылады; Гданьск, Щецин және Вроцлав сияқты поляк қалалары немісше Данцик, Штеттин және Бреслау деп аталағып, әлі күнге дейін неміс қиялын дүрліктіріп келеді [2].

Поляктардың ұлттық азшылыққа жататын отандастарына деген қарым-қатынассындағы міндеттері туралы байсалды әңгіме, олардың жақын арадағы көршілерімен және Польшадан тыс өмір сүретін поляктармен қарым-қатынастары жайлары әңгімемен пара-пар. Бұл жерде үш мәселе біркітірілген:

- 1) поляктар – ұлттық азшылықтар;
- 2) Польша – оның көршілестері;
- 3) өз отанындағы поляктар – шет елдердегі поляктар.

Осы үш мәселе бір-бірімен тығыз байланысты, алайда бір-біріне тікелей тәуелді емес. Ұлттық азшылықтар саяси тұтқындар емес. Позитивті симметрияға деген ұмтылыс – ол бір жағдай, ал паритет, яғни тең құқылық, бірдейлік принципі – ол басқа жағдай. Біріншісі, көршілес

мемлекеттерде өмір сүріп жатқан поляк ұлттық азшылығының ұлттық және мәдени тиістілігінің қорғалу мүмкіншілігінің, Польшадағы «байыры, тұп тамыры» ұлттық азшылыққа көрсетілетін мүмкіншілікпен тең дәрежеде қамтамасыз етілуіне бағытталған Польша Республикасының кез келген ресми әрекеттерін білдіреді. Екіншісі ұлттық азшылықтарға деген инструменталды, аса саясаттандырылған қарым-қатынасқа апаратып, тұйыққа тірейді.

Алайда, бұл жерде әңгіме паритет, яғни, тең құқылық ережелері туралы емес, шашырап кеткен поляктардың, әсіресе отырықшы азшылықты құрайтын поляктардың ұлттық тиістілігін қорғауға және поляк мемлекеті аясындағы тарихи азшылықтың рухани қажеттіліктерін қорғауға бағытталған әрекеттердің бірегей көрсеткіштерін қолдану туралы болып отыр.

Ұлттық азшылық екі сипатта қызмет ететін сияқты: көпшілікке қатысты – өмір сүру елінің адаптациясы – оның мүмкіншіліктерінен – басқа мемлекетке біріккен (сығандар мен лемкилер бөлігінен басқа) халық өкілдері ретінде көрініс береді. Бұл екі жақтылық екі жаққа да құндылыққа айналуы мүмкін, алайда, қактығыс ошағына да айналып кетуі мүмкін. Бұл жердегі мәселе екі жақтың да, көпшіліктің де, азшылықтың да, откеннің ауыр жүгімен, есқі де, жаңа да үлгідегі стереотиптерімен жүктелгендейтінде жатыр.

Орталық және Шығыс Еуропаның дүбірліде, қарқынды тарихының бойында қаруланған қақтығыстар аз болған жоқ. Көршілес мемлекеттер арасында да қақтығыстар және қантөгіс орын алды. Айналадағыларымызға басқаша қарым-қатынас жасауды үйрену қажет. Азшылық өздерінің өмір сүру елін сыйлауы тиіс. Ал көпшілік болса, аса құдікtenушіліктен арылып, азшылықтың ауытқымалы талаптарына көндігү көрек: себебі, бір жағынан, азшылық көпшілік пайдаланатын барлық құқықтармен қамтамасыз етілуіді талап етсе, екінші жағынан, өздерінің бөллектіктерін, өзгешеліктерін тоқтаусыз атап айттып отырады. Бұл екі жақтылықты қабылданап, іс жүзінде мойындау қажет.

Ұлттық азшылыққа жататын адамдар Польша Республикасының азаматтары болғандықтан, олардың барлық азаматтық құқықтары бір-бірінен ажырамас тұтастықта болады. Себебі, келешекте отандастарының бір бөлігі поляк төңізіндегі кішкене арал болғандықтан, олардың ұлттық және мәдени өзіндік сана-сезімін қолдау үшін, ерекше құқықтық реттелу мен мемлекеттен арнағы қаржылық көмек қажет. Бұл азшылыққа жасалған артықшылықтар емес, бұл тек

мүмкіндіктерді тәсестіру, азшылық басқа халық пен басқа мәдениеттің тәңізіндегі кішкене ғана арал болғандығынан келіп шығатын қолайсыздықтарды жөнделету ғана.

